

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**


8

АВГУСТ

1965

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАҢЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ШЫҒУЫНА 44 ЖЫЛ

8

А В Г У С Т

1965

БҰЛ НОМЕРДЕ:

*Маркстік-лениндік теорияны
терең үйренейік*

**Аудандық партия комитет-
тері жаңаша жұмыс істеуде**

*Лениндік ұлт саясатының
салтанаты*

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ МЕРЕҢІ

*Идеология майданының маңызды
буындары*

**Американ империализмін ауыздық-
тау — халықтар талабы**

МАЗМҰНЫ

Бас мақала — Коммунистің идеялық дәрежесі	3
Н. Журин — Аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы соны серпін	9
С. Досмағамбетов — Ұйымдастыру және идеология жұмысының бірлігі	15
К. Құнантаева — Техникумдарда көшкі және сырттан оқыту	19
Х. Мәмбетқазиев — Бүкіл жұртшылық ісі	23
А. Зайкин — Американ империализмі — бостандық сүйгіш халықтардың қас дұшпаны	28

ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА

Н. Киікбаев — Лениндік ұлт саясаты және қазақ социалистік ұлтының дамуы	33
Қ. Телжанов — Суретшілердің мәртебелі міндеті	39
С. Қаймолдин — Қаһарлы күндерде патриоттық қозғалысты ұйымдастырғандар	44

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ж. Аралбаев — Идеология жұмысының маңызды саласы	48
Қ. Жарқынбеков — Оқу комбинаты — білім ошағы	52
С. Үкібаев — Коммунист бәріне де жауапты	56
М. Иісбаев — Партия жиналысы — тәрбие мектебі	60
М. Сейсенғалиев — Коммунистердің дербес ісі туралы	62

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Т. Әшімбаев, Б. Бердәлиев — Еңбек өнімділігін арттыру — табыс кілті	65
Н. Халитов — Халық тұрмысын жақсарту негізі	69

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

З. Айтмағамбетов — Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізудің лениндік принциптері	72
--	----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Аудандық газет және партия тұрмысы мәселелері	77
---	----



Коммунистің идеялық дәрежесі

Марксизм-ленинизм — мәңгі жасайтын, ең революциялық және творчестволық ғылым. Бұл ілім — партиямыздың қолындағы идеялық күшті қару, оның күшінің қайнар көзі, совет халқының коммунизм жолындағы күресте жеңіске жетуінің сенімді кепілі.

Марксизм-ленинизм адамзат қоғамын дамытудың бірден-бір теориясы ретінде өз тарихында уақыт сынына әбден төтеп берді. Бұл ілім күні бүгінге дейін заман талаптарының биік дәрежесінде болып отыр.

Маркс пен Ленин ілімінің заман талаптарының дәрежесінде болуының сыры мынада: бұл ілім ең озық, революцияшыл таптың — жұмысшы табының нағыз көкейтесті мүддесі мен мұқтажын білдіреді, барлық еңбекшілер мен қаналған халықтардың өмірі мен күресінің түбегейлі мәселелеріне дұрыс жауап береді. Бұл ілім оларға капиталистік системаны, отаршылдық пен империализмді қалай құртудың, басқыншылық соғыстарды қалай жоюдың, социалистік революцияны қалай жүзеге асырып, қанаушылық пен езушілік болмайтын жаңа қоғамды қалай орнатудың жолын көрсетті және көрсетіп те отыр.

Коммунистік партия жаңа адамды, оның дүниеге көзқарасы мен адамшылық тұлғасын қалыптастыруды қасиетті де күрделі міндеттердің бірі деп санайды. Бұқараның саналылығы неғұрлым жоғары болса, коммунизм орнату жолындағы біздің ісіміз де соғұрлым ойдағыдай алға басады. Сондықтан бұқараны ғылыми, маркстік-лениндік идеологиямен қаруландыру, еңбекке жанаша, коммунизмдегіше қарайтын етіп тәрбиелеу коммунистік құрылыстың маңызды саласы болып табылады.

Партия қазіргі кезеңде әрбір коммунистің, әрбір совет адамының ішкі және сыртқы саясаттың түбірлі мәселелерін неғұрлым терең білуіне, біздің елімізде және бүкіл дүние жүзінде болып жатқан күрделі өзгерістерде өзінің ролін айқын түсінуіне, лениндік ілімді практикалық қоғам үшін пайдалы етіп қолдана алатындай болуына күш салады. Осыған орай партия ұйымдары ең алдымен коммунистердің бойына коммунизм идеяларының салтанатын құрметтеу, Отанға шексіз сүйіспеншілік, буржуазиялық идеологияға төзбеу, пролетарлық интернационализмді құрметтеу, социализмнің жеңістерін қорғай білу сияқты қасиеттерді дарытуға тиіс.

В. И. Ленин әрбір коммунист партияның қажымас солдаты болуға, белсене еңбек етуге, партия ұйымдарының жұмысына өзі әрдайым қатысып отыруға тиіс деп үйретті. Бұл үшін партия мүшесі деген атақты неғұрлым жоғары көтеруге тиіспіз.

Коммунист барлығына да жауапты. Біздің елдегі ұлы істердің қай-қайсысынан болса да коммунист сырт қала алмайды. Ол әрдайым ұлы күрестің алғы шебінде болып, басқаларға үлгі көрсетуге міндетті. Мұның бәрі коммунистердің жоғары саналы, идеялы болуын, олардың маркстік-лениндік теорияны терең меңгеруін талап етеді.

Коммунистерді идеялық шыңдаудың мәнісі — олардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларды идеялық сенімі мол, білімді, мейлінше мәдениетті, эстетикалық талғамы күшті адамдар етіп тәрбие-

леу деген сөз. Олардан Отанға және коммунизмге қалтқысыз қызмет ету міндеті талап етіледі. Мұның мәнісі — жақсы және тынбастан оқу, цехтағы, заводтағы, колхоздағы, совхоздағы жолдастардың барлық тәжірибесін пайдалана отырып, ғылым мен техника жетістіктері жөніндегі жаңа біліммен сусындай отырып, қажырлы еңбек ету; марксизм-ленинизмнің сарқылмайтын қазынасынан қажымай-талмай білім алу, осы заманғы мәдениет байлығын меңгеру деген сөз.

Советтік қоғамның барлық еңбеккерлерінің, ең алдымен коммунизм құрылысы жолындағы алдыңғы қатарлы жауынгер коммунистердің дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру — партия алға қойып отырған аса маңызды міндет. Бұл міндетті тек марксизм-ленинизм негізінде ғана ойдағыдай шешуге болады. «Еңбекшілердің коммунистік саналылығының артуы, — делінген жаңа Программада, — жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның идеялық саяси жағынан бұрынғыдан да берік топтасуына, олардың бірте-бірте коммунистік қоғам еңбеккерлерінің біртұтас коллективіне бірігуіне жәрдемдеседі».

Идеялы адам дегеніміз — нағыз ғылыми негізде адамзаттың қоғамдық өмірінде ең ізгі құрылыс орнатуға талпынатын адам. Егер мұндай адам осы жаңа қоғам құрылысындағы жетістіктерді көзімен көретін болса, онда оған өмір сүру де жеңіл болады. Өйткені ол осы бір ұлы мақсат жолындағы күреске жұмсаған өз ісінің жемісін тікелей жан-тәнімен сезінеді.

Жаңа қоғамның моралі идеялық сенімділікке негізделген. Біздің қоғамның әрбір совет адамына қоятын талабы коммунизм орнатушылардың моральдық кодексінде өте айқын бейнеленген. Ондағы нормаларды бүкіл совет адамының өмірлік бағдары мен жеке басының сеніміне айналдыру — бүгінгі ең абзал міндет. Идеялық сенімділік — совет адамының ең асыл қасиеті, оның творчестволық белсенділігінің қайнар көзі. Сондықтан да ұлы көсеміміз В. И. Ленин, Коммунистік партия әуел бастан-ақ совет адамдарының бойына идеялық сенімділікті дарыта беруді басты міндеттердің бірі деп білді. Өз бойына коммунистік саналылықты мол сіңірген, алдына аса зор ардақты мақсат қойып, сол жолда талмай күресуші адам ғана терең мағналы, мәнді, қызықты өмір сүре алады. Бұл жөнінде біздің бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатын мысалдар совет халқының тарихында толып жатыр.

Марксизм-ленинизм классиктері идеялық сенімділіктің ғажайып үлгісін көрсетіп берді. Ғылыми коммунизмнің негізін салушылар К. Маркс пен Ф. Энгельс, олардың данышпандық болжауларын жүзеге асырушы ұлы Ленин өздері күрескен істің салтанат құратынына көміл сенді. Сол үшін де олар қажымас қайратпен күрес жүргізді.

Совет адамы коммунистік идеялардың салтанат құратынына қалтқысыз сенетін, бұл идеяларды жүзеге асыру үшін күш-жігерін аямайтын жалынды күрескер болуға тиіс. Болашақ қоғамның түпкі мақсатын айқындай келіп, В. И. Ленин «Жастар одақтарының міндеттері» деген сөзінде: «Коммунистік адамгершіліктің негізі — коммунизмді нығайту және аяқтау үшін күресу» деген болатын.

Осы тұрғыдан қарағанда, ел алдындағы парыз сезімі ең бір абзал сезім екені даусыз. Әрбір колхозшы, әрбір жұмысшы, әрбір қызметкер өз борышын күнделікті өмірде неғұрлым терең сезінсе, біздің ортақ ісіміздің — коммунизм құрылысы жолындағы күресіміздің де соғұрлым жемісті, болашағымыз жарқын, тұрмысымыз шат болатыны түсінікті.

Совет адамдарының марксизм-ленинизмді оқып үйренуін, олардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру — коммунистік тәрбиенің осындай түбірлі мәселелерін шешудің кілті. Идея жағынан шыныққан, марксизм-ленинизмді терең меңгерген адам ғана коммунистік қоғам құрылысының ұлы ісіне барлық күш-жігерін жұмсап, халық игілігі үшін қалтқысыз еңбек ете алады.

В. И. Ленин коммунизмді үйрену, дүниеге коммунистік көзқарасты қалыптастыру дегеніміз — тек коммунизм қағидаларын жаттап алу деген сөз емес екенін сан рет атап көрсеткен болатын. Ол коммунизмді адамдардың ең басты идеялық сеніміне айналдыру қажеттігін түбірлі міндет етіп қойды. Өйткені, деді ол, «адам баласы жасап шығарған байлықтың бәрін білумен ой-өрісінді байытқанда ғана коммунист болуға болады».

Дүниеге маркстік-лениндік көзқарас пен империалистік буржуазияның көзқарасы бір-біріне мүлде қарама-қайшы. Бұл екеуінің арасында жер мен көктей айырма бар. Біріншісі — дүниедегі ең әділ, прогресті көзқарас болса, екіншісі — барып тұрған азғын, нағыз реакциялық көзқарас. Буржуазиялық көзқарастың реакциялық мәні мынада: бұл негізінен алғанда мистикалық пен діншілдікті уағыздайды, дүниені ғылыми жолмен тануға үзілді-кесілді қарсы шығады, өзінің идеологиялық насихат жұмысында адамгершілікке жат қылықтарды өршітуді көздейді.

Қазіргі заманғы идеалистік буржуазиялық философия қоғамдық прогрестің мүмкіндігін жоққа шығаруға тырысып, империалистік басқыншылық сорыстарды ақтайды, нәсілшілдік пен ұлтшылдықты барынша дәріптейді. Қысқасы, дүниеге буржуазиялық көзқарас халық бұқарасын аяусыз қанауға, езуге бағытталған.

Коммунистік партия идеология саласында барлық еңбекшілерді, ең алдымен коммунистерді коммунизм идеясы рухында тәрбиелеп шыңдау және буржуазиялық идеологияны батыл әшкерелеу міндеттерін алға қояды. Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру маркстік-лениндік теорияны барлық коммунистердің терең де жүйелі түрде оқып үйренуіне, еңбекшілер арасында жүргізілетін күллі идеялық-саяси жұмыстың дәрежесін коммунистік құрылыстың өскелең талабына сай көтере түсуге тікелей байланысты. Бұл жерде В. И. Лениннің «Жастар одақтарының міндеттері» деген атақты сөзіндегі мына бір пікірлерін келтірген орынды: «Егер, — деп жазды В. И. Ленин, — коммунист аса маңызды, аса қиын, зор жұмыс істемей, өзі сын көзімен қарауға тиісті фактілерді әбден талдамай, қолы жеткен даяр қорытындыларға сүйеніп, коммунизмді білемін деп мақтанбақ бола қалса, ондай коммунист сорлы болар еді. Ондай үстірттік аяусыз жарға жығар еді. Егер мен аз білетіндігімді білсем, онда мен қайткенде де көп білуге өзімді жеткіземін. Ал егер біреу тұрып: мен коммунистпін, маған баянды ешнәрсені білудің қажеті жоқ дейтін болса, ол адамнан коммунистке ұқсарлық ешнәрсе шықпайды».

Қазіргі кезеңде маркстік-лениндік теорияның мән-мазмұны барған сайын айрықша арта түсуде. Бұл теория заманымыздың рухани ұлы күшіне, коммунизмнің жеңімпаз идеялық қаруына, жаңа қоғам дамуының ғылыми негізіне айналып отыр. Осыған орай коммунистерді, оның ішінде партия кадрларын, барлық совет адамдарын маркстік-лениндік теориямен қаруландыру коммунистік құрылыста табысқа жетудің аса маңызды шарты болып саналады.

Алайда маркстік-лениндік теорияны оқып үйренгенде тек оның жекелеген цитаталары мен қағидаларын жаттап алуға болмайды. Оның революциялық мәнін мейлінше терең түсіну, ол үшін марксизм-ленинизм классиктерінің данышпандық еңбектерін аса зор ықыласпен зейін қойып үйрену — ең басты міндет. Әрбір коммунист өзінің тілегі мен әзірлігіне сәйкес саяси оқудың белгілі бір түрін тандап алуға праволы, бірақ ол осыны медеу тұтып, оқысам да, оқымасам да өз еркім деуге хақысы жоқ. Революциялық теорияны оқып үйрену, идеялық жағынан шыңдалу — коммунистің ең бірінші парызы.

Әрбір коммунист Маркстің, Энгельстің, Лениннің шығармаларын, Коммунистік партияның тарихын терең оқып үйренуге, оның Программасын, тарихи съездері мен КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерін білуге борышты. Партия ұйымдары коммунистердің маркс-

тік-лениндік іліммен қарулануына, олардың идеялық-саяси жағынан шыңдала түсуіне әрдайым көңіл бөліп, олардың бұл жөніндегі жауапкершілігін арттырулары қажет.

В. И. Ленин коммунистерді партияның идеялық қаруы ретіндегі теорияны аса жоғары бағалай білуге, революциялық ілімді творчестволықпен үйренуге, өмір мен практикалық қызметтің құбылыстарын теория сәулесімен нұрландыруға, саясатты нағыз ғылыми негізде құруға үйреткен болатын. Партия өз кадрларынан және әрбір коммунистен осыны талап етеді. Коммунизмнің жалынды насихатшысы М. И. Калинин бұл жөнінде: «Астрономға орасан зор телескоп, ал лабораториядағы зерттеушіге микроскоп қандай қажет болса, дүниеге коммунистік көзқарас пролетариат революциясының күрескері үшін дәл сондай керек нәрсе» деп аталық ақыл айтқан-ды.

Біздің партия, совет, шаруашылық қызметкерлеріміздің идеялық дәрежесі мен теориялық әзірлігі қаншалықты жоғары болса, олардың қызметі де соншалықты жемісті әрі мәнді болмақшы. Сонда ғана олар бұқараға білгірлікпен басшылық ете алады. Қазіргі жағдайда маркстік-лениндік теорияны үйренбейтін, бұқара арасында саяси жұмысты белсенді түрде жүргізбейтін адамның шын мәнінде басшы бола алмайтыны белгілі. Әрбір коммунист, әрбір басшы қызметкер бұл қағиданы әсте естен шығармауға тиіс.

Қазіргі кезеңде пролетариаттың көкейтесті мүдделерін ғылыми тұрғыдан білдіруші марксизм-ленинизм бүкіл совет халқының іліміне, оның социализм мен коммунизм орнату жолындағы күресінің туына айналды. Идеялық жағынан берік ұйымдасқан, саяси бірлігі күшті совет халқы тарихта бұрын болмаған, әлеуметтік, ұлттық антагонизмдерден азат адамдардың жаңа қауымы болып отыр. Сондықтан қоғам дамуының объективтік заңдылықтарын коммунистік құрылыстың практикасында әрдайым есепке алып, оны дұрыс қолдана білу — бүгінгі ең басты талаптың бірі.

Біздің партия өз саясатында, өзінің әрбір шешімі мен іс-әрекетінде өмір шындығын нақты талдауды, қазіргі жағдай талаптарын жан-жақты ескеріп отыруды негізге алады. Ғылыми коммунизмнің партиясы ретіндегі біздің партиямызға түбі шикі, лақпа сәуегейлік, нақты мүмкіндіктермен санаспау, ойдан шығарылған негізсіз шешімдер қабылдау сияқты теріс әдістер мүлде жат. Әрбір коммунисті, әрбір еңбекшіні ғылыми коммунизм рухында тәрбиелеу, оларды идеялық шыңдау басты міндетіміз болатыны да осыдан.

Коммунизм мұраттарына кәміл сену совет адамдарын Отан, мемлекет, партия алдында барынша адал, шыншыл болуға, өздерінің қоғамдық борышын айқын түсінуге жетелейді. Ал енді алдап-арбау жолы — тайғақ жол. Бұл жолға түскен адамдар азғындыққа, өзінің арын сатуға, сөйтіп қоғам алдында сұрқиялық жасауға тез бейімделеді. В. И. Ленин бізді ескіліктің осындай зиянды қалдықтарына қарсы батыл күресуге үйретті. Қоғамдық мүдделерге толы, идеялы, шын мағынасындағы нысаналы өмір ғана жер бетіндегі ең қызықты өмір болмақ.

Биылғы жылы партиялық оқу жүйесі, ең алдымен, КПСС мүшелері мен кандидаттарының маркстік-лениндік даярлығы мен идеялық шыңдалуын көздейді. Теориялық оқудың басты мақсаты әрбір коммунистің саяси жағынан өсуіне, олардың коммунистік идеялық сенімділігін, партиялық-жауынгерлік қасиетін онан әрі шыңдай түсуде болып отыр.

Өткен жылдардағы саяси оқудың кейбір қорытындылары марксизм-ленинизмді насихаттауда, бұл ілімді оқып үйренуде үстірттікке, тұрпайылыққа жол берілгенін көрсетеді. Бірқатар жерлерде тындаушылардың еріктілік принципі бұрмаланып келді. Саяси үйірмелер мен мектептердің санын көбейтуге тырысу, ал ондағы сабақтың идеялық дәрежесі-

не, сапасына мән бермеу орын алды. Семинарларға, үйірмелер мен мектептерге тындаушылар өздерінің даярлықтарына қарай тартылмады. Осының салдарынан тындаушылардың көпшілігі жыл сайын оқудың белгілі бір түрінен шыға алмай жүрді. Даярлығы мол коммунистер теорияның негіздерін үйренетін үйірмелерге тартылып, ал, оған керісінше, білімі саяз адамдар жоғары типтегі семинарларға ілігіп кетті. Алдағы уақытта мұндай кемшіліктерге жол берілмеуі керек.

Жаңа қоғам орнату және жаңа адам тәрбиелеу ісінде Коммунистік партияның жетекшілік ролі барған сайын мықтап артуда. Дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының қазіргі даму кезеңі коммунистердің саяси саналылығы мен белсенділігін онан әрі арттыруды, буржуазиялық идеологияның қандай да болсын көріністеріне қарсы табандылықпен күрес жүргізуді талап етеді.

Партия ұйымдары биылғы саяси оқу жылына әзірлене отырып, осындай келелі мәселелерді кеңінен насихаттауды қолға алулары керек. Партиялық оқуда үйірмелер мен семинарлардың сан жағынан көп болуына, ал бірақ оның сапа жағынан ақсап жатуына жол беруге болмайды. Бұл оқудың мәнісі бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетінің, әрбір коммунистің авангардтық ролінің ерекше артып, бұқара арасындағы саяси жұмысқа олардың қызу қатынасуларын қамтамасыз етуде екенін есте ұстау керек.

Әрбір коммунистің партиялық оқуға жауаптылығын арттыру — партия ұйымының төл ісі. Олар үшін семинарлар мен теориялық конференцияларды, консультацияларды, теорияны өздігінен оқып үйренушілерге көмек ретінде лекциялар циклін, творчестволық айтыстарды және басқа да оқу түрлерін ұйымдастырған жөн.

Сонымен бірге басшы кадрлардың идеялық-саяси дәрежесін онан әрі арттыра беруді партия бүгінгі күнгі негізгі жұмыстың бірі деп санайды. Қазіргі жағдайда маркстік-лениндік теорияны үнемі әрі терең меңгермейінше бұқараны коммунистік құрылыстың ұлы ісіне бастау мүмкін емес. Партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол қызметкерлері марксизм-ленинизмді табандылықпен үйренудің және еңбекшілер арасындағы саяси-тәрбие жұмысына белсене қатысудың өнегесін көрсетуге тиіс. Басшы қызметкерлердің барлық буынын түгелдей дерлік партиялық оқумен қамтуға ерекше назар аудару қажет. Бұл үшін, атап айтқанда, республикалық, өлкелік және облыстық ұйымдар мен мекемелер басшыларының партия, совет және шаруашылық құрылысының келелі мәселелерін оқып үйрену жөніндегі тұрақты семинарларын, қалалық партия комитеттері жанындағы коммунистік құрылыс теориясы мен практикасының университеттерін, марксизм-ленинизм кешкі университеттерінің басшы кадрларға арналған бөлімдері мен факультеттерін, партия-шаруашылық активінің мектептері мен басқа да оқу жүйелерін тыңғылықты пайдалануға болады.

Саяси оқудың, марксизм-ленинизм теориясын насихаттаудың идеялық, саяси бағыты, дәрежесі мен мазмұны, пәрменділігі мен өмірге бейімділігі көбінесе насихатшы кадрлардың құрамына, олардың іскерлігі мен теориялық даярлығына байланысты екені мәлім.

Шын мәніндегі насихатшы болу — ақыл-ойдың тамаша зергері, лениндік партияның сара жолы үшін аянбай жұмыс істейтін, жұртты коммунистік идеалдың салтанатына кәміл сендіре алатын адам болу деген сөз. Ол үшін насихатшының білім өресі мейлінше кең, адамдардың жан жүрегін тебіренерлік қасиеті мол болуға, идеялық пен принциптіліктің өнегесін көрсетуге тиіс. Әлбетте, теориялық мәселелерді сылбыр баяндайтын, өзінің ой-пікірін жұртқа жеткізе алмайтын насихатшыдан келер пайда шамалы. Даурықпалық пен даңғойлық — насихатшыға мүлде жат. Ол еңбекшілердің көкейтесті сұрақтарына тура және анық жауап беруден жалтармауға тиіс. Насихатшының өзі беделді, сөзі өтімді болуы

үшін ол айналасындағыларға нәтижелі іс-әрекетімен де, мінсіз мінез-қылығымен де үлгі көрсетіп отыруға тиіс.

Насихатшы жұмысы—үлкен өнер. Бұл—әрі оқыту, әрі тәрбиелеу деген сөз. Өз ісіне шын берілген адам ғана бұл өнерді еркін меңгере алады. Қазір біздің республикамызда 52 мыңнан астам насихатшы марксизм-ленинизм теориясын насихаттаумен шұғылданып жүр. Олардың ішінде 11 мыңға жуық басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлері өнімді еңбек етуде. Партия ұйымдары нағыз ұстамды және шын қабілетті насихатшыларды көп даярлау, олардың тәжірибесі мен мамандығын арттыру, жан-жақты жетілдіру жөніндегі лениндік нұсқауларды әрдайым ескеріп, алдағы уақытта да бұл маңызды мәселеге айрықша назар аударуы қажет.

Насихатшылармен жұмыс істегенде партия комитеттері жанындағы тұрақты семинарларды алдағы уақытта да пайдаланған тиімді, сондай-ақ маркстік-лениндік теорияның өзекті проблемалары, партиялық насихаттың методикасы мен практикасы жөнінде конференциялар өткізу әдісін қолданып, мәселені коллектив болып, дискуссия түрінде талқылаған жөн. Насихатшыларды қайта даярлау үшін жыл сайын өндірістен қол үзбей қысқа мерзімді, 10—15 күндік семинарлар өткізіп тұрған дұрыс. Насихатшылар мен лекторларға партияның ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды мәселелері жөнінде, жергілікті партия ұйымдарының жұмысы туралы хабарлап отыру, олардың алдында басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің жиі-жиі сөз сөйлеуін ұйымдастыру барлық партия комитеттерінің үнемі қамқорлық жасайтын ісі болуға тиіс.

Коммунистер өздерінің идеялық дәрежесін арттырумен бірге бұл жөнінде қалың бұқараға да үлгі көрсетулері керек. Партия ұйымдары бұқаралық-саяси насихаттың түрлі жүйесін кеңінен өрістетуге міндетті. Олардың басты мақсаты — қалың бұқараның саяси саналылығын үнемі жетілдіре беру, әрбір адамның жүрегіне жол таба білу. Бұқаралық-саяси насихатта коммунистер мен басшы қызметкерлер баспасөзді, радио мен телевизияны, лекциялық насихатты, халықтық университеттерді, кинолекторийлерді, коммунистік еңбек мектептерін және басқаларын шебер де ұтымды пайдалануы қажет. Сонымен қатар еңбекшілердің қалың көпшілігіне арналған түрлі тақырыптағы лекциялар мен баяндамаларды, сұрақ-жауап кештерін, конференцияларды жиі-жиі ұйымдастырып отырған жөн.

Партия ұйымдары коммунистерді идеялық жағынан шындау мәселесінде В. И. Лениннің революциялық теориясыз революциялық қозғалыс та болмақшы емес, тек алдыңғы қатарлы теорияны қолданған партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады деген данышпандық қағидасын басшылыққа алулары керек. Маркстік-лениндік теорияның мәні әсіресе қазіргі кезеңде, коммунистік қоғамның ұлы құрылысы жүзеге асып жатқанда бұрынғыдан да бетер арта түсуде.

Жаңа адамды тәрбиелеу, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «абзал коммунистерді тәрбиелеу» дегеніміз — ең алдымен барлық совет адамдарын дүниеге ғылыми көзқараспен қаруландыру, жаңа қоғам орнатуға кесел келтіретін әдеттерді, дәстүрлер мен пиғылдарды түп тамырымен жою, әрбір адамды коммунизм идеялары мен коммунистік моральдың игілікті принциптері рухында тәрбиелеу деген сөз. Маркстік-лениндік теорияны терең де творчестволықпен меңгеру — совет азаматтарын жоғары идеялық сенімділік пен коммунистік саналылыққа тәрбиелеудің негізі, шешуші шарты.

АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ СОНЫ СЕРПІН

Н. ЖУРИН,

Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Селолық жерлерде аудандық партия комитеттерінің құрылғанына жарты жылдан сәл-ақ асты. Былай қарағанда бұл көп уақыт емес. Дегенмен аудандық партия комитеттері өз жұмысын КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь (1964) және март (1965) Пленумдарының талаптарына сай қайта құрып жатыр деп қазірдің өзінде сеніммен айтуға болады. Олар бұқара арасында орасан зор саяси-ұйымдастыру жұмысын өрістетіп, еңбекшілердің күш-жігерін коммунистік құрылыс міндеттерін іске асыруға, ауылшаруашылық өндірісін жан-жақты өркендетіп, мемлекеттік жоспарларды толық және асырып орындауға жұмылдыруда.

Бүгінгі таңда аудандық партия комитеттерінің алдына қойылып отырған күрделі міндеттер партия және мемлекет тұрмысының лениндік нормаларын, коллективтік басшылық принципін қатаң сақтауды талап етеді. Партиялық жұмыстың стилі мен әдісін үздіксіз жетілдіре отырып, коммунистердің, барлық еңбекші бұқараның бағалы бастамасын, белсенділігін, қоғамдық өндірісті өркендетуге ынта-ықыласын мейлінше дамыту қажет. Совет және шаруашылық органдарының қызметіне басшылық әдістерін шебер меңгеріп, партиялық-саяси жұмыстың мазмұн-дәрежесін өмірдің өзі туғызған, партия алға қойған міндеттердің биігіне көтеру керек.

Партия, совет, шаруашылық органдарының қызметін дұрыс межелеп, олардың әрқайсысының атқарар міндетін дәл анықтап алу шаруашылық пен мәдениет құрылысына партиялық басшылықтың аса маңызды, негізгі принципі болып табылады. Партияның XXII съезі қабылдаған КПСС Уставында: «Партия ұйымдары совет, кәсіподақ, кооперация және еңбекшілердің басқа да қоғамдық ұйымдарының орнына жұмыс істемейді, партия мен басқа органдар функцияларының араласуына, жұмыстағы қажетсіз бірін-бірі қайталаушылыққа жол бермейді», — деп атап көрсетілген.

Шаруашылық органдарына партия басшылығы дегеніміз сол органдарға үнемі көмектесіп, нығайтып отыру, шаруашылықтың барлық саласына сол органдардың өздері арқылы басшылық ету деген сөз. Партия комитеттері істің барлық жағымен байыпты шұғылдана отырып, әрбір шаруашылық міндетке саяси тұрғыдан қарайды, партиялық-саяси жұмысты шаруашылық жұмыспен ұштастыра жүргізеді, сөйтіп коммунистерді, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның қалың бұқарасын сол шаруашылық міндетті орындауға жұмылдырады.

Жана жағдайдағы жарты жылдық қызметтің қорытындысы аудандық партия комитеттерінің партиялық-ұйымдық, партиялық-саяси жұмысты, кадрларды тәрбиелеу, шындау, істің орындалуын тексеру, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайту, барлық коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру жұмыстарын жақсартуға бұрынғыдан әлдеқайда көп назар аудара бастағанын көрсетіп отыр.

Мәселен, Мартөк аудандық партия комитеті құрылған күннен бастап бастауыш партия ұйымдарын нығайтуға, іскерлігін күшейтуге, сөйтіп олардың шаруашылық саласындағы жетекшілік ролін көтеруге ерек-

ше көңіл бөлді. Аудандық комитет коммунистерді іс үстінде шындауға, олардың өз жұмысы үшін ғана емес, бүкіл партия ұйымындағы, коллективтегі істің жайына жауапкершілігін арттыруға күшті назар аударып отыр. Жарысқа түскен колхоздардың, совхоздардың, бригадалар мен фермалардың социалистік міндеттемелерін қалай орындап жатқанын өзара тексеріп, бақылау, бір-біріне жолдастық көмек көрсету, ауылшаруашылық өндірісіне ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені енгізу жұмыстары жақсы жолға қойылды.

Ең маңыздысы — аудандық партия комитеті шаруашылықтарға кеңседе отырып, телефонмен басшылық ету, үсті-үстіне жалпылама нұсқаулар беру, қит етсе, бюроға шақырып, оңды-солды шығғыру секілді теріс практикадан арылып, істің жайын жер-жердің өзінде анықтау, сөйтіп шаруашылық мәселелерді қолма-қол шешу әдісіне көшті. Бір мысал келтірейік.

Өткен қыста «Междуреченский» совхозының малы қиын жағдайға ұшырады. Совхоз партия ұйымы коммунистерге қатаң талап қоймады, шаруашылық мамандарының тапсырылған іске жауапкершілік сезіммен қарауын қамтамасыз етпеді. Соның салдарынан мемлекетке мал өнімін тапсыру жөніндегі тоқсандық жоспардың орындалмай қалу қаупі туды.

Аудандық партия комитеті бұл жағдайды байқасымен совхозға аудандық комитеттің екінші секретары И. К. Луценко жолдас бастаған бір топ партия қызметкері мен ауылшаруашылық басқармасының мамандарын жіберді. Олар шаруашылықтары істің жайын жан-жақты зерттеп, кемшіліктердің шын себебін ашып, олқылықтан шығуға қолма-қол көмектесті. Малшылардың социалистік жарысын ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысын жақсарту саласында бастауыш партия ұйымына елеулі қолғабыс тигізді. «Коммунистердің өндірістегі ролі» туралы ашық партия жиналысын ұйымдастырды. Осының бәрі көп ұзамай-ақ тәуір нәтиже бере бастады. Совхозда еңбек тәртібі әжептәуір нығайды, малдың күтімі жақсарды. Мемлекетке мал өнімдерін тапсырудың жарты жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды.

Ғылым мен техника жетістігі барған сайын кеңінен енгізіліп отырған қазіргі жағдайда ауылшаруашылық ғылымының негіздерін, нақты экономиканы жетік білмейінше колхоз, совхоз өндірісін ойдағыдай басқару мүмкін емес. Осыны ескеріп, Мартөк аудандық партия комитеті жер-жердегі жетекші кадрлардың экономикалық білімін көтеруді мықтап қолға алуда. Үстіміздегі жылы совхоздардың бәрінде экономикалық конференциялар өткізілді. Оларға басшы кадрлар мен мамандар, механизаторлар мен малшылар қатысты. Конференцияда қаржыны, материалды үнемдеп жұмсау, ішкі резервтерді тиімді пайдалану, өнімнің өзіндік құнын кеміту мәселелері жан-жақты сөз болды. Экономика мәселелерімен үздіксіз шұғылданып, ол жөніндегі жұмысқа басшылық етіп отыру үшін 25 кісіден экономикалық совет құрылған. Қазақстан КІІ аудандық комитетінің бірінші секретары Шынтасов жолдас басқарған бұл советтің құрамында колхоз, совхоз басшылары мен мамандары, аудандық ауылшаруашылық басқармасының жетекші қызметкерлері бар.

Ауданда ғылым жетістіктері мен озат тәжірибені насихаттау, тарату, өндіріске енгізу мәселесі де назардан тыс қалмаған. Бұл жөніндегі советті аудандық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары В. А. Богомоллов жолдас басқарады. Мұнда шаруашылықтың әр саласындағы озаттардың арнайы кеңесін өткізіп, тәжірибе алмасып тұру дәстүрге айналған. Осы жылғы май айында өткен мал шаруашылығы озаттарының кеңесі мал өнімдерін өндіру және дайындау жөніндегі тоқсандық жоспардың орындалу қорытындысын талқылауға арналды. Коммунистік еңбек екіпінділерінің слетінде жанаңыл озаттардың тәжірибесі ортаға салынды. Сол слетте бір топ еңбек озаттары бағалы сый-

лықтармен, грамоталармен наградталды. Аудан шаруашылықтарында ай сайын «Малшы күні» өткізіліп тұрады.

Соңғы кездері аудандық партия комитетінің бюро мәжілістерінің мазмұны жақсарды, оларда коммунистердің уставтық міндеттерін орындауы, өндірістегі жетекшілік ролі, КПСС мүшесінің моральдық бейнесі туралы мәселелер жиірек қаралатын болды. Мысалы, аудандық партия комитетінің бюросы осы жылғы май айында «Бөрті» колхозының бастауыш партия ұйымында басшы қызметкерлерді тапсырылған жұмысқа жауапкершілік сезіммен қарау рухында тәрбиелеу ісінің жайы туралы» мәселе талқыласа, жуырдағы бір мәжілісінде «Чапаев атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымында коммунистердің өндірістегі жауапкершілігін арттыру туралы» арнайы мәселе қарады. Коммунистердің жеке жауапкершілігін арттыру мәселесі бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында да күн тәртібінен түспейтін болды.

Алға аудандық партия комитетінде де тәуір істер көріне бастады. Аудандық комитет бәрін де өз аппаратының күшімен атқаруға тырысқан бұрынғы теріс практикадан арылып, саяси және ұйымдастыру жұмысында аудандық партия комитетінің мүшелері мен мүшелікке кандидаттарына, тексеру комиссиясының құрамындағы активистерге көбірек сүйенетін болды. Олардың бәріне дерлік нақты тапсырмалар беріліп тұрады. Мысалы, аудандық комитеттің мүшелері Ш. Қайрошев, Г. Федорченко, М. Иманбаев, Е. Мусин (облыстық партия комитетінің мүшесі) жолдастар бюро мәжілісіне «Партияның ХХ съезі атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының бұқара арасындағы саяси-тәрбие жұмысы», «Аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастауыш партия ұйымында коммунистердің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру жұмысының жайы туралы» мәселелер әзірледі. Осы жылғы июньде аудандық партия комитетінің 20 мүшесі комсомол-жастар арасындағы идеялық-тәрбие жұмысының жайын тексеріп, жергілікті партия, комсомол жиналыстарында баяндамалар жасады. Ақырында осы тексерудің қорытындысы ретінде аудан жастары арасындағы тәрбие жұмысы, комсомол ұйымдарына партия басшылығын күшейту туралы мәселе аудандық партия комитетінің 14 июльдегі пленумына арнайы қойылды.

Аудандық комитеттің орта буын кадрларын баулу жөніндегі жұмысы да назар аударарлықтай. Ауданда шаруашылықтың әр тарауы бойынша семинар-кеңес өткізу әдісі жақсы қолданылып жүр. Ленин атындағы, «Красный колос» колхоздарында мал фермаларын механикаландыру, жемшөпті ұқсату жөнінде комплексті бригада бригадирлері мен бөлімше басқарушыларының үш күндік семинары, мал дәрігерлері мен зоотехниктердің, сауыншылардың, бакташылардың жеке-жеке семинар-кеңестері өткізілді. Сондай-ақ пішен жинайтын машиналар мен комбайндарды жедел әзірлеудің тиімді әдісі туралы колхоз, совхоз инженерлерінің, жел эрозиясына қарсы күрес шаралары жөнінде колхоз председателдерінің, совхоз директорларының, жетекші мамандардың, бөлімше басқарушылары мен бригадирлердің семинарлары мазмұнды болып өтті.

Аудандық партия комитеті ауыл шаруашылығы мамандарының жауапкершілігін күшейтумен бірге, олардың творчестволық ізденуіне, белсенді жұмыс істеуіне жағдай туғызып, ұдайы қамқорлық жасап отырады.

Қобда аудандық партия комитеті алғашқы қадамын колхоз, совхоз экономикасын көтеру жөнінде коммунистердің өткен конференцияда айтқан сын-ескертпелерін, ұсыныстарын қорытып, пайдалысын жүзеге асырудан бастады. Мұнда өте-мөте кадрлардың идеялық және экономикалық білімін көтеру жағы мықтап қолға алынған. Өткен оқу жылында ауданда 45 үйірме мен саяси мектеп, 39 теориялық семинар ұйымдастырылды. Бұлардан тыс 4 халық университеті, бір оқу комбинаты, көпшілікке арналған 2 лекторий жұмыс істеді. Оларда екі мыңнан аса адам,

соның ішінде аудандық партия комитетінің номенклатурасындағы қызметкерлер түгелдей оқыды. Кадрлардың тек формальды оқып қоймай, алған саяси және экономикалық білімдерін нақты істе, өзі еңбек ететін өндіріс саласында шебер қолдана білуіне айрықша назар аударылуда.

Коммунистік еңбек екпінділерінің, жаңашыл озаттардың тәжірибесін қорытып, көпшілікке тарату Қобда аудандық партия комитетінің аса мұқият шұғылданатын мәселелерінің бірі болып отыр. Мысалы, «30 лет КазССР» колхозының бақташысы С. М. Горбенко жолдас малды интенсивті бордақылаудың тамаша әдісін қолданды. Ол 1963 жылы туған, әрқайсысының орташа салмағы 259 килограмнан, 102 өгізшені өткен жылы 24 октябрьде бордақылауға қойды. Бордақылау 80 күнге созылды. Сол мерзім ішінде барлық өгізше ет комбинатына ең жоғары семіздікпен, әрқайсысының тірідей салмағы 338 килограмнан болып өткізілді. Бүкіл бордақылау мерзімінде әр өгізшенің тәулік сайын қосқан салмағы 993 грамнан айналып, әрқайсысы 135 сомнан таза пайда берді.

Озат бақташының бұл үздік жетістігі бірден-ақ партия ұйымдарының назарын аударды. Аудандық партия комитеті бюро мәжілісінде С. М. Горбенко жолдастың өз тәжірибесі туралы баяндамасын тыңдады. Мәжіліске көптеген мал өсірушілер мен мамандар шақырылды. Бұдан кейін Горбенко жолдас еңбек ететін шаруашылықта ауданның барлық басшы қызметкерлерінің, мал мамандарының қатысуымен «Етті арзан да мол өндірудің тиімді жолдары» деген тақырыпта экономикалық конференция өткізілді. Осыдан соң аудан шаруашылықтарының бәрі де малды Горбенконың әдісімен бордақылауға көшті. Мұның өзі колхоздар мен совхоздардың мемлекетке мал өнімдерін сатудың жарты жылдық жоспарын асырып орындауына мүмкіндік берді. Етке өткізілген малдың бәрі салмақты әрі қонды болды. Ал «30 лет КазССР» колхозында бордақыланып тапсырылған барлық ірі қараның 94,5 проценті ең жоғары семіздікпен өтті, әрқайсысының орташа салмағы 305 килограмнан айналды.

Аудандық партия комитеттерінің совет, кәсіподақ органдарына басшылығында да көңіл қуантарлық нышандар байқалады. Бұл жөнінде Байғанин аудандық партия комитетінің жұмысы назар аударарлықтай. Аудандық комитет жергілікті Советтердің қызметін бағыттап отырып, олардың экономиканы, мәдениетті өркендету, еңбекшілердің әл-ауқатын, тұрмысын көтеру мәселелерімен тереңірек, байыптырақ шұғылдануын, бұл мақсатта бұқаралық-ұйымдастыру жұмысының алуан түрлері мен әдістерін шебер пайдалануын мұқият қадағалайды. Аудандық партия комитетінің ұсынуымен аудандық Советтің бірінші сессиясы «Еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің жайы және оны жақсарту шаралары туралы» арнайы мәселе қарады. Оны әзірлеуге жергілікті Советтердің депутаттары мен тұрақты комиссия мүшелері белсене қатысты. Олар белгілі бір учаскедегі жағдайды егжей-тегжейлі зерттеп, нақты ұсыныстар енгізді. Егер сессияға дейін тұрмыстық комбинат тек «Ақжар» совхозында ғана болса, сессиядан соң партия, совет органдарының, шаруашылық басшыларының, жұртшылықтың жәрдемімен «Қарауылкелді», «Сағыз», «Оймауыт» совхоздарында тұрмыстық комбинаттар ашылып, қызу жұмыс істей бастады. Шалғай мал жайылымында еңбек ететін малшыларға тұрмыстық қызмет көрсететін жылжымалы мастерской құрылды.

Социалистік демократияның мүлтіксіз сақталуы, Советтер мен олардың депутаттарының сайлаушылар алдында оқтын-оқтын есеп беріп тұруы, еңбекшілердің арыздары мен шағымдарына сергек қарау мәселелері де аудандық партия комитетінің үнемі назарында болады.

Аудандық комитет қоғамдық ұйымдардың ролін көтеруге де күнбе-күн көңіл бөледі. Кәсіподақ ұйымдарын кадрлармен нығайту саласында

едәуір жұмыс істелген. Совхоз жұмысшы комитеттерінің, кәсіподақтардың аудандық комитеттерінің председателдері болып қолынан іс келетін, ұйымдастырғыш қабілеті бар, саяси даярлығы жеткілікті, белсенді кадрлар іріктелген. Сондай-ақ комсомол ұйымдарының жұмысы ерекше қамқорлыққа алынған. Аудандық партия комитетінің бюросы мен бастауыш партия ұйымдары комсомол-жастар арасындағы идеялық-тәрбие жұмысының жайы туралы комсомол жетекшілерінің есебін жиі тыңдап, оларға ағалық ақыл-кеңес беріп, көмектесіп отырады.

Бастауыш партия ұйымдарының жетекшілік ролін көтеру, олардың колхоздағы, совхоздағы, құрылыстағы, кәсіпорындардағы істің жайына жауапкершілігін арттыру аудандық партия комитеттерінің ең маңызды міндеті екені белгілі. Аудандық комитеттер өздерінің бүкіл ұйымдастыру, саяси-идеологиялық жұмысын бастауыш ұйымдарға сүйеніп, солар арқылы жүргізіп отыруға тиіс. Алайда бастауыш партия ұйымдарына басшылық ісінде әлі де кемшіліктер бар екенін жасыруға болмайды.

Осыдан біраз уақыт бұрын облыстық партия комитеті бастауыш ұйымдарға басшылығы жөнінде Қарабұтақ аудандық партия комитетінің есебін тыңдады. Аудандық комитет бастауыш партия ұйымдарының жұмысымен бұрынғыға қарағанда байыптырақ шұғылдана бастаған. Бастауыш ұйым секретарьларының құрамы жақсарған, олардың оқуы жолға қойылған. Қазір аудандағы барлық бастауыш ұйым секретарьларының 75 процентінің жоғары және орта білімдері бар, жеті секретарь — ауыл шаруашылығының мамандары.

Бірақ көптеген бастауыш партия ұйымдарының жұмысында әлі де кемшілік көп. Бірсыпыра шаруашылықтарда коммунистер өндірістің шешуші буындарына дұрыс орналастырылмаған. Қайсыбір бастауыш ұйымдар жұмысты жоспарсыз істейді, партия жиналыстарын уақтылы өткізбейді. Бұл не деген сөз? Бұл аудандық партия комитеті бастауыш ұйымдарға пәрменді басшылықтың кілтін әлі де таба алмай отыр деген сөз.

Осы секілді июль айында облыстық комитеттің бюросы Шалқар аудандық партия комитетінің есебін тыңдады. Рас, бұл аудандық комитет еңбекшілер арасындағы ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысының стилі мен әдістерін жетілдіру бағытында едәуір жұмыс жүргізген. Дегенмен «әттегене-ай» дегізер кемшіліктер де аз емес. Аудандағы кейбір бастауыш партия ұйымдары өз коллективінің өндірістік өміріне әлі де етене араласпайды, ұйымдастыру ісінде дербестік пен белсенділік, тапқырлық көрсетпейді, басқару аппаратының шаруашылық қызметін бақылау правосымен жеткілікті пайдаланбайды. Аудандық ұйымдар мен мекемелердің совет заңын, партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын мүлтіксіз сақтап, жүзеге асыру жөніндегі қызметін бақылау да көңілдегідей емес. Міне, партия ұйымдары осы кемшіліктерді жою мақсатында пәрменді жұмыс істеуге борышты.

Қайсы бір аудандық партия комитеттері басшылықтың жарамсыз тәсілдерінен арыла алмай келеді. Осы жылғы февраль айында Темір аудандық партия комитетінің бюросы «Аудан шаруашылықтарының мемлекетке сүт тапсыруының барысы туралы», март айында «Аудан колхоздары мен совхоздарында қой төлдетуге әзірлікті аяқтау және өткізу шаралары туралы» мәселе қарады. Аудандық комитеттің бұл мәселелер жөніндегі шешімінде пәлен сиырдың сауылуын қамтамасыз ету, сауын мал табының өріске шығарып бағуды ұйымдастыру, бұзауға беретін сүт бөлу, мал қоралары мен төл қораларын жөндеу, тазалау, дәрілеу, жемшөп тасу, мал төлдейтін жерлерді белгілеу, шам, күрек, керосин, бояу жеткізу, т. б. шараларды іске асыру шаруашылық басшыларына міндеттелді. Ал мал төлдету науқаны кезінде бастауыш партия ұйымдары не істеуге тиіс, ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмысты қалай

жүргізу керек — бұл жайында бірауыз сөз айтылмады. Өзінің төл ісін ұмытып, шаруашылық органдардың міндетін атқарғандықтың мұнан өрескел мысалын ұшырату қиын!

Облыстық партия комитеті аудандық комитеттің жұмыс стиліндегі бұл кемшілікті дер кезінде көрсетіп, барлық партия ұйымдарына совет, шаруашылық органдарының жұмысына басшылық етудің лениндік принципін қатаң сақтауды міндеттеді.

Партия комитеттері өз шешімдерінің және партия мен үкімет нұсқауларының қалай орындалып жатқанын мұқият тексеріп, бақылап отыруға тиіс, өйткені бұл — кадрларды дұрыс тәрбиелеудің аса маңызды шарты. Әділін айту керек, аудандық партия комитеттерінің бұл саладағы жұмысында жаңа леп байқалады. Партия комитеттері өздері қабылдаған шешімдердің қалай орындалып жатқанын жиі тексеріп отыратын болды. Бұл мақсатта бастауыш ұйымдардың, шаруашылық басшыларының есебін тындау, информация алу, партия комитетіне шақырып әңгімелесу, партком мен бақылау органдары қызметкерлерінің жер-жерде болып, нақты жағдайды анықтауы секілді әдістерді бір-бірімен ұштастыра пайдаланады. Ендігі міндет — партия ұйымдарының бұл істегі жақсы тәжірибесін жинақтап, дамыта беру керек. Әрбір басшы қызметкерден, әрбір коммунистен өзіне жүктелген тапсырманы мұлтсіз орындауды партиялық қатаңдықпен талап етіп отыру қажет.

Партиялық-саяси жұмысты пәрменді жүргізу, коммунистерді, еңбекшілердің қалың бұқарасын шаруашылық құрылысқа барған сайын көбірек қатыстыру шаруашылық істерге партиялық ықпал жасаудың басты құралы болып келді және бола бермек. Партия жиналыстарының, партиялық тапсырманың, коммунистердің саяси қызметінің, идеялық-тәрбие жұмысының бар күші, бар мазмұны партия ұйымының алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді орындауға бағытталуы керек. Сонда ғана ол көздеген мақсатқа дөп тиетін болады.

Аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы соны серпін, жаңа леп — алысқа мезгейтін үлкен істің бастамасы ғана. Алда істелер іс, алар асу көп әлі. Ең бастысы — аудандық партия комитеттері өздері жинақтаған мол тәжірибені мұқият пайдаланумен бірге, партиялық жұмыстың стилі мен әдістерін жетілдіре түсу үшін ерінбей, жалықпай еңбектеніп, ізденген үстіне іздене берулері керек. Партиялық-ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысы үнемі жаңарып, дамып, жетіліп отыратын нағыз творчестволық жұмыс екенін бір сәт те естен шығармау қажет. Өте мөте аудандық комитеттің аппаратындағы негізгі тұлға — нұсқаушылардың ұйымдастырушылық ролін, бастауыш партия ұйымдарына нақты көмегін күшейтуге барынша назар аударған мақұл.

Өндіріс мәселесімен тыңғылықты, байыпты шұғылдану, экономиканы, озат тәжірибені терең зерттей отырып, шаруашылыққа білгірлікпен іскер басшылық жасау, әрбір совхоздағы, колхоздағы, кәсіпорындағы ішкі резервтердің, қаржының, техниканың тиімді пайдаланылуын қадағалау, сөйтіп егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің арзан да мол өндірілуін, мемлекеттік жоспарлардың үнемі толық және асыра орындалуын қамтамасыз ету — міне, аудандық партия комитеттерінің алдында тұрған ең негізгі міндет осылар. Партия комитеттері шаруашылыққа басшылық әдістерін жетілдіріп, саяси ықпалын мейлінше күшейткенде ғана бұл міндетті ойдағыдай орындап шығады.

Ұйымдастыру және идеология жұмысының бірлігі

С. ДОСМАҒАМБЕТОВ,

Қарағанды облыстық партия комитетінің секретары

Ұйымдастыру жұмысы мен идеология жұмысының бірлігі партия тұрмысының өзекті мәселесі болып саналады. Партиялық-ұйымдастыру жұмысы мен саяси-тәрбие жұмысы бір-бірімен тығыз байланысты жүргізілген жерде ғана коммунистік құрылыстың табысты болатыны белгілі. В. И. Ленин ұйымдастыру жұмысы мен идеология жұмысының ажырамас біртұтас мәселе екенін сан рет атап көрсеткен болатын.

Коммунистік құрылыстың ұлы міндеттері партиялық-ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмыстарын шебер ұштастыра жүргізуді қатаң талап етеді. Бұл жөнінде әсіресе КПСС Орталық Комитетінің өткен жылғы октябрь, ноябрь және биылғы март Пленумдарының шешімдерінде ерекше атап көрсетілді.

Партия тұрмысы мен партиялық басшылықтың лениндік нормаларын қалпына келтірген бұл Пленумдар коммунистік құрылысқа партиялық басшылық жасаудың сара жолын белгілеп берді. Бұларда ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстардың бірлігіне партия ұйымдарының назары айрықша аударылды. Бұл бірлік өте-мөте партия, совет және комсомол қызметкерлерінің жұмыс стилінен берік орын алуға тиіс.

Партия, совет, шаруашылық ұйымдарының басшы қызметкерлері ең алдымен адамдармен жұмыс істей білуге, олардың ой-пікірлері мен тілек-талаптарын, мұң-мұқтаждарын, мақсат-мұраттарын жете ескеріп, әр жүрекке жол таба білуге тиіс. Алда тұрған міндеттерді, белгіленген шараларды ойдағыдай жүзеге асыру адамдар арасындағы саяси-тәрбие жұмысын пәрменді жүргізуге, оны ұйымдастыру жұмысымен тығыз ұштастыра білуге тікелей байланысты. Әйтпесе алға қойылған міндеттер мен белгіленген шаралар жалаң сөз болып қана шығады.

Саяси-тәрбие жұмысы сөз бен істің арасында алшақтық болмаған күнде ғана мазмұнды болады.

Еңбекшілер арасында саяси жұмыс неғұрлым пәрменді жүргізілсе ұйымдастыру жұмысы да соғұрлым жемісті болады. Сол сияқты ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде саяси жұмыстың да дәрежесін едәуір арттыруға болады.

Ұйымдастыру жұмысы болсын, идеологиялық жұмыс болсын сайып келгенде, бұл екеуі де — адамдармен жұмыс жүргізу деген сөз. Сондықтан бүгінгі күннің ең басты талабы — адамдармен жұмыс істей білу, оларды социалистік Отанымызға, еңбекке деген сүйіспеншілік рухында, интернационализмге тәрбиелеу, сөйтіп коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы бүкіл халықтық іске бір кісідей жұмылдыру. Әлбетте, бұл аса жауапты әрі күрделі міндет.

Қарағанды облысының партия ұйымдары бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп отыр. Ұйымдастыру жұмысы мен идеология жұмысын ұштастыру бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Облыстық партия комитеті әсіресе партия қызметкерлерін іскерлік қабілетіне қарай дұрыс іріктеп алуға, оларды күнбе-күн тәрбиелеуге баса назар аударады. Еңбекшілер арасында жұмыс істейтін партия қызметкерлерінің шеберлік дәрежесін арттыру үшін жаңадан сайланған секретарьлармен семинар өткізілді.

Облыстық партия комитетінде өнеркәсіп, құрылыс, сауда және селолық бастауыш партия ұйымдары секретарьларының өз алдына жеке-жеке семинарлары болып өтті. Сондай-ақ селолық аудандық партия комитеттері бірінші секретарьларының, қалалық және аудандық партия комитеттерінің үгіт-насихат, ұйымдастыру бөлімдері менгерушілерінің, баспасөз қызметкерлері мен насихатшылардың семинарлары да өткізілді. Бұл семинарларда партиялық-ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарды ұштастыра жүргізудің жайы жан-жақты әңгіме болып, үлгілі тәжірибе мен таңдаулы жұмыс әдістері ортаға салынды.

Облыстық партия комитетінің бюро мәжілісі ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстардың бірлігі жайлы арнайы мәселе қарап, Теміртаудағы «Қазметаллургжилстрой» тресі партия ұйымының есебін тыңдады. Жезқазған, Шахтинск қалалық партия комитеттерінің партиялық жұмыстарды жүргізуі жайлы комплексті есептерінде де идеологиялық және ұйымдастыру жұмыстарының бірлігі кеңінен әңгіме болды.

Облысымыздың қалалары мен аудандарында партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен шаруашылық мекемелері басшыларының тұрақты теориялық семинарлары жұмыс істейді. Бұл семинарларда марксизм-ленинизм теорияларын үйрену, адамдармен жұмыс істеу, өздерінің күнделікті ісінде ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарды ұштастыра жүргізу әдістері мен тәжірибелері ортаға салынады.

Облыс партия ұйымдарында тек партия қызметкерлері ғана емес, сонымен бірге бұқара арасындағы саяси-тәрбие жұмысына шаруашылық басшыларының белсене қатысуына айырықша мән беріледі. Өткен жылы 6,5 мыңға жуық шаруашылық басшылары мен инженер-техник қызметкерлері, ауыл шаруашылығы мамандары насихатшы болып істеді, Қарағанды халық шаруашылығы советі басшы қызметкерлерінің саяси тәрбие жұмысына қатысуы туралы арнаулы мәселе де қаралды.

Қазір біз тек басшы қызметтегі кадрларды ғана емес, партиялық-ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарға барлық коммунисті кеңінен қатыстыруды қызу қолға алып отырмыз. Осының нәтижесінде көптеген еңбек адамдары үлгілі ісімен көзге түсуде.

Бұл жөнінде біраз мысал келтіруге болады. Атап айтқанда, Ақтоғай ауданындағы «Ақтоғай» совхозының шопаны, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, коммунист С. Алғамжанов осындай адам. Ол көршілес отарлардағы шопандарға, әсіресе жас шопандарға өз тәжірибесін үйрету арқылы қой шаруашылығын өркендетуде игі жұмыс атқарып жүр. С. Алғамжановтың мектебінен өткен Шөкен Иманбаев, Аманжол Жалбаев сияқты жас шопандарды қазір өз ісінің шебері деуге болады. Олар биыл төл алу, жүн қырқу жұмысында елеулі табысқа жетті. Алайда аудандық партия комитеті жас коммунистің осындай игі ісін іле қостай алмады.

Соңғы кезде облыстың көптеген партия ұйымдары алынған қаулылар мен міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру, насихат жұмыстарын жүргізуге баса назар аударуда.

Қарағанды қалалық партия комитетінің бюросы өткен жылы лауазындарда цикл алу графигін қолдану және еңбек ұйымдастырудың тиімді әдісі — тәуліктік комплекске көшу жөнінде мәселе қарап, қаулы қабылдады. Мұның өзі сырт қарағанда таза шаруашылық мәселесі сияқты көрінеді. Бірақ партия ұйымдары шаруашылық мәселесімен шұғылданғанда оның ең өзекті, істің тағдырын шешетін түбегейлі мәселесін саралай біліп, ол мәселені шешу үшін ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарды шебер ұштастыра жүргізуі қажет.

Қалалық партия комитеті бұл қаулыдан соң пәрменді ұйымдастыру шараларын жүзеге асырды. Коммунистердің авангардтық ролін барынша арттыру қолға алынды. Шахтааралық озат тәжірибе мектептері құрылды. Қаладағы басшы қызметкерлердің тұрақты семинарында № 70

шахтадағы екінші учаскенің бастығы В. Пак жолдас тәуліктік комплексті ұйымдастырудың жайын баяндады, № 31, 37, 38 шахталардағы озат учаскелердің тәуліктік комплексті ұйымдастыру тәжірибесі зерттелді.

Қалалық партия комитетінің қаулысын орындау үшін кеншілер арасында кәсіпорын бастауыш партия ұйымдары үлкен түсінік жұмысын жүргізді. Кеншілер қауымы арасында өткізілген әңгімелердің барысында озық әдістердің маңызы, жаңа әдісті қолданудың жемісті нәтижесі сөз болды. Осындай ұйымдастыру жұмысының арқасында жұрттың көзі цикл алу графигі мен тәуліктік комплекстің пайдалы екеніне әбден жетті. Қазір қаладағы көмір өндіретін 96 лаваның 92-сі тәуліктік комплекске көшті.

Облыстық партия комитеті озат әдістерді тарату мәселесіне айрықша мән береді. Үстіміздегі жылдың апрель, май айларында Саран көмір тресіндегі № 122 шахтаның Л. Дандзберг жолдас басқаратын проходчиктер бригадасы «Қарағанда-7/15» комбайнымен 31 жұмыс күні ішінде 1 803 погон метр желдеткіш штрегін проходкалап, дүние жүзілік рекорд жасады. Сондай-ақ Октябрь көмір тресінің № 33, 34 шахтасындағы А. Кан жолдас басқаратын алтыншы учаскенің кеншілері осы мезгілде «Донбасс-2К» комбайнымен 58 200 тонна көмір өндіріп, бүкілодақтық рекорд жасаған болатын.

Облыстық партия комитетінің бюросы көмір бассейнінде туған осындай рекордтар жөнінде арнаулы мәселе қарап, рекордшылардың озат әдістерін кеншілер қауымы арасында кеңінен тарату жөнінде нақты шаралар белгіледі. Мұның өзі бассейнде еңбек қарқынын едәуір арттыра түсті. Облыс шаруашылығының басты саласының бірі — көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің арасында жүргізілген ұйымдастыру және саяси үгіт жұмыстары жемісті нәтиже беруде. Бассейн кеншілері жетіжылдықтың соңғы жылында жоспардан тыс 400 мың тонна көмір өндіру жөніндегі міндеттемесін қазірдің өзінде-ақ орындап шықты.

Қала партия ұйымдары еңбекшілер арасында саяси-тәрбие жұмыстарын солардың тұрған жерлерінде жүргізу мәселесіне ерекше мән береді. Қала бойынша тұрғын үй басқармаларының жанынан 40-тан астам қоғамдық негізде жұмыс істейтін советтер құрылды. Олар бұқаралық үгіт жұмысын жүргізетін бөлмелермен қамтамасыз етілді. Тұрғындардың жұмыстан кейінгі уақыттарын мәдениетті өткізуі үшін кітапханалар мен клубтар орынды пайдаланылуда. Қоғамдық негіздегі советтердің жанынан түрлі үйірмелер құрылды. Жұртшылық үшін аулаларда лекция оқу, кино көрсету, концерт ұйымдастыру үшін ашық эстрада ретінде 30 үгіт алаңы жабдықталды.

Теміртау қаласында өткен партия комитеттері секретарьларының семинарында еңбекшілердің тұрған жерлерінде жүргізілетін саяси-бұқаралық жұмыстардың озық тәжірибелері кеңінен әңгіме болды. Семинарға қатысқандар қоғамдық негіздегі советтердің жұмысымен танысты.

Бұл жұмыстың нәтижесі жаман болған жоқ. Қазір теміртаулықтардың өнегелі ісі біздің облысымызда ғана емес, бүкіл республика партия ұйымдарына да үлгі болып отыр. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Президиумы теміртаулықтардың бұл жөніндегі игі бастамасын мақұлдады.

Мұның бәрінен ұйымдастыру және саяси жұмыстарды жүргізуде ешбір мін жоқ деген ұғым тумасқа тиіс. Бұл мәселе партия қызметкерлерінен үлкен шеберлікті, аса зор белсенділікті талап етеді.

Облыс партия ұйымдары қазір идеологиялық және ұйымдастыру жұмыстарын партиямыздың соңғы талаптарына сәйкес жүргізу үшін тағы да жаңа формалар іздестіруде.

Облыстық партия комитетінің бюросы «Аудандық партия комитетінің бастауыш ұйымдарға басшылығы туралы» Нұра аудандық партия

комитетінің (бірінші секретары Н. Задорожный жолдас) есебін тыңдады. Ауданда бірсыпыра жақсы істермен қатар әлі де болса ескі сарын орын алып отырғаны байқалды. Аудандық партия комитеті шаруашылықтың күнделікті ұсақ-түйек мәселелерімен тікелей айналысып, кадрларды іріктеп тәрбиелеу, адамдармен жұмыс істеу, коммунистердің ролін арттыру мәселесімен жете шұғылдана алмай келеді.

Соңғы кезде аудан экономикасында елеулі кемшіліктер орын алды. Ал мұның себебі неде? Шынына келгенде, мұның себебі адамдармен жұмыс істеу, кадрларды дұрыс орналастыру, оларды партиялық-ұйымдастыру және саяси жұмыстарға кеңінен тарту ісінің нашарлығынан болып отыр. Өндірістің жауапты салаларындағы коммунистердің ролі төмен.

Бөлімше басқарушыларының білім дәрежелері мен мамандықтары арттыруға мән берілмейді. Олардың көпшілігі практиктер. Аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарына партиялық жұмыстың тәжірибелері мен озат әдістерін үнемі үйретіп отырмайды. Мысалы, өткен 7 ай ішінде бастауыш партия ұйымы секретарьларының шаруашылыққа басшылығы туралы бірде-бір мәселе қаралмаған. Осындай елеулі кемшіліктер Шахтинск қалалық партия комитетінің жұмысында да орын алып отыр.

Облыстық партия комитеті мен оның бюросы партиялық жұмыстарды жүргізу ісіне осылайша айрықша мән беріп, ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстарды ұштастыра жүргізудегі жақсы тәжірибелерді жинақтап таратуға бұдан былай да көңіл бөліп отырмақшы.

Саяси-тәрбие жұмысын жақсарту және оның ықпалын арттыру ісінде мәдени-ағарту және идеологиялық мекемелердің ролі үлкен. Алдымыздағы даңқты қос мереке — Совет өкіметінің 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына әзірлік қарсаңында барлық идеологиялық және мәдени жұмысты кең өрістетуге, жана талаптар дәрежесінде нақты да пәрменді жұмыстар жүргізу — партия ұйымдарының ең негізгі міндеті.

Біз осы мақсатпен мәдениет қызметкерлерінің облыстық съезін өткіздік. Съезде облыстағы мәдени құрылыстың барысы және алдағы мерекелерге әзірлену жайы сөз болды.

Бұл съездің маңызы ерекше зор. Оған қатысқандар облыстың мәдениет қызметкерлерін еңбекшілер арасында жүргізілетін саяси-тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстарын жақсартуға шақырған үндеу қабылдады.

Партиялық-ұйымдастыру және саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізуде осы сияқты азды-көпті жұмыстар атқарылуда. Бұл жөнінде күш жеткілікті. Бізде саяси оқу кабинеттері, кешкі университеттер, клубтар мен кино тораптары, басқа да мәдени ошақтар аз емес. Мәселе тек осындай күштерді ұйымдастырып, саяси жұмысқа дұрыстап пайдалана білуде. Облыстың партия ұйымдары КПСС Орталық Комитетінің соңғы Пленумдарының шешімдерін орындай отырып, идеологиялық және ұйымдастыру жұмыстарының бірлігін бұдан былай да нығайта береді.

ТЕХНИКУМДАРДА КЕШКІ ЖӘНЕ СЫРТТАН ОҚЫТУ

К. ҚҰНАНТАЕВА,

*Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім
министрінің орынбасары*

Елімізде арнаулы орта білім беру жүйесін ұлғайтуда сырттан және кешкі оқытудың ерекше маңызы бар. Қазіргі уақытта өндірістен кол үзбей оқыту халық шаруашылығы үшін мамандар даярлаудың негізгі формасына айналып отыр. Осыған орай 1959—1960 оқу жылында республикадағы жалпы білім алушылардың 37 проценті кешке және сырттай оқыған болса, ал биыл 48 проценттен асып түсті. Осы уақыт ішінде өндірістен кол үзбей оқушылардың саны да екі есе көбейді. Арнаулы орта дәрежелі білім берудің алдын ала жасалған жоспары бойынша 1970 жылы республикада кешкі және сырттан оқушылардың саны биылғы 25 мыңның орнына 41 мыңға жеткізілмек.

Өндірістен кол үзбей оқушылар санының бұлайша өсуі еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтеруге партия мен үкіметтің жасаған қамқорлығы нәтижесінде мүмкін болып отыр. Соңғы жылдары сырттан және кешкі оқушыларға едәуір жеңілдік жасалды. Техникумдар жанынан сырттан және кешкі оқытатын бөлімдер, филиалдар, оқу-консультация пункттері көптеп ашылды.

Қазіргі кезде республика халық шаруашылығы үшін 7 кешкі техникум, 120 сырттан оқытатын, 40 кешкі бөлім мамандар даярлайды. Мұның өзі — үлкен күш. Оның үстіне техникумдарды оқушылардың тұрғын мекендеріне жақындату ниетімен тағы да 13 кешкі, 3 сырттан оқытатын бөлім ашылып, жаңадан 29 оқу-консультация пункті жұмыс істейтін болды.

Оқу-материалдық базасы жақсы ұйымдастырылған, тұрақты оқытушылары бар кешкі техникумдарда кадрлар даярлаудың дәрежесі бүгінгі күннің өскелең талабына сай болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бірақ өкінішке қарай, жағдай барлық жерде бірдей емес. Көптеген техникумдар мен олардың бөлімдерінде жөнді үй жоқ, құрал-жабдықтар, лабораториялар, кабинеттер, бөлмелер жетіспейді. Тіпті көптеген оқу-консультациялық пункттердің тұрақты үйі де жоқ. Ал мұның өзі оқу сапасының төмендеуіне әкеліп соғуда.

Осы жағдайды ескеріп, республика Министрлер Советі министрліктер мен ведомстволарға кешкі техникумдардың оқу-материалдық базасын нығайтуды, құрылыс жоспарларына оқу-өндірістік үйлер салуды енгізуді тапсырған болатын. Осы міндетті дұрыс түсінген оқу орындары мен кәсіпорындардың басшылары техникумдардың материалдық базасын нығайтып, елеулі көмек көрсетті. Мысалы, Қарағандының кен, Щучьенің металлургия техникумдары өздерінің кешкі бөлімдерін кәсіпорындар қаржысы есебінен оқу үйімен қамтамасыз етті. Сондай-ақ республиканың Геология және кен қорғау комитеті Семей геология-барлау техникумының жанындағы Николаев оқу-консультация пунктіне жақсы үй бөліп, көрікті мебельдер берді, әдебиеттер сатып алуға жеткілікті қаржы босатты. Мұның үстіне сессия кезінде барлық оқушылар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Сөйтіп, сырттан оқытатын және кешкі бөлімдерде оқушыларға қолайлы жағдай жасалған жерлерде оқушылардың сабақ үлгірімі жаман емес.

Алайда жекелеген кәсіпорындар оқу базасын нығайтуға немқұрайды қарайды. Мәселен, Ақтөбе қаласында кешкі химия-механика техникумының жұмыс істей бастағанына биыл үш жылдан асты. Бірақ осы техникумның хром қосындылары заводы берген бес-ақ аудиториясы бар. Әрине, мұндай жағдайда оқу сапасының тиісті дәрежеде болмайтыны түсінікті.

Алматы құрылыс техникумының Текелідегі оқу-консультация пункті жалпы білім беретін мектепке орналасқан. Кешкі техникумда оқушылар мектеп балаларына арналған парталарда отырып оқуға мәжбүр болуда. Дәл осындай жағдай Семейдің совет саудасы техникумында, Гурьев политехникалық техникумының Құлсарыдағы кешкі бөлімінде де бар. Мұның бәрі тез түзетуді керек ететін, кәсіпорын басшылары тарапынан оқу базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлуді талап ететін жәйттер.

Өндірістен қол үзбей оқығандарға тиянақты білім беру үшін, оқу сапасын жақсарту үшін сырттан оқытатын және кешкі бөлімдердегі оқушылар контингентін әруақыт сақтап отыру шарт. Бұл үшін кейбір техникумдардың тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, алдын ала даярлық жұмыстарын жүргізіп, арнаулы курстар ашудың, оқығысы келетін жастарды соған тартудың үлкен көмегі бар. Кәсіпорындармен тығыз байланыс жасап, жұмысты тиянақты істейтін, оқуға ынталы жастарды тартқан жерлерде оқушылардың үлгірімі, сабаққа қатысты тәуір болып жүр.

Өткен оқу жылында біздің министрлік жанындағы техникалық техникумдардың даярлық курстарында бес мыңдай адам оқып, оның көпшілігі кешкі және сырттан оқытын бөлімдерге түсті. Биылғы даярлық курстарында алты мыңдай адам оқыды. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз. Өйткені жоспар бойынша тек қана өндірістен қол үзбей оқуға 11 мыңнан астам адам алыну керек. Шындап келгенде даярлық курстарындағы тыңдаушылар саны жоспардағыдан төрі екі есе көп болуы шарт. Сонда ғана оқуға түсушілер ішінен конкурспен ең үздіктерін тандап алуға мүмкіншілік туады. Бұл мәселеде техникумдарға кәсіпорындардың партия, комсомол ұйымдарының көмегі керек.

Оқуға қабылдау үшін алдын ала даярлық жұмыстарын Қарағандының кен техникумы жылма-жыл жақсы ұйымдастырып келеді. Осы техникум биыл алты жерден даярлық курсы ашып, онда 600-дей кісі оқытты. Оқуға қабылдауды бұлайша ұйымдастырудың нәтижесінде техникумда оқытындардың арасында сабақты үлгірмеушілер жоқ.

Даярланған мамандар сапасын анықтайтын басты көрсеткіштің бірі — оқу жұмысын дұрыс жолға қоя білу, оны үнемі жетілдіріп отыру. Бұл мәселені әрбір оқу орны өз жағдайына лайықтап шешуде. Олар кешкі және сырттан оқытудың әр алуан түрлерін, оның ішінде жаңа әдістерді молынан пайдаланып келеді.

Қазіргі кезде сырттан оқыту жүйелерінде үйде орындауға тапсырылатын бақылау жұмыстарымен қатар сессия кезінде оқушыларға лекция оқу, класта бақылау жұмыстарын жаздырту, ауызша әңгімелесу, семинар өткізу сияқты жаңа әдістер кең қолданыла бастады. Класта өткізілетін бақылау жұмыстары кезінде оқушылардың әрқилы есептерді өздігінен шығаруға машықтануы қатты ескеріледі.

Техникумдар сырттан оқытудың осы аталған әдістерімен ғана шектеліп қалмай, өздерінше де жаңа, оқу-үлгірімге тиімді әдістер табуда. Мысалы, Семей жеңіл өнеркәсіп техникумы әрбір жеке пәндер бойынша оқушы білімін тексеру ниетінде зачеттар алу тәртібін қолданып келеді. Зачеттар оқушыдан жүзбе-жүз сөйлесу үстінде әр түрлі сұрақтар қою, есептер шығару арқылы алынады. Зачет түрлерін оқытушылар күн ілгері белгілеп, оқу бөлімдеріне тапсырады, ал олар өз тарапынан арнаулы кесте жасап, қай сабақтан, қашан зачет болатынын көрсетіп іліп қояды. Осы техникумда кейбір пәндерден зачетты бөлім-бөлім бойынша жеке тапсыру қолданылып жүр. Мысалы, «Тігін фабрикаларын жаб-

дықтау» атты пәннің «Бес аспап тігін машиналары» деген бөлімін оқыған оқушы алдымен соны тапсырады да, кейін келер бөлімдерді оқуға кіріседі. Мұндай әдіс сырттан оқушының жүйелі білім алуына елеулі әсер етеді.

Техникумдардың оқушылары арасында бақылау жұмыстарын тексеруді жетілдіруге, оған берілетін рецензияларды дер кезінде жазып отыруды жақсартуға бағытталған шаралар да үнемі жүзеге асырылып келеді. Біраздан бері кейбір техникумдарда рецензияның өзін екінші біреулерге оқытып алу тәжірибесі қолданылып жүр. Асылында бұл әдіс рецензенттің жауапкершілігін арттырады. Соның арқасында соңғы жылдары оқытушылардың бақылау жұмыстарына қояр талабы, оның орындалуын қадағалау күшейді. Енді рецензиялар дер кезінде, мазмұнды жазылатын болды.

Бірақ техникумдардағы жағдай бірдей емес. Әлі де болса жеке техникумдарда оқушылардың бақылау жұмыстарына, курс жобаларына немқұрайды қарау фактілері кездеседі. Кейде тіпті жұмыстар айлар бойы тексерілмей, рецензия жазылмай қалатын кездер де болады. Сондай-ақ сырттан оқушылардың бақылау жұмыстарын сессия кезінде жазуы сияқты фактілер де баршылық.

Сырттан оқушыларға қамқорлық жасаудан туған жақсы бастаманың бірі — кәсіпорындар мамандарының қоғамдық негізде оқушыларға көмек көрсетуі. Мысалы, Целиноград машина жасау техникумының сырттан оқушыларына Ленин атындағы Макин заводының мамандары үнемі қамқор болып, ақыл-кеңес беріп отырады. Олардың өз бетінше түсінуіне қиын теориялық қағидаларды тәжірибе жүзінде қарапайым етіп түсіндіріп, қандай қосымша әдебиеттерді тауып пайдалануға болатынын көрсетеді. Мұндай қамқорлық жасап, көмек берген жерлердің бәрінде дерлік оқушылардың сессия кезінде сабаққа қатысы, жалпы оқу-үлгірімі, тәлім-тәрбиесі біршама тәуір.

Соколов-Сарыбай индустрия техникумында оқу мен өндіріс тығыз байланысты. Мұнда қала кәсіпорындарының тәжірибелі мамандары кешкі бөлімдердің оқушыларын жаңа техникамен, еңбекті ұйымдастырудың озық әдістерімен таныстырып отыру мақсатында арнаулы пәндерден шолу лекциялар оқиды. Осы техникумда, сондай-ақ Жамбылдың кешкі химия-механика техникумында арнаулы мамандық пәндерінің кейбір лекциялары тікелей кәсіпорындардың цехтары мен лабораторияларында өткізіледі.

Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың лабораториялық базаларын пайдалана отырып, техникумдар өз оқушыларының да лабораториялық жұмыс жоспарларын қоса орындатып жүр. Бұл өте тиімді әдіс. Тек осындай базаларды пайдаланғанда кей сәт кездесіп қалатындай, сабақ жалпылама дүрмекке айналмай, нақты программалық талапқа сай өткізілуге тиіс. Мұндай мүмкіндіктерді орынды пайдалану үстіне техникумдар мен олардың бөлімдері, оқу-консультациялық пункттері өздерінің тұрақты лабораториялары, оқу кабинеттері болуына жетісулері қажет. Бұл істе оларға халық шаруашылығы советтері мен кәсіпорындар тиісті көмек көрсетуге міндетті.

Мамандар даярлаудың сапасы ең алдымен сырттан және кешкі оқыту жүйелеріндегі оқытушылардың құрамына байланысты. Бұл жағынан алғанда техникумдардың басым көпшілігінде сабақ беретін оқытушылардың тәжірибесі мол, жоғары білімді, ұзақ жылдар бойы өндірісте жұмыс істегендер. Мұндай педагогтары бар коллективтер өздерінің алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындап та келеді.

Кешкі және сырттан оқып бітірген мамандар жұмыс істейтін кәсіпорындардан келіп жататын хаттарға қарағанда өндірістен қол үзбей оқытудың сапасы жоғары екені байқалады. Сондықтан техникумдарды бітірген көптеген мамандар инженер-техник және басшылық қызметтерге

жоғарылатылуда. Мысалы, Соколов-Сарыбай индустрия техникумының кешкі бөлімін бітірген Тетюшев жолдас—металл конструкциясы заводы цех бастығының орынбасары, Закрепа мен Григурко жолдастар—құрылыс учаскесінің бастықтары, Штукерт аға инженер болып істеп жүр.

Оқуға түскенге дейін қатардағы жұмысшы болып, ал техникумдарды бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша жауапты тапсырма орындап жүрген мамандар республикамызда толып жатыр.

Мемлекеттік емтихандар мен дипломдық жобалар қорғау — оқу орындарының жылдар бойы жүргізген жұмысына, оқушылардың алған біліміне үлкен сын. Тәжірибе көрсетіп жүргеніндей, диплом жұмыстарына актуалды тақырыптар ұсыну оқушылардың өндірісті зерттеудегі ынтасын арттырып, технологиялық процестерді ұйымдастыру мен жетілдіруге, еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасайды. Соның нәтижесінде көптеген дипломдық жобалар өндіріске енгізілуде. Бұл жұмыс әсіресе Өскемендегі индустрия, Қарағандыдағы кен, Қостанайдағы автотранспорт техникумдарында біршама тәуір жолға қойылған. Мысалы, Өскемен индустрия техникумында былтыр қорғалған 87 диплом жобасының 19-ы өндіріске енгізілді.

Алайда диплом жобаларында әлі де болса экономикалық негіздеу, өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану, жаңа құрал-жабдықтарды қолдану, еңбекті ұйымдастырудың озат әдістері мен тәсілдерін қозғау сияқты мәселелер үстірт қаралып, терең зерттелмей жүр.

Кешкі және сырттан оқыту бөлімдерінде білім беруді жетілдіру ең алдымен өнеркәсіп орындары мен техникумдардың бірлесе жұмыс істеуіне көп байланысты. Көптеген кәсіпорындар оқу жайынан ылғи хабардар болып отырады, педагогикалық кеңестерге қатысады, жұмысшылардың қалай оқытынын қадағалайды. Партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары, цех басшылары зер салып, камқорлық жасаған жерлерде сабақты үлгірмеушілер аз. Осындай өндірістің оқуға көрсетіп отырған тиянақты көмегіне мысал ретінде Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын, Өскемендегі В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинатын атауға болады.

Бұл өнеркәсіп орындарының партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары әрдайым жұмысшылардың оқуымен, тұрмысымен, жұмысымен күнделікті танысып отырады. Жаксы жұмыс істеп, тәуір оқығандарды көтермелейді, сыйлықтар беріп, разрядтарын өсіреді. Сырттан және кешкі оқуға жардай жасайды.

Жұмыс істей жүріп оқу, сырттан және кешкі оқытатын техникумдарда білім алу оңай емес. Сондықтан министрліктер мен ведомстволар, олардың қарауындағы тиісті мекемелер мен кәсіпорындар өндірістен қол үзбей оқушыларға жағдай жасап, үнемі камқорлық етуі керек.

Партияның жаңа Программасында: «Кәсіпорындардың, кәсіподақтардың және басқа да қоғамдық ұйымдардың қолдауымен еліміздің барлық аудандарында жоғары және орта арнаулы оқу орындарының жүйесі, әсіресе кешкі және сырттан оқытатын оқу орындарының жүйесі ұлғайтылуға тиіс» деп атап көрсетілді. Осыған орай біздің министрліктер жылма-жыл техникумдардың кешкі және сырттан оқытатын бөлімдерін көбейтіп келеді. Мұның өзі түптеп келгенде, халық шаруашылығы үшін теориялық даярлығы мол, саяси ой-өрісі кең, орта дәрежелі мамандар даярлап шығаруға жардемдесуде.

Бүгінгі күннің өскелең талабынан туып отырған басты міндеттің бірі—орта арнаулы дәрежелі мамандарды көптеп даярлау. Бұл міндетті орындауда оқу орындары мен кәсіпорындарының ынтымактаса істер қызметі елеулі. Бұл мәселелерді бір жүйеге келтіруде, басшылық етуде біздің атқарар жұмысымыз да қыруар. Өмірдің өзі осыны талап етеді.

БҮКІЛ ЖҰРТШЫЛЫҚ ІСІ

(Кентау қаласы партия ұйымының жұмыс тәжірибесінен)

Х. МӘМБЕТҚАЗИЕВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің әкімшілік органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары

Коммунистік партия қоғамдық тәртіпті қорғау, социалистік заңдылықты нығайту ісіне ұдайы қамқорлық жасап келеді. Ескіліктің адам санасындағы зиянды қалдықтарына, әсіресе маскүнемдік, бұзақылық, саудагерлік, арамтамақтық, паракорлық секілді жарамсыз қылықтарға қарсы күреске милиция, заң орындарымен бірге қоғамдық ұйымдар, еңбекшілердің қалың бұқарасы барған сайын көбірек ат салысуда. Соның нәтижесінде қалалар мен селоларда қылмыс азайып, совет азаматтарының тыныштығы сақталуда.

Республикамызда тәртіп бұзушылармен күресті күшейту, социалистік заңдылықты нығайту жөнінде бірсыпыра тәжірибе жинақталған. Бұл салада өте-мөте Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында, Кентау, Екібастұз, Рудный, Теміртау қалаларында тәуір жұмыс істелген. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Кентау қаласы партия ұйымының қоғамдық тәртіпті қорғауға қалың жұртшылықты қатыстыру жөніндегі тәжірибесін мақұлдап, оны бүкіл республикаға кеңінен таратуды ұсынды.

* * *

Кентау — Қазақстанның оңтүстігіндегі кеншілер қаласы. Оның салынғанына он жыл да толған жоқ. Бірақ сол аз уақыттың ішінде-ақ 60 мыңнан астам халқы, ірі-ірі кәсіпорындары, көп қабатты үйлері, гүлге оранған әсем көшелері мен алаңдары, ондаған мектептері, клубтары, кітапханалары бар нағыз осы заманғы әсем қалаға айналды.

Қала еңбекшілері коммунистік еңбек қозғалысын қоғамдық тәртіпті қорғау күресімен шебер ұштастыруда. Олар халықтың жасампаз еңбегін, демалысын, тыныштығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың бәрін де ықыласпен қолдап, ойдағыдай іске асыруға белсене ат салысып отырады. Соның арқасында Кентау республикамыздағы ең тыныш, ең көңілді қалалардың біріне айналып отыр.

Ерікті халық жасақтары — жұртшылықтың қылмыстылыққа, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қарсы күрестегі ең екіпінді күші. Сондықтан да қалалық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары ерікті халық жасақтарының жұмысын жақсартып, олардың тәртіп сақтаудағы ролін көтеруге айрықша көңіл бөледі. Қалада шын мәнісінде бұқаралық жасақтар жүйесі құрылған, оған еңбекшілер белсене қатысады. Қазір мұнда бес мыңнан астам жасақшы істейді. Бұл қаланың әрбір бесінші тұрғыны жасақшы деген сөз. Жасақшылар қатарында 800-ге жуық коммунист, мыңнан астам комсомолец, қаланың көптеген тандаулы адамдары, еңбек озаттары бар. Мәселен, атакты кеншілер: Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты К. Кенжетәев, Социалистік Еңбек Ері И. М. Жерносеков, кәсіпорын мен құрылыс басшылары М. Ф. Федоров, Ю. А. Булдаков, Ш. С. Коган және басқа толып жатқан цех, учаске бастықтары, мастерлер, облыстық, қалалық Советтердің депутаттары өндірісте қандай өнеге көрсетсе, қоғамдық тәртіпті қорғауға да көп еңбек сіңіріп жүр.

Қаладағы ерікті халық жасақтарының құрылысы ықшам да оңтайлы. Жасақшылардың жауынгерлік штабын қалалық партия комитетінің секретары Ш. Байтасов жолдас басқарады. Жасақ командирлері болып кәсіпорын басшылары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары тағайындалған. Қала бөлек-бөлек алты ауданға бөлінген. Олардың бәрінің де штабтары жақсы үймен, телефонмен, қажетті документтермен, есеп қағаздарымен қамтамасыз етілген. Кешке қарай әрбір микроауданның штабында кезекші машина болады. Жасақшыларға милиция бөлімі, оның учаскелік уәкілдері күнбе-күн көмектесіп, ақыл-кеңес беріп тұрады.

Ерікті халық жасақтарында қатан тәртіп орнатылған. Партия ұйымдары мен жасақ штабтары жасақшылардың тапсырылған іске жауапты қарауын, кезекші болған кезде қоғамдық борышты адал атқаруын қатты қадағалап, бақылап отырады. Жаз айларында кешкі сағат 8-ден 12-ге дейін, қысты күні кешкі 7-ден 11-ге дейін, мейрам күндері түнгі 2-ге дейін көшелер мен қоғамдық орындар жасақшылар бақылауында болады.

Әрбір сейсенбі күні ерікті халық жасақтарының бір аптадағы жұмысы қорытылады. Бұл әбден дәстүр боп қалыптасқан. Қалалық штабтың мәжілісіне немесе қалалық партия комитеті өткізген кеңеске кейбір жасақ командирлері, кәсіпорын, мекеме, мектеп партия ұйымдарының секретарьлары шақырылады. Сондай-ақ жасақшылар оқтын-оқтын өз коллективтерінің алдында есеп беріп тұрады.

Жасақшылар өз жұмысының әсерлі болуына ерекше назар аударады. Сол мақсатта сын-сықақ газеттерін, фотосурет арқылы айыптау листоктарын шығарады, бұзақыларды, маскүнемдерді, арамтамақтарды, мәдениетсіздік фактілерін аяусыз әшкерелеп, көп тезіне салады. Соңғы бір жылдың өзінде қалада 90 сатиралық газет, 300 фотолисток шығарылды. Сондай-ақ қалалық штабтың мүшелері киносеанс басталар алдында сол микроауданда соңғы күндері қандай оқиғалар болғанын, кімдердің тәртіп бұзғанын, оларға қандай шаралар қолданылғанын қысқаша хабарлап өтеді. Бұл әдіс те азаматтардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға игі әсер етуде.

Қаланың ерікті халық жасақтары жылдан жылға нығайып, қылмыстылыққа, тәртіп бұзушыларға қарсы күрестің алуан түрлі формалары мен әдістерін ұштастыра шебер пайдалануда. Социалистік меншікті талан-таражға салушылармен, сауда жүйесіндегі бұрмалаушылықтармен, автотранспортты пайдалану тәртібін бұзушылармен күресуге бейімделген халық жасақтары құрылуда. Автобаза директоры, КПСС мүшесі В. П. Афонин басқаратын қоғамдық автоинспекторлар құрамында ең таңдаулы 190 шофер мен механик бар. Олар автомобиль транспортының қауіпсіз жүрісін қамтамасыз етуде мемлекеттік автоинспекцияға елеулі көмек көрсетіп отыр.

Қалалық комсомол комитеті жанында комсомолдық жедел топ жұмыс істейді. Оның құрамындағы 100 жасақшы ата-ананың, мектептің бақылауынан тыс қалған балаларды тәрбиелеу, қылмыстың алдын алу бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ милицияның жас достарынан құралған үлкен отряд та қоғамдық тәртіпті қорғауға ықыласпен көмектесіп келеді.

Қалалық партия комитеті жасақшылардың білімін көтеруге, оларды совет заңының негіздерімен, ең үздік жасақтардың тәжірибесімен қаруландыруға ерекше назар аударады. Жыл сайын жасақшылар слеті шақырылып, жұмыс нәтижесі қорытылады, қоғамдық тәртіпті қорғауда үздік еңбек еткендерге сыйлық беріледі, алғыс жарияланады. Қалалық «Қентау кеншісі» газеті де халық жасақтарының жұмысын үзбей жазып, ең таңдаулыларының тәжірибесін таратып отырады.

Қоғамға жат әдет-қылықтарға қарсы күресті күшейтуде жолдастық соттардың маңызы мен ролі артқан үстіне арта түсуде. Қаладағы барлық өнеркәсіп пен құрылыс ұйымдарында, оқу орындары мен мекемелерде, үй басқармалары мен көше комитеттері жанында тұрақты жолдастық соттар жұмыс істейді.

«Мирғалимсайсвинецстрой» тресінің автотранспорт конторындағы жолдастық сот (председателі гараж диспетчері М. Е. Ратнер жолдас) жұмысты мейлінше жақсы ұйымдастырған. Бұл сот болмашы, уақ-түіек мәселенің бәрін топырлатып қарай бермейді, ең маңызды, ең қажетті тәрбиелік мәні бар-ау дегендерін ғана іріктеп алып, оның мән-жайын байсалды, жан-жақты тексеріп барып талқылайды. Жолдастық соттың әрбір мәжілісі кімге де болса ой саларлық, сабақ боларлық, жан тебірентер сырласуға, совет жұмысшысының рухани-моральдық бейнесі, әрбір азаматтың өз коллективі алдындағы жауапкершілігі туралы келелі әңгімеге ұласады.

Бір жолы Д. Анашбаев деген жігіттің лайықсыз қылығы жайында жолдастық сотқа материал түсті. Сот председателі М. Е. Ратнер Анашбаевтың пәтеріне барып, оның жұбайымен, көршілерімен, бірге жұмыс істейтін жолдастарымен әңгімелесті. Сөйтіп оның бар тапқанын ішкілікке салып, семьясына дұрыс қарамайтынын, ұдайы мас боп келіп от басына да, көршілеріне де тыныштық бермейтінін анықтады. Содан сот барып жолдастық соттың мәжілісінде қарады. Мәжіліске 120 адам қатысты. Шығып сөйлеген Оберемко, Паролло, Шумилин және басқа жолдастар Анашбаевтың бар айыбын бетіне басып, қатты сынады. Бірақ олардың сөзінен еңбектес досына деген шын жанашырлық сезіліп тұрды. Анашбаев достық сынды дұрыс түсінді, жан-жүрегімен қабылдады, түзелемін деп уәде берді.

Жолдастық соттың мүшелері оның уәдесіне сене тұра көпке дейін бақылаудан шығармады. Содан қазір қандай нәтиже шықты дейсіз ғой? «Ерім мүлдем жаңа адам болды, — дейді Анашбаевтың жұбайы. — Үйде тыныштық орнады, дастарқанмызға береке оралып, тұрмыс жағдайымыз тез жақсара бастады».

Кентаулықтардың тәжірибесі жолдастық сот председателдерінің советін құру көп пайда беретінін көрсетті. Кентаудағы мұндай советті Ащысай полиметалл комбинатының заң консультанты Ю. С. Файзаков жолдас басқарады. Бұл совет өзара тәжірибе алмасу, заңдарды үйрену жөнінде жолдастық сот председателдері мен мүшелерінің семинарларын өткізіп, олардың қызметін бақылап отырады.

Кентау қалалық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру, зиянды әдет-қылықтармен күресу ісінде коллективтік ықпалдың күшін жақсы пайдаланып келеді. Қалада ұйымшылдығымен, өнегелі тәртібімен, өндірістегі мол табысымен аты шығып жүрген кәсіпорындар мен ұйымдар көп. Солардың бірі — Мырғалимсай руднигі. Бұл озат кәсіпорынның коллективі талай-талай патриоттық бастаманың ұйтқысы болды. Мұнда көлбеу кен қабаттарын шапшаң қазу жөнінде үш рет одақтық, екі рет дүние жүзілік рекорд жасалды.

Коллектив мүшелері өндірісте ерлік еңбек етумен бірге қоғамдық өмірге де белсенді қатысады. Рудникте 100-ден аса адам насихатшы, үгітші болып істейді, 800-ге тарта кісі — ерікті халық жасағының, жолдастық соттардың, семья мен мектепке көмектесетін советтердің мүшелері. Мұнда өндірістегі немесе тұрмыстағы жарамсыз қылықтардың бірде-бірі ескерусіз қалмайды, дереу көп тезіне салынып, алдын ала тойтарылып отырады. Сондай-ақ кеншілердің идеялық өсуіне, тынығуына ерекше қамқорлық жасалған. Еңбекке қатысатын барлық адамның 80 проценттен астамы спортпен шұғылданады. Еңбекші қауымның өз күшімен стадион салынған. Оның жанында алуан түрлі спорт секциялары жұмыс істейді.

Міне, осындай шаралардың бәрі қосылып, Мырғалимсайды өндіріс жағынан ең озат, қоғамдық тәртібі жағынан ең өнегелі кәсіпорынға айналдырып отыр. Мұнда соңғы үш жыл ішінде бірде-бір қылмысты

оқиға болған емес. Бұзақылық, тәртіпсіздік фактілері де толық жойылуға айналып келеді.

Кентау — жастар қаласы. Сондықтан да партия, совет, комсомол органдары, бүкіл қала жұртшылығы жас ұрпақты, әсіресе балаларды тәрбиелеуге мықтап көңіл бөледі. Қалада өндіріс коллективтерінің мектептерге, жеке кластарға, балалар бақшаларына қамқорлық жасау әдісі кен өріс алған. Қаланың барлық кәсіпорындарында семья мен мектепке көмектесетін советтер құрылған. Оқытушылар балаларға дұрыс тәлім-тәрбие беру үшін класпен қатар өндіріс цехтарын, мастерскойларын, жұмысшы коллективтерінің қолдау-көмегін ұқыпты пайдаланады.

Кентау трансформатор заводындағы мектеп пен семьяға көмектесетін советтің (председателі Е. И. Новгородова жолдас) жұмысы жақсы ұйымдастырылған. Заводтың цехтары мен учаскелері В. И. Ленин атындағы мектептің бірнеше класы мен мектеп-интернатқа қамқорлық жасайды. Оқушылар заводта, жұмысшылар мектепте жиі болады, көптеген мәдени шараларды бірлесіп жүргізеді, жастарды аға ұрпақтың еңбек дәстүріне баулиды.

Мінез-күлқы тәрбиелеуге қиын, тентектік жасауға бейім тұратын жас өспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұрын тәртіп бұзып, жаман атаққа ие болған немесе еңбек колониясынан оралған балаларды беделі, ықпалы мол еңбек озаттары қамқорлыққа алады. Бұл жөнінде де трансформатор заводының коллективі тәуір өнеге көрсетіп отыр. Заводтағы жұмыс қолының оныан бір бөлегі — жас өспірімдер. Олар мұнда еңбек етумен қатар оқып білім алады, қоғамдық өмірге қатысады, спортпен, өнердің алуан түрімен шұғылданады. Жастардан жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындарында 31, кешкі мектептерде 53 адам оқып жүр. Көптеген жас өспірімдер әртүрлі курстар арқылы білім мен мамандығын жетілдіруде.

Кәмелетке толмаған балалар арасында тәртіпсіздіктің, бұзақылықтың азаюына тұрғын кварталдарда жүргізілетін тәрбие жұмысының елеулі септігі тиіп келеді. Қалалық пионерлер үйіндегі 20 үйірмеге бір мыңдай бала қатысады. Үш жылдан бері балалардың аулалық отрядтары жұмыс істеуде. Қазір жалпы саны 57-ге жеткен бұл отрядтар «Әрбір көше, әрбір аула балалар шаттығына толсын!» деген ұран көтеріп отыр. Сондай-ақ үй басқармалары мен тұрғын үй конторларының жанынан спорт алаңдары мен пионер бөлмелері ашылған. Өткен жазда қалада балалардың 25 отряды футболдан, 22 отряды теннистен, 10 отряды көркемөнерден сайысқа түсті.

Жас өспірімдер арасындағы осынша үлкен тәрбие жұмысының белсенді бастаушысы, жалынды ұйымдастырушысы комсомол болып отырғанын атап өткен жөн. Қалалық комсомол комитеті қоғамдық тәртіпті қорғау, балаларды дұрыс тәрбиелеу жөнінде партия ұйымдарына, әкімшілік органдарына елеулі көмек көрсетіп келеді.

Соңғы кездері еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі де қоғамдық тәртіпті қорғау, социалистік заңдылықты нығайту жолындағы күреске қызу араласа бастады. Советтің атқару комитеті, депутаттар қауымы, өте-мөте тұрақты комиссиялары бұқаралық-ұйымдастыру жұмысын әжептәуір жандандырды. Қылмыстылыққа, тәртіп бұзушыларға, маскүнемдерге, арамтамақтарға қарсы күресті қалай жүргізіп жатқаны жөнінде әкімшілік органдарының, жұртшылық ұйымдарының жұмысын қорыту қалалық Советтің дәстүріне айналған. Бұл мәселелер туралы Советтің сессияларында прокурор, аға халық судьясы, қалалық милиция бөлімінің бастығы, атқару комитетінің тұрақты комиссияларының председателдері баяндама жасайды, есеп береді.

Кентауда қоғамдық тәртіптің жақсарып, қылмыстылықтың мүлдем азаюына милиция, прокуратура, сот органдарының белсенді қызметі елеулі ықпал жасап отыр. Олар қалалық партия комитетінің басшылығы-

ғымен қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі бүкіл жұмысты бір ізге салып, үйлестіріп, жоспарлы түрде жүзеге асырып отырады. Еңбекшілер арасында совет заңын насихаттау ісі жақсы ұйымдастырылған. Қаладағы халықтық мәдениет университетінде праволық білімдер факультеті жұмыс істейді.

Қалалық милиция бөлімі, оның учаскелік уәкілдері өздерінің бүкіл қызметін бастауыш партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарына, қалың жұртшылыққа сүйеніп жүргізеді. Әкімшілік органдардың негізгі күші, ең пәрменді шаралары қылмыстың алдын алуға, тәртіп бұзушылықты болдырмауға бағытталған. Сондықтан да қалада бұзақылық, тәртіпсіздік фактілері мейлінше азайса, саудагерлік, арамтамақтық атаулы мүлдем жойылды деп айтуға болады. Өткен жылдың өнбойында тұрақты қызметі жоқ екі-ақ адам ұсталып еді, олардың өзі де әлдеқашан жұмысқа орналастырылды.

Кентау қалалық партия ұйымының коммунистік еңбек пен тұрмыс үшін күресте жинаған бай тәжірибесі бар. Ең маңыздысы — қылмыстылық, тәртіпсіздік атаулыны мейлінше азайта отырып, оларды бірте-бірте қоғамымыздың өмірінен біржолата аластау жөніндегі программалық міндетті қаланың партия, совет, комсомол ұйымдары, әкімшілік органдары терең түсініп, бұл мақсатқа еңбекшілердің қалың бұқарасын шын мәнісінде жұмылдырып отыр. Ендігі мәселе — республикамыздың барлық қалалары мен селоларында кентаулықтардың тәжірибесін кеңінен қолдануда. Ерікті халық жасақтарының, жолдастық соттардың, көше комитеттерінің т. б. жұртшылық ұйымдарының жұмысын жақсарту түсу керек. Сондай-ақ еңбекші коллективтерінің ролін көтерген үстіне көтеріп, олардың тура жолдан тайғандарға тәрбиелік ықпалын мейлінше күшейту қажет.

Жергілікті партия ұйымдары жас өспірімдер мен балаларға ерекше қамқорлық жасауға борышты. Бала тәрбиесінде мектеп пен семьяның ролін көтере отырып, сонымен бірге кәсіпорын, құрылыс, колхоз, совхоз коллективтерінің де көмегі мен ықпалын мұқият пайдалану керек. Кәсіпорындардың, цехтар мен учаскелердің, жеке өндіріс орындарының мектепке, кластарға, оқушыларға қамқорлық жасауы жөнінде практикада ақталған әдістерді қолдап, көтермелеп, дамыта берген жөн.

Жасыратыны жоқ, соңғы кездері республикада бұзақылыққа қарсы күрес босансып кетті. Кейбір қалалар мен елді мекендерде бақылаудың нашарлығын пайдаланған бұзақылар еркінсіп, қоғамдық орындарда, көшелерде тәртіп бұзуда, азаматтардың тынышын алуда, кейде тіпті тікелей қылмыс жасауда. Партия ұйымдары мұндай жарамсыз көріністерге қарсы күресті батыл өрістетіп, оның тамырына балта шабуудың пәрменді шараларын қолдануға міндетті.

Қоғамдық тәртіпті қорғау ісін тікелей милиция, сот, прокуратура органдары ұйымдастырады. Демек, бұл жұмыстың нәтижелі болуы көбінесе солардың икемділігіне, іскерлігіне, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қылмыскерлерді аластауға бүкіл еңбекші қауымның күш-жігерін жұмылдыра білуіне байланысты. Қалалық, аудандық партия комитеттері милиция органдарының жұмысын ұдайы бақылап, оларға кадрларды іріктеу, орналастыру, тәрбиелеу ісінде көмектесіп отыруға, бүкіл жұртшылықтың барлық қалалар мен селоларда өнегелі тәртіп орнату жөніндегі жұмысына нақты, іскер басшылық жасауға міндетті.

АМЕРИКАН ИМПЕРИАЛИЗМІ — БОСТАНДЫҚ СҮЙГІШ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ҚАС ДҰШПАНЫ

А. ЗАЙКИН,

тарих ғылымының кандидаты

Қазір бүкіл әлем американизмі дем беріп, бастап отырған халықаралық жанжалдардың куәсі болып отыр. АҚШ империалистері жер шарының біресе о шетінде, біресе бұ шетінде халықтардың шырқын бұзып, жағдайды мүлде шиеленістіре түсуде. Олар социалистік елдерге, отарлық езгіден азат болған мемлекеттерге, халықтардың революциялық қозғалысына қарсы барған сайын өршелене шабуыл жасап, агрессиялық шаралар қолданып келеді. Реакциялық күштер алға қарай үдере дамыған тарихи процесті тежеп, тоқтатуға жанталасуда. Вьетнамдағы, Лаос пен Доминикан Республикасындағы агрессия, Кубаға қарсы үздіксіз жасалып отырған арандату әрекеттері, империалистердің Конгодағы күреске араласуы — осының бәрі халықаралық империализмнің азаттық жолындағы қозғалыстың қас дұшпаны екенін көрсетеді.

Американизмі өздерінің осындай қараниет мақсатына жету үшін ешнәрседен тайынып отырған жоқ. Олар ядролық қаруға ие болу үшін жанталасқан, гитлершіл Германияны талқандаудың нәтижесінде белгіленген шекараны қайта қарауды барған сайын арсыздықпен талап етіп отырған Батыс Германиядағы милитаристік, реваншист топтарды ашықтан-ашық қолдауда. Американизмі жапон милитаризмінің қайтадан жандануына да жәрдемдесіп, оларды социалистік ынтымақ елдері мен халықтардың азаттық қозғалысына қарсы пайдалануды көздейді.

Империалистер Чан Кай-ши мен Пак Чжон Хидің, Франко мен Салазардың сатқын да халыққа қас топтарын қаржыландырып отыр. Сонымен бірге олар әртүрлі агрессиялық блоктар мен одақтар құрып, Азия мен Африканың жаңадан дамып келе жатқан елдерінің ішкі істеріне өрескелдікпен қол сұғуда, Латын Америкасының бостандық сүйгіш халықтарын қанап, тұншықтыра түсуде, 20 миллионнан астам негр халқын тозақ отына салуда.

Американизмі бүгінде реакция мен агрессияның тірегіне, халықаралық жандармға айналды. Олар барлық прогресс атаулыға өршелене қарсы шығып, халықтардың өз бостандығы, ұлттық тәуелсіздігі мен әлеуметтік прогресс жолындағы күресіне деген еркін мұқалтып, еңсесін түсіруге тырысады. АҚШ-тың қазіргі президенті Линдон Джонсон өздерінің басқыншылық саясатын «занды» деп қаншалықты даурыққанымен, АҚШ-тың ерекше миссиясы жайлы қаншама лепіргенімен, қазіргі кезде американизмі барлық бостандық сүйгіш халықтардың қас дұшпаны болып отырғанын ешкімнен жасыра алмайды.

Американизмі жөнінде кезінде В. И. Лениннің өзі толық талдау жасап, әділ баға берген болатын. Халықаралық пролетариаттың ұлы көсемі АҚШ-ты «нағыз құтырынған империализмнің» (Шығармалар, 28-том, 183-бет) елі деп әлденеше рет атаған-ды. Американизмі, деп көрсетті Ленин, «әлсіз және аз халықтарды нағыз арсыздықпен езудің және тұншықтырудың формасы болып шықты». Олар халықтардың қырағылығын әлсіретуге өздерінің «бейбітшілдігі» жайлы жалған насихатты кеңінен пайдаланып бағады. Сонымен бірге олар

«көмектесеміз деген желеумен тұншықтыру тәсілін» (Шығармалар, 28-том, 35-бет) кеңінен қолданады, сөйтіп көнбейтін халықтардың мойнына «аштық қамытын» оңдырмай кигізеді.

Дегенмен американ империализмі тікелей күш жұмсап, қанға бояу әдісіне көбірек жүгінеді. Американ «демократиясы» дегеніміз, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «жүз миллиондаған адамдарды күйзелтуге әзір ең аюан, ең арсыз жыртқышқа арналған әсем бүркеніштен басқа түк те емес» (Шығармалар, 29-том, 49-бет).

Лениннің бұл сөздері күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ. Капиталдың үстемдік өрісі неғұрлым тарыла түскен сайын американ монополистерінің агрессорлығы онан әрі өршіп, АҚШ империализмі халықтар бостандығын аяусыз тұншықтырушы жандарм ролін атқаруда.

Американ империалистері дүние жүзілік екінші соғыс аяқталысымен-ақ қайдағы бір «глобалдық міндеттемелер» дегенді сылтау етіп, капиталистік дүниеге түгелдей дерлік өздерінің соғыс базаларын жыпырлатты, көптеген аймақты мықты бекініске айналдырып жіберді. Сол базаларға сүйене отырып, олар грек халқының азаттық қозғалысын қанға батырды. Индонезиядағы ұлт-азаттық революция мен Қытайдағы халықтық-демократиялық революцияның жеңіске жетуіне қарсы шаралардың бәрін пайдаланып бақты, кедергі жасауға тырысты, ол үшін империалистер ежелгі Қытай аралы Тайваньды басып алды, 37 ай бойы қарман корей халқына қарсы қанды соғыс жүргізді. АҚШ империалистері бұл соғыста маскара болып жеңілді, алайда бұдан олар тиісті сабақ алмады. Қайта агрессиялық әрекеттердің өрісі онан әрі ұлғая берді. Олар өз әскерлерін 30-дан астам елде күні бүгінге дейін ұстап отыр, оның үстіне тағы да 42 елді «қорғауға» міндеттеме алды.

Американ империалистері жұрт алдында өздерін «азат дүние» деп атайтын елдерді «қорғаушы» мемлекет етіп көрсету үшін жанталасуда. Шын мәнінде бұл құр жамылғы ғана. Осы сылтаумен олар өздеріне тәуелді елдердің халқын тұншықтырып, талап-тонауда, агрессиялық әрекеттерді үсті-үстіне жасауда.

Американ империалистері бүкіл әлемді жаңа соғыс өртіне киліктіруге ашықтан-ашық әзірленіп жатқанын фактілер айдан анық дәлелдеп отыр. Соңғы 20 жылдың ішінде олар соғысқа әзірлену үшін 800 миллиард доллардан астам қаржы жұмсады. Олардың агрессиялық саясаты дүние жүзіндегі бейбітшілікке тікелей қауіп-қатер төндіруде.

АҚШ-тың Вьетнамда жүргізіп отырған қанқұйлы әрекеті халықаралық жағдайды барған сайын шиеленістіріп, соғыс өртін тұтандырудың басты қаупіне айналдырып отыр. Олар бұдан 11 жыл бұрын қол қойылған Вьетнам жөніндегі Женева келісімін аяқ асты етуде. Соның салдарынан бұл елде әлі күнге дейін тыныштық орнамай келеді.

АҚШ әуелгі кезде Оңтүстік Вьетнамдағы сайгондық қуыршақ үкіметке көмектесу ниетімен ондаған соғыс «кеңесшілерін» жіберген еді. Ондағы мақсаты — солардың жәрдеммен сайгондық қарулы күштер ұйымдастырып, ұлттың қайта бірігуі жолындағы патриоттық қозғалысты басып-жаншу болатын. Алайда Оңтүстік Вьетнам патриоттарының күресі барған сайын кең етек ала бастады. Осыған орай американ «кеңесшілерінің» саны да қаулап өсе берді. Сайгондық тәртіпке деген әскери көмек те судай тасыды. Мәселен, АҚШ соңғы 11 жылдың ішінде Оңтүстік Вьетнамға 5 миллиард доллардан астам қаржыға қару-жарақ жіберді. Мұндағы американ «кеңесшілерінің» саны 75 мыңға жетті, 169 соғыс-әуе және 11 соғыс-теңіз базасын орнатты. Вьетнамның жағалауларына аса ірі 7-ші флотты шоғырландырып, Оңтүстік Вьетнам патриоттарына қарсы стратегиялық авиацияның жүздеген самолеттерін аттандырды. АҚШ империалистері мұны да місе тұтпай, соғыстың барысында бейбіт халыққа қарсы әлденеше рет уландырғыш заттарды қолдануға дейін барды.

Американ империалистері мен Сайгон қуыршақ үкіметінің аюандығында шек жоқ. Алайда олар қаншалықты қатыгездік жасаса да, Оңтүстік Вьетнам патриоттарының азаттық жолындағы күресін тұншықтыру түгіл, олардың сағын да сындыра алмады. Қайта бұл күрес қазірде бұқаралық сипат алып, бұрынғыдан да кең өрістеп отыр.

Міне, осындай жағдайдан соң АҚШ империалистері мұндағы агрессияны тіпті кең көлемде өрістетіп түсті. Үстіміздегі жылдың февраль айында суверенді социалистік мемлекет — Вьетнам Демократиялық Республикасының елді пункттерін аюандықпен бомбалай бастады. Олар тіпті халықаралық правоның қарапайым нормаларын бұзып, аяқ асты етті. АҚШ империализмі бұл арсыздығымен жауыздық қылығын тары да көрсетіп берді. Олар Оңтүстік Вьетнамдағы үздіксіз жеңіліс үшін «Қаз ашуын тырнадан алады» дегендей, енді Вьетнам Демократиялық Республикасының бейбіт халқынан өш алғысы келді. Бірақ ержүрек Вьетнам халқы бұл қоқан-лоққыдан сескенген де жоқ. Американ империализмінің жауыздық әрекеті вьетнам патриоттарының жүрегін шайлықтыра алмады. Империалистер бұл жолы да сәтсіздікке ұшырап, есебінен қатты жаңылды. Ұлтты қайта біріктіру жолындағы күрес бір минут те толастаған жоқ. Қайта, агрессорлар дүние жүзі халықтарының алдында масқара болып, өздерінің халықаралық жандарм екенін тағы да көрсетті.

Дүние жүзінде вьетнам халқының өз бостандығы мен ұлттық бірлігі жолындағы ерлік күресін қолдаған қуатты қозғалыс кең өріс алды. Оның үстіне бұл қозғалыс тұтас бір елдің халқын жоймақшы болған американ империализмінің агрессиялық әрекеттерін, олардың қылмысты саясатын, қанқұйлы жоспарын айыптайтын қозғалыс болып саналады.

АҚШ империалистері масқара жеңіліске ұшыраудан қашу үшін соғыс шеңберін ұлғайта түсуді жоспарлап отыр. Осы мақсатпен Джонсонның үкіметі Вьетнамдағы американ әскерінің санын биылғы жылдың аяғына дейін 300 мың адамға жеткізбекші. Сонымен бірге патриоттық күштерге қарсы соғыс әрекеттеріне бұдан былай американ әскерлерінің тікелей қатысуы жөнінде бұйрық берілген. Американың агрессиялық жоспарын сәтсіздікке ұшыратқан Сайгондағы елшісі Макеуэл Тэйлордың орнына қазір Генри Кэбот Лодж тағайындалды. АҚШ президенті Джонсон сенаттан Вьетнамдағы соғыс әрекеттері үшін биылғы жылы қосымша 700 миллион доллар қаржы бөлуді және басқа шаралар қолдануды талап етті. Бірақ осының бәрі ойсыраған мүшкіл жағдайды ешбір түзей алмайды. Америка Құрама Штаттары, — деп мойындады таяуда американ сенаторы Морзе, — ақыр соңында өздерін Азиядан табанын жалтырататындай жағдайға душар етіп отыр. Барлық агрессорлардың басына да осындай күн туғанын тарих әлдеқашан-ақ дәлелдеп берген-ді. Мұны АҚШ дүние жүзінің басқа аймақтарынан да сезіп отыр.

Латын Америкасы туралы да осыны айтуға болады. Бұл елдер бағзы заманнан американ империализмінің тарапынан адам төзгісіз қанау мен талауға түсіп келеді. АҚШ монополистері олардың бар байлығын сүліктей сорып, халқын қараңғылықта, правосыздықта ұстап, емін-еркін қанауда. Жүгенсіз, озбыр империалистер бұл елдердің аса маңызды экономикалық жайларын билеп-төстеп, халықаралық аренада олардың негізгі саясатын өздері бағыттап жүргізуде.

Бұл жайында мынадай деректерді келтірсек те жеткілікті. Атап айтқанда, қазіргі кезде американ монополиясы Латын Америкасында кен рудасы шикізатын өндірудің 95 процентіне, мұнай өндірудің 60 процентіне бақылау жасайды. Шетелдерге берілетін АҚШ жеке меншік капиталының 35 проценті осы елдердің мойнына түседі. Бұл күрделі қаржы 1955 жылы 6,5 миллиард доллар болса, қазіргі кезде 11 миллиард долларға жетіп отыр. Латын Америкасы елдерін қанау арқылы АҚШ моно-

полиясы қисапсыз көп пайда табуда. Соғыстан кейінгі 20 жылдың ішінде осындай пайданың сомасы 19 миллиард доллар болды.

Олар тіпті ашықтан-ашық тонауға дейін ұялмай баруда. Сонын салдарынан Латын Америкасының қалың бұқарасы экономикалық жағынан мейлінше артта қалып, қайыршылық тұрмыс пен аштықтың тақсиретін тартуда. Тап қазір 120 миллион адам жоқшылықта отыр. Мәселен, Гаитиде жыл сайынғы кірісті жан басына шаққанда 100 доллардан аспайды. Бұл Америка Құрама Штаттарындағыдан 20 есе кем. Ал Парагвайда осындай таршылық зардабынан жыл сайын жаңадан туған әрбір мың баланың 257-сі өліп отырады. Латын Америкасы елдерінің көпшілігінде жағдай тап осылай.

АҚШ монополистері ертегідегі қансорғыш жалмауыздай Латын Америкасы елдері халықтарын сорлатып, өз қалталарын барған сайын қалыңдата түсуде. Онымен қоймай, олар бұл елдердің ішкі істеріне өрескел қол сұғып, үкіметке қарсы төңкерістер ұйымдастыруға, арамзалықпен ірткі салуға дейін барады. Империалистер жер-жерде өз қолшоқпарларын үкімет басына әкеп коюда. Солар арқылы қайсы бір елдегі ұлт-азаттық қозғалыстарды басып-жаншуды мақсат тұтады. Қысқасы, американ империалистері Латын Америкасы халықтарының ұлт-азаттық революциясын тұншықтырушы ең бір қаскүнем күш болып отыр.

Бұған мына мысал да айқын дәлел бола алады. 1953 жылы Гватемаланың прогресшіл күштері сайлауда жеткен жеңістен соң елдің ұлттық суверенитетін сақтау, оның экономикалық жағынан тәуелсіздікке жетуін қамтамасыз ету, тәуелділіктің отарлық және феодалдық түрлерін жою жөнінде бірқатар табысқа ие болған еді. Келесі жылы АҚШ империалистері бұл елдегі ұлт-азаттық революцияға қарсы ашықтан-ашық қарулы интервенция жасады. Олар Гватемаланың феодалдық-клерикалдық топтарына арқа сүйей отырып, Арбенстің демократиялық үкіметін құлатты, ондағы демократиялық реформаларды түгелдей жойды. Ақыр соңында бұл елде диктаторлық тәртіп орнатты.

Американ империалистері Кубада да осындай жағдай орнатқысы келді. Бірақ та онда революция жеңіске ие болды. Бұдан соң 1961—1962 жылдары олар Кубаға қарсы интервенция ұйымдастыруға тырысып, Батыс жарты шарындағы шынайы халықтық тұңғыш революцияны тұншықтыруды көздеді. Бұл әрекетті күні бүгінге дейін тоқтатқан жоқ. Бостандық аралына деген қастандық әрекеттер, экономикалық қоршау дегендер әлі де толассыз жүргізілуде.

АҚШ империалистері 1964 жылдың январь айында Панама патриоттық күштерінің азаттық жолындағы қозғалысын аяусыз басып, жаныштады. Америка әскерлері Панама патриоттарына қарсы сан рет оқ жаудырып, оларды өздерінің заңды жерінен бас тартуға мәжбүр еткісі келді. Осындай қауіп Бразилияға да төнді. Бұған себеп, 1963 жылдың аяғы мен 1964 жылдың бас кезінде халық бұқарасының қысымымен Гуларт бастаған үкімет демократиялық реформалар жасау және АҚШ монополиясына қарайтын кәсіпорындарды ішінара национализациялау жолына түсе бастағанды. Бұл жағдай Вашингтон мырзаларына ұнамады, олардың ашу-ызасын келтірді. АҚШ-тың әмірі бойынша бұл жерде де әскери диктатура орнатылды. Іле-шала елдегі коммунистер мен демократтарды, реформаларды жақтаушыларды қуғын-сүргінге ұшырату басталды.

Осыдан екі жыл бұрын американ империалистері Доминикан Республикасындағы Хуан Боштың либералдық үкіметін құлатуға, сөйтіп онда әскери хунтаның диктаторлық тәртіп орнатуына ұйтқы болды. Себебі, Бош үкіметінің либералдық жоспарлары американдарға ұнай қоймады. Бірақ генералдардың үкімет басында болуы ұзаққа созылған жоқ. Биылғы жылдың апрель айында халық көтерілісі бұл үкіметті орнынан түсірді. Сол-ақ мұң екен, американ империалистері дереу қарулы

интервенция жасады. Олар Доминикан Республикасына коммунистер қастандық жасап отыр деген желеумен Америка теңіз жаяу әскерінің 30 мыңнан астам адамы бар отрядын жіберді. Осы отрядтың күшімен патриоттарға қарсы оқ жаудырылды. Елдегі өкімет билігі қандыбалақ генерал Имбертоның әскери хунтасына көшті.

Содан бері үш айдан астам уақыт өтті. Интервенттер үш миллион халықтың мазасын алып, революциялық күштердің сағын сындыру үшін оларды қанға бояуда. Бұл жөнінде агрессорлар Америка мемлекеттері ұйымын да пайдаланып, өз ықтиярына көндіріп отыр. АҚШ империализмінің Доминикан Республикасына қарсы жасап отырған интервенциясы бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің ашу-ызасын келтірді. Агрессорлар бұл жолы да жұрт алдында масқара болды. Амал не, осының бәрі де оларға сабақ болар емес.

Американдар өз дегенін жасату үшін қолдағы қару күшімен барған сайын өршелене қысым көрсетуде. Жалғыз бұл емес, Латын Америкасының Уругвай, Чили, Мексика, Аргентина сияқты елдеріне де әртүрлі айла-шарғымен осындай өктемдік жүргізіп келеді.

АҚШ үкіметі август айының бас кезінде болып өткен Америка мемлекеттері ұйымының кезекті америкааралық конференциясын да осы мақсат үшін пайдалануды көздеп, коммунистік идеяларға қарсы насихат жұмысын жүргізіп-ақ бақты. Олар Латын Америкасы елдеріне полицейлік бақылау қою программасын жүзеге асыруды көздейді. Бұл үшін «Прогресс үшін жасалған одақ» деген атышулы ұйымды кеңінен пайдалануда. Ондағы басты мақсат — олар Латын елдерін тең праволылық принципінен айыру, оларды түгелдей АҚШ-тың ыркына көндіру, джунгли заңдары бойынша қапас түнекте ұстау.

Американ империалистері Африка елдерін де осылайша емін-еркін билеп-төстеуді басты мақсат көреді. Олар бұл континенттегі экономикалық жағынан нашар дамыған көптеген жас мемлекеттердің әлі де болса капиталистік дүниеге тәуелділігін пайдаланып, өз өктемдігін жүргізгісі келеді. Сонымен қатар Африка континентіндегі отаршылдықтың соңғы тіректерін сақтап қалуға тырысады. Қысқасы, американ империализмі бүгінгі күні ұлт-азаттық қозғалыс пен қазіргі заманның демократиялық күштері атаулының бәріне қарсы ашықтан-ашық соғыс жариялап отыр. Алайда империалистердің дегені болмайды. Бейбітшілік пен халықтардың бостандығы жолындағы күрескерлердің қатары барған сайын нығая түсуде. Бейбітшілік пен прогресс күштері соғыс пен отаршылдық күштерінен әлдеқайда мықты.

Бұған өткен айдың ішінде Финляндияның астанасы Хельсинкиде болып өткен Бүкіл дүние жүзілік бейбітшілік конгресінің шешімдері де толық дәлел. Барлық елдер мен континенттердің өкілдері агрессияның қанқұйлы күштеріне «Сендерге жол жоқ» деген батыл да кесімді сөзін айтты. Олар халықтардың тәуелсіздік, бірлік және бейбітшілік, жалпыға бірдей қарусыздану жолындағы әділетті күресін қолдады.

Совет Одағы халықтар арасында баянды бейбітшілік пен достық орнату жолындағы, агрессия мен соғысқұмар империалистік саясатқа қарсы күрестің принциптерінен айнымайды. «Біз, — деді жуырда Л. И. Брежнев жолдас, — халықаралық шиеленісті бәсеңдетуді жақтаймыз және әрқашан да осыған ұмтылып келеміз. Ал біздің еліміз Совет мемлекетінің хауіпсіздігіне қол сұғу әрекеттерінің қандайына болса да батыл тойтарыс беруге әзір». Бұл сөздер халықаралық жандарм ролін атқарып отырған американ империалистері үшін қатаң ескерту болып саналады.

№ 1966

Лениндік ұлт саясаты және қазақ социалистік ұлтының дамуы

Н. КИІКБАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты


Партияның жаңа Программасы елімізде ұлт мәселесінің ойдағыдай шешілуі социализмнің аса ұлы жеңістерінің бірі деп санайды. Бұл — қоғам дамуының ең күрделі мәселелерінің бірі. Совет Одағында ұлт мәселесінің шешілуі В. И. Лениннің есімімен тығыз байланысты. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін әлеуметтік қанау мен ұлттық езгіге қарсы аса зор революциялық күреске арнады.

В. И. Ленин — ұлт мәселесінің асқан теоретигі. Ол Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын да, одан кейін де ұлт мәселесі жөнінде үлкенді-кішілі жүзден астам еңбек жазды, осы мәселе жөніндегі партияның программалық документтерінің, Совет өкіметінің тарихи декларациялары мен директиваларының авторы болды.

В. И. Ленин өз еңбектерінде К. Маркс пен Ф. Энгельстің ұлт мәселесі жөніндегі идеяларын империализм мен пролетарлық революциялар заманындағы тарихи жағдайға сай, елімізде социалистік қоғам орнатуға байланысты творчестволықпен дамыта отырып, ұлт және ұлт-отар, ұлт-аралық қарым-қатынастар жөнінде тұтас та сындарлы ілім жасады. Коммунистік партияның ұлт мәселесін дұрыс шешуі үшін нақты жол көрсетті, нағыз интернационалдық программа мен әділ саясатты белгілеп берді.

Большевиктік партия ұлы Лениннің басшылығымен орыс жұмысшы табы мен Россиядағы барлық халықтардың бірлігін шындап, оларды әлеуметтік және ұлттық езгіні түпкілікті жойған Ұлы Октябрь социалистік революциясының тамаша жеңісіне жеткізді. В. И. Ленин пролетариат диктатурасы мен социалистік құрылыс жағдайында Коммунистік партия мен Совет үкіметінің елімізде ұлт мәселесін шешу жөніндегі жеңімпаз практикалық зор жұмыстарына тікелей басшылық етті. Ұлы Лениннің идеясы бойынша және оның дана басшылығы арқасында Коммунистік партия 1917—1924 жылдардың арасында еліміздегі ұлт-отарлық жүйені біржолата талқандап, бұрын езгіде болып келген халықтардың советтік мемлекетін ұйымдастырды және оларды тең праволылық пен еркіндік негізінде біртұтас көп ұлтты социалистік мемлекет — Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктірді.

Барлық жас советтік ұлт мемлекеттерінде Коммунистік партияның айрылмас бөлегі ретінде партия ұйымдары құрылып, қалыптасты. Сонымен қатар В. И. Ленин елімізде социализм орнатудың құрамдас бөлегіне айналған ұлт мәселесі жөніндегі Коммунистік партияның теориясы мен саясатын онан әрі нақтылап, дамыта түсті. Ұлт мәселесінің түбірлі проблемалары Лениннің Совет өкіметі тұсында жазылған еңбектерінде теориялық әрі практикалық жағынан терең негізделді. Олар мыналар: советтік федерация мен автономияның мәні мен принциптері және халықтардың ұлттық Совет мемлекеті мен СССР-ді нығайту; артта қалған халықтардың дамудың капиталистік сатысына соқпай, патриархтық-феодалдық қатынастардан бірте-бірте социализмге өту мүмкіндігі тура-



лы; орыс жұмысшы табы мен ұлт республикалары мен облыстары еңбекші шаруаларының қарым-қатынасын жақсартып, олардың берік одағын құру; ұлы державалық шовинизм мен жергілікті буржуазиялық ұлтшылдық идеологиясын талқандау; елімізді мекендеген халықтар мен ұлттардың жұмысшы табы мен еңбекшілерін пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу және халықтар достығын орнатып, нығайту; бұрын езілген халықтардың іс жүзіндегі саяси, экономика және мәдениет жөніндегі теңсіздігін жою, олардың озат социалистік экономикасы мен мәдениетін дамыту, ұлттық суверенитетін нығайту; социалистік ұлттардың қалыптасып, гүлденуі және олардың коммунизмге қарай дамуы мен жақындасуы, келешекте қосылуы. В. И. Ленин ұлт мәселесін нағыз пролетарлық интернационализм тұрғысынан шешу жолдарын ұсынды, мұнда барынша сақтық жасауды, езілген ұлттар мен халықтардың мұқтаждары мен қажеттеріне мұқият зейін қойып қарауды, социализм құру ісінде олардың ұлттық және тарихи ерекшеліктерін еске алып отыруды талап етті.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен бергі уақыт ішінде, социалистік қоғам орнатудың барлық кезеңдерінде, коммунизмді кеңінен өрістетуде дәуірінде де лениндік ұлт саясатын творчестволықпен дамытумен қатар, оны мүлтіксіз іске асырып отыр. Осының нәтижесінде СССР-де ұлт мәселесі түбегейлі шешілді. Елімізде ұлт мәселесінің шешілуіне, лениндік ұлт саясатының салтанат құруына Ұлы Октябрь революциясынан кейін, социалистік құрылыс жылдарында қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасуы мен гүлдене дамуы айқын мысал бола алады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан соң елімізде пайда болған басқа да социалистік ұлттар сияқты, қазақ социалистік ұлтының да қалыптасып, дамуы — социализм қоғамына тән тарихи объективтік заңды құбылыс. Қазақ халқының пролетариат диктатурасы мемлекетінің тұсында социалистік ұлт болып қалыптасуы В. И. Лениннің асқан терең ғылыми-теориялық даналығының және зор революцияшыл практикалық ісінің тікелей нәтижесі.

Біріншіден, елімізде социализм орнату жоспарының құрамды бөлігі болып табылатын ұлт саясаты қазақ халқының социалистік жолмен дамуының, бүкіл өмір тірлігінің негізгі арқауы болды. Әсіресе В. И. Лениннің бұрын артта қалған халықтар дамудың капиталистік сатысына соқпай, социализмге тікелей өте алады деген қағидасының, социалистік ұлттардың қалыптасу заңдылығы жайлы ілімінің қазақ халқы үшін аса зор маңызы болды.

Екіншіден, В. И. Лениннің өзі қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасуының салалы мәселелерін шешуге тікелей қатысып, басшылық етті. Атап айтқанда, Қазақстанда Совет өкіметінің орнауы, социалистік экономиканың ірге тасының қалануы, қазақ автономиялық республикасы мен Қазақстан партия ұйымының құрылуы — В. И. Лениннің тікелей қатысуымен және оның басшылығымен жүзеге асырылды. Ол Советтердің Бүкіл россиялық VII съезіне барған Қазақстан делегаттарымен әңгімелескенде қазақ халқының келешегінің зор екендігі жөнінде асқан сеніммен былай деген-ді: «Сіздердің өлкелеріңіз бай, оның мүмкіншіліктері зор. Өлкеніңді өркендету керек. Біз оны сөзсіз өркендететін боламыз, өркендетеміз де, ол үшін халықтың күші жетеді».

Үшіншіден, барлық социалистік ұлттардың, соның ішінде қазақ социалистік ұлтының қалыптасу процесінің саяси негізі, берік тірегі ұлы Ленин ұйымдастырған пролетариат диктатурасы — Совет мемлекеті болды. Ал Коммунистік партия барлық халықтардың социалистік ұлт болып қалыптасуына қажетті жағдайдың бәрін жасап, бұл процестің барысын саналы түрде басқарып отырды.

* * *

Қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасуы Ұлы Октябрьдің арайлы таңынан басталып, социалистік қоғамның орнауымен аяқталды. Айта кететін бір жай: революцияға дейін дамудың капиталистік сатысын өтпеген, буржуазиялық ұлт болып қалыптасу процесін әлі аяқтамаған қазақ халқының социалистік ұлт болуы күрделі де қиындау болды, едәуір ұзаққа созылды.

Қазақ социалистік ұлтының қалыптасуы мен даму тарихын төрт кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең — қазақ социалистік ұлтының қалыптаса бастауы (1917—1928 жылдар). Бұл жылдардың ішінде Коммунистік партия мен Совет үкіметі Қазақстанда өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыру, шаруашылықтың шешуші тұтқасы — жерді, банкті, транспортты, сыртқы сауданы, ірі өнеркәсіптің түрлі салаларын бүкіл халық меншігіне айналдыру жөніндегі шараларын жүзеге асырды. Сондай-ақ жер мәселесіндегі отаршылдықтың зардапты қалдықтарын жойды. Қазақ жерін біріктіру, көшпелі еңбекші шаруаларды ішінара қоныстандыру, егістік пен шабындық жерлерді қайта бөлу, байларды конфискалау шаралары жүргізілді. Мәдениет құрылысы саласында ұлт кадрларын тәрбиелеп өсіру және еңбекші бұқараны жана социалистік рухта тәрбиелеу жөнінде көптеген жұмыстар істелді. Осының бәрі қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасуы жолындағы аса маңызды алғашқы адым болды.

Біріншіден, қазақ халқының советтік ұлт болып қалыптасуының басты шарттарының бірі — социалистік ұлтқа тән территория тұтастығы құрылды.

Екіншіден, халық шаруашылығын қалпына келтіру нәтижесінде туған социалистік құрылыстың алғашқы табыстары қазақ социалистік ұлтының басқа да белгілерінің қалыптасуына үлкен әсер етті. Қазақ тілі мемлекеттік тілге айналып, жетіле, байи бастады. Қазақ халқының жана өмірге сай рухани және әлеуметтік-саяси бейнесі өзгерді, оның экономикалық өмір тұтастығының тірегі социалистік экономика құрыла бастады. Қазақ совет жұмысшы табының қалыптасуы да басталды. Алайда Совет өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ социалистік ұлтының экономикалық өмір тұтастығы, ұлттық рухани бейнесі сияқты белгілері мен таптық құрамы әлі де толық қалыптасып болмаған еді.

Екінші кезең — қазақ халқының социалистік ұлт болып қалыптасуының аяқталуы (1928—1937 жылдар). Бұл жылдары, бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да социалистік индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты іске асырылып, мәдени революция жасалды. Социализмнің жетуімен қазақ социалистік ұлтының басты белгілері де қалыптасып бітті.

Біріншіден, республиканың астанасы — Алматы қаласы қазақ социалистік ұлтының экономикалық және мәдени орталығы болып өсті.

Екіншіден, социализм негізінде патриархтық-феодалдық қатынас және қазақтардың көшпелі өміріне тән патриархтық пен даралық, томара-тұйықтық жойылды, қазақ социалистік ұлтының берік экономикалық өмір тұтастығы құрылды — шаруашылықтың социалистік системасы мен социалистік өндіріс қатынастары қазақ қоғамында үстем болып, баянды етілді.

Социалистік қоғамның жана таптары — қазақ совет жұмысшы табы мен колхозшы шаруа, сондай-ақ қазақтың халықтық интеллигенциясы өсіп жетілді. Сөйтіп, біздің еліміздегі басқа социалистік ұлттар сияқты, Совет өкіметі саясында қалыптасқан қазақ ұлты да ынтымағы жарасқан, саяси және экономикалық тілектері мен мүдделері бір, дос совет жұмысшы және колхозшы шаруа табы мен совет интеллигенциясынан құрылды.

Үшіншіден, қазақ социалистік ұлтының мәдениеті жасалып, оның жаңа психикалық пішіні қалыптасты. Қазақ социалистік ұлтының психикалық пішінінің басты сипаттары — Коммунистік партия мен Совет өкіметіне берілгендік пен сүйіспеншілік, өз Отаны мен халқын сүйішілік, еңбектегі ерлік, қоғамдық мүлікті көздің қарашығындай сақтау,

коммунизм құру ісіне шынымен берілу, орыс халқын сүйу, халықтар достығын және пролетарлық интернационализм идеясын қуаттау. Социалистік құрылыс барысында қазақ социалистік ұлтының белгілерінің бірі — қазақ әдеби тілі қалыптасып дамыды.

Үшінші кезең — қазақ социалистік ұлтының гүлденуі (1938—1959 жылдар). Ұлы Отан соғысының қатал сынынан сүрінбей өткен қазақ социалистік ұлтының материалдық және рухани күші соғыстан кейінгі жылдары өрлей дамып, оның мемлекеттік суверенитеті онан әрі нығая түсті.

Төртінші кезең — қазақ социалистік ұлтының коммунизмнің биік шыңына қарай қадам басуы. Коммунистік қоғам орнатудың басты міндеттерінен туып отырған ұлт мәселесі саласындағы міндеттер партияның XXII съезі қабылдаған жаңа Программда айқын белгіленіп, социалистік ұлттардың және олардың қарым-қатынастарының даму заңдылықтары жан-жақты көрсетілді.

Социалистік ұлттардың бір-бірімен қоғамдық өмірдің барлық саласында үнемі жақындасуы — аса терең мағналы диалектикалық біртұтас, екі жақты тарихи процесс. Бір жағынан, социалистік ұлттар мен халықтардың саяси өмірі мен экономикасы, мәдениеті коммунизм шыңына қарай толық және жан-жақты дамытылады, ал, екінші жағынан, социалистік ұлттардың шын мәніндегі коммунистік гүлденуі негізінде өзара жақындасуы арта береді. Сөйтіп, ұлттарды жақындастыру негізінде оларды барынша өркендету — СССР-дегі ұлт мәселесінің түбірлі мәні, ұлттық қарым-қатынастың жаңа кезеңінің — коммунистік сипат алу кезеңінің басты белгісі.

Коммунистік құрылыстың барысындағы социалистік ұлттардың, соның ішінде қазақ социалистік ұлтының да алып адыммен коммунизмге қарай дамуының басты сипаттары, нақтылап айтқанда, мына төмендегідей деуге болады. Барлық ұлттар мен халықтардың социализмнің толық та түпкілікті жеңуі негізінде қолы жеткен іс жүзіндегі теңдігі мұнан былай да мұқият сақталады, советтік ұлттардың экономикасы мен мәдениеті коммунизм негізінде жан-жақты дамытылады, ұлт республикаларының праволары барған сайын арттырылып, ұлттық мемлекеттің дамуы жетілдіріледі және олардың өскелең материалдық, рухани мүдделері мен талаптары барынша жан-жақты қанағаттандырылып отырады.

Әрбір социалистік ұлт ғылым мен техниканың табыстарына, өзара көмекке сүйене отырып, елді түгелдей электрлендіруді, өндіріс жұмыстарын кен көлемде механикаландыру мен автоматтандыруды, шаруашылық тарауларын мамандандыру мен кооперативтендіруді және өндірісті ұйымдастыруды онан әрі жетілдіреді. Сөйтіп, еліміздің басқа ұлттары сияқты, қазақ социалистік ұлты да коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға үлес қоса отырып, өз республикасының, экономикасы мен өндіргіш күштерінің дамуын коммунистік сатыға көтеруге, қоғам өмірінің барлық саласында коммунистік қатынастарды баянды етуге ұмтылады.

КПСС Программасында белгіленгендей, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының экономикасы мен өндіргіш күштерінің қарыштап дамуы — бұған толық дәлел. Коммунистік құрылысты кеңінен өрістетуде Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуге жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері республикада бұған дейінгі жылдарда жұмсалған күрделі қаржыдан 13—15 есе артық болады, ұлттық табыс 6 есе, өнеркәсіп өнімі 12,7 есе, оның ішінде электр қуаты 20 есе, машина жасау 27 есе, ал ауыр машина жасау 43, шойын қорыту 80 есе артады. Республика жыл сайын астық, сүт, ет, жүн тағы басқа ауылшаруашылық өнімдерін еселеп беруі керек. Коммунистік қоғам орнату дәуірінде қазақ социалистік ұлтының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті одан әрі дамиды, оның ұлттық тілі кең өріс ала-

ды. Коммунизм адамын баулып өсіру, жаңа адам тәрбиелеу міндеті шешіледі.

КПСС жаңа Программасы СССР халықтарының мызғымас берік достығын биік сатыға көтеруді, социалистік ұлттардың бір-бірімен қоғамдық өмірдің барлық саласында жақындасып, өзара бірлік орнатуын көздеп отыр. Міне сондықтан да біздің партия коммунистік құрылысты кеңінен өрістетуді дәуірінің өн бойында халықтардың ұлттық ерекшеліктерін ескерумен қатар, ұлтшылдық пен шовинизм атаулының қандай да болсын көріністері мен қалдықтарына қарсы, ұлттық шектелушілік пен оқшауланушылық тенденцияларына қарсы, ескілікті дәріптеп, халықтар тарихындағы әлеуметтік қайшылықтарды бүркеушілікке қарсы, дәурені өткен, зиянды әдет-ғұрыптарға қарсы ымырасыз күрес жүргізеді.

Социалистік ұлттарды өмірдің барлық саласында барған сайын жақындастыра беру мақсатында Коммунистік партия мен Совет үкіметі коммунистік қоғам орнату барысында мынадай нақтылы шараларды іске асыруды көздеп отыр.

Атап айтқанда:

а) социалистік ұлттар дамуы мен ұлтаралық қарым-қатынас саласындағы жаңа міндеттерді пролетарлық интернационализм принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыру, лениндік ұлт саясатын бұлжытпай жүргізу негізінде шешу;

ә) социализм негізінде ұлт республикаларының арасында қоғамдық өмірдің барлық саласында қалыптасқан достық қарым-қатынас, өзара көмек дәстүрін сақтап, шынықтыру;

б) қоғамдық өндірісті тиімді орналастыру, табиғат байлықтарын жоспарлы түрде кеңінен пайдалану, республикааралық социалистік еңбек бөлісін жетілдіру негізінде бұдан былай да елдің экономикасы мен өндіріс күштерін дамытуда барлық ұлттар мен халықтардың еңбек қимылын біріктіріп, әрбір совет республикасының мүдделерін бүкіл мемлекет мүдделерімен тиімді ұштастырып отыру. Өмір талабына сай жер суландыру, электр энергиясын шеңберлестіру, транспорт және басқа күрделі құрылыстарды басқаратын республикааралық шаруашылық органдар құру;

в) ұлттар мен халықтардың идеялық бірлігін арттыру, бәріне ортақ интернационалдық мәдениетті кең дамыту;

г) алдағы уақытта барлық совет республикаларының бір-бірімен үнемі кадр алмасып отыруын кең көлемде жүргізу, ұлт кадрларын тәрбиелеу және қызметке орналастыруда ұлт оқшаулығына ешқандай да жол бермеу;

ғ) ұлтаралық қатынас пен халықтар ынтымағы ортақ тілге айналған орыс тілін совет ұлттарының мұнан былай да кең көлемде қолдануын іске асыру;

д) барлық социалистік ұлттар мен халықтардың тікелей араласып жақындасуының маңызды факторының бірі — халықтың ерікті түрде көшіп-қону процесін социализм тұсындағыдан да күшейте түсу.

Осының бәрі, сайып келгенде, Советтік Социалистік Республикалар Одағының күш-қуатын арттырып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасайды, социалистік ұлттардың достығы мен жақындасуын мейлінше тездетеді. Сөйтіп, Программада көрсетілгендей: «СССР-де коммунизм жеңісіне жеткен жағдайда ұлттар бір-бірімен бұрынғыдан да күшті жақындасады, олардың экономикалық, идеялық бірлігі артады, рухани бейнесінің ортақ коммунистік сипаттары дамиды».

Қазір социалистік ұлттардың арасында материалдық және рухани байлықтарды алмасу барған сайын кең өріс алып, олардың бір-бірімен жақындасуы арта түсуде. Қазақстанда социалистік ұлттардың достығы, қазақ социалистік ұлтының орыс және басқа халықтармен достығы мейлінше нығайып келеді. Советтік Қазақстанның басқа советтік республикалармен қоғамдық өмірдің барлық саласында туысқандық, өзара көмек қарым-қатынасы мықтап дамуда. Қазақ жерінде совет заманында салынған өнеркәсіп пен транспорт, қалалар мен өнеркәсіп, ғылыми-мәдени орталықтар, алып құрылыстар, тың игеру барлық ұлт өкілдерінің ерлік еңбегі мен материалдық-рухани күш қосуының нәтижесі болып табылады. Ұлы Отан соғысы дәуірінде және соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанға Совет Одағының әр түкпірінен түрлі ұлт адамдарының көптеп келіп қоныстануы, оның халқының көп ұлттылық сипатын арттырды. Қазір біздің республикада 115 ұлт пен ұлт топтарының өкілдері тұ-

рады. Республиканың әрбір колхозы мен совхозы, өнеркәсіп орны мен мекемесі, оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері нағыз интернационалдық коллектив, социалистік ұлттардың тікелей араласуының ұясы болып отыр. Мұндай интернационалдық коллективте түрлі ұлт өкілдері еңбекте біте қайнасып, өмір тұрмысы мықтап араласып, бір-біріне материалдық және рухани жағынан ықпал етумен қатар орыс тілінің кең тарап, интернационалдық семьяның қанат жаятын орталығына айналуда.

* *

*

Коммунистік құрылыстың барысында ұлы орыс халқымен және басқа туысқан ұлттармен жан-жақты жақындасып отырған қазақ социалистік ұлты — қазіргі кезде барлық жағынан кемеліне келіп, экономикасы мен мәдениеті гүлденген, қуатты суверенді мемлекеті бар, социализм жауларын күйіндіретін, досын сүйсіндіретін социализмнің дүние жүзілік системасындағы озат елдердің бірі.

Революцияға дейін қазақ халқы көшпелі өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысқан, өнеркәсібі өспеген, артта қалған ел еді. Совет заманында Қазақстан ауыр индустриясы өркендеген, ауыл шаруашылығы колхоз және совхоз өндірісі негізінде дамыған озат советтік республикалардың бірі болып отыр. Қазақ социалистік ұлты қазір отырықшы өмір сүреді, социалистік экономиканың барлық саласында қызмет етеді. Қазақстан өнеркәсіп өнімі қазір 1913 жылмен салыстырғанда 80 есе артты. Өнеркәсіп өнімі жөнінде Одақ бойынша үшінші орынға, астық өндіруден екінші орынға шықты.

Революциядан бұрын қазақ еңбекшілері сауатсыз, рухани даму жағынан мешеу қалғанды. Қазақ социалистік ұлты бүгінгі күні жаппай сауатты, өзінің ұлттық мектептері мен жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекемелері мен театрлары, ұлттық баспасөзі дамыған ел. Қазір республикада он мыңнан астам мектеп, 150-дей техникум және 39 жоғары оқу орны, Ғылым академиясы бар. Қазақ социалистік ұлтының әдебиеті мен көркемөнері де шарықтап өсті, халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласында қызмет ететін ұлттық интеллигенциясы мен жұмысшы табы есейді.

Қоғам өмірінің барлық саласында шын мәнінде теңдікке ие болған қазақ социалистік ұлты өзінің мемлекеттік, экономикалық және мәдени дамуы жөнінен отар және жартылай отар елдерді артта қалдырумен қатар көптеген капиталистік мемлекеттерді де басып озды. Қазір Советтік Қазақстан барлық бауырлас республикалармен бірге Еуропаның, Азия мен Африканың 40 мемлекетіне өзінің түсті металлургия, көмір-химия, ферросплав өнімдерін, түрлі жабдықтар шығарып отыр.

Коммунистік партияның басшылығы мен ұлы орыс халқының туысқандық зор көмегі арқасында гүлдене дамыған қазақ социалистік ұлтының тарихи табыстары, **біріншіден**, империализм идеологтарының, түрлі-түсті сатқындардың қазақ халқы әлі де «отарлық езгіде өмір сүреді» деген өтірігінің күлін көкке ұшырады; **екіншіден**, бұл фактілер қазақ социалистік ұлтының гүлденуі лениндік ұлт саясатының салтанаты екенін бүкіл әлемге әйгілі етеді; **үшіншіден**, қазақ социалистік ұлтының тарихи тәжірибесі отар және тәуелді елдердің езілген халықтары мен барлық капиталистік елдердің еңбекшілеріне социализмнің жарық жұлдызы болып нұр шашуда. Пролетарлық интернационализм мен халықтар достығын арқау еткен елімізде коммунистік қоғам орнатудың жана Программасы сөзсіз жүзеге асырылады. Еліміздің басқа да социалистік ұлттарымен достық ынтымағы жарасқан қазақ социалистік ұлты Ленин партиясының дана басшылығымен коммунизмнің биік шыңына қарай алға баса береді.

Суретшілердің мәртебелі міндеті

Қ. ТЕЛЖАНОВ.

Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының председателі

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы — дүние жүзілік-тарихи зор маңызы бар тамаша оқиғалар. Бүкіл совет халқы осы қуанышты қос мерекеге үлкен өрлеумен әзірлене бастады. Жұмысшылар мен колхозшылар, біздің творчестволық интеллигенция тарихи ұлы мерекелерге қыруар еңбек табыстарымен барғалы отыр.

Жаңа адам тәрбиелеуде әдебиет пен өнердің алатын орны ерекше. Әдебиет пен өнердің басты бағыты — халық өмірімен байланысты нығайтып, социалистік шындықтың байлығы мен алуан түрлілігін асқан көркемдікпен шынайы бейнелеу. Сондықтан да КПСС Программасында былай делінген: «Оптимизмге және өмірді орнықтырушы коммунистік идеяларға толы совет әдебиеті мен өнері орасан зор идеялық-тәрбиелік роль атқарады, совет адамының бойында жаңа дүниені орнатушыға керекті қасиеттерді дамытады. Олар миллиондаған адамдарды жігерлендіріп, қуанышқа бөлейтін қайнар бұлақ болып қызмет етуге, сол адамдардың еркін, сезімі мен ой-пікірін білдіруге, олардың идеялық жағынан баюына және адамгершілік тәрбие алуына қызмет етуге тиіс».

Творчестволық ұйымдардың қазіргі кезеңдегі маңызды міндеттерінің бірі — әдебиет пен өнер туындыларында коммунизм орнатып жатқан совет адамының ерлік істерін жырлау, идеялық ауытқуға, формализмге, қарадүрсіндік пен сүренсіздікке қарсы, социалистік өнердің партиялылығы мен халықтығы үшін күрес жүргізу.

Совет суретшілері осы абзал борышын жақсы түсінеді, сондықтан өздерінің творчестволық белсенділігін арттыра отырып, халқымыздың көкейінен, мәдени-рухани талғам-талабынан шығатын көркем де жоғары идеялы шығармалар туғызу жолында үлкен шабытпен еңбек етеді.

Өйткені олардың жеке әрқайсысының творчестволық бастамасын, дарын-қабілетін көрсетуге, формаларды, стильдер мен жанрларды алуан түрлі етуге кен өріс ашылып отыр.

Біздің партия өнерлі интеллигенция өкілдерін идеялық жағынан шындауға әрдайым көңіл бөліп келеді. Суреткердің идеялық сенімі — тасқын шабыттың қайнар бұлағы. Идеялық жағынан шындалған суреткер ескілікке, кертартпалыққа төзбейді, буржуазиялық идеологияның қандай да болсын көріністеріне батыл қарсы шығады. Совет суретшісі — жаңалықтың, озаттықтың жаршысы, оның алдына қойған мақсаты айқын, міндеті күрделі, творчествосының жарық жұлдызы — марксизм-ленинизм. Ұлы Октябрь орнықтырған дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мәдениеттің гуманизмі барша әлемге аян.

Партия Программасында дұрыс атап көрсетілгендей: «Дүние жүзілік мәдениетте жасалған не жақсының бәрін өз бойына жинақтап, онан әрі дамытушы коммунизм мәдениеті — адамзаттың мәдени дамуындағы жаңа, жоғары саты. Бұл мәдениет қоғамның рухани өмірінің барлық алуан түрі мен байлығын, жаңа дүниенің жоғары идеялылығы мен адамгершілігін жарқын бейнелейді. Бұл тапсыз қоғамның мәдениеті жалпы халықтық, жалпы адамзат мәдениеті болады».

Қазақстан суретшілері алдағы ұлы мерекелерге әзірлік қамына қызу кірісті. Республика суретшілер одағының басқармасы мен партия ұйымы бұл іске айрықша мән беріп отыр: Қыл қалам иелері арасында үлкен саяси-тәрбие, түсінік жұмысы жүргізіле бастады. Біздің басты нысанамыз — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу күніне арнап мерекелік үлкен көрмелер ұйымдастыру. Бұл көрмелерде қойылатын шығармалар жасау үшін Қазақ ССР Мәдениет министрлігі тарапынан шарттар жасалды. Мұндай шарттар Қазақ ССР көркем сурет қоры арқылы да жасалды. Мерекелік көрмелерге астанадағы суретшілермен қоса облыстарда тұратын суретшілер де қатысады. Көрмелерге қойылатын еңбектердің негізгі тақырыбы біреу: ол замандасымыздың — совет адамының елу жыл ішіндегі тамаша өмірін көркем нақышпен суреттеу.

Республика бейнелеу өнерінің қайраткерлері мерекелерге арнап салатын суреттері мен картиналарын ойластыруда. Мысалы, Қазақстанның халық суретшісі Ә. Кастеев «Қазақстан қазынасы» деген пейзаждар сериясын салмақшы. Ал суретші И. Квачко «Қазақстан индустриясы» деген акварель, суретші Е. Сидоркин «Қолхоздағы той» деген графика бітірмек. Қыл қалам шеберлерінің енді бірқатары өз республикасының тарихынан елес бергісі келеді. Бұл жөнінде У. Әжиевтің, Ш. Кенжебаевтың, М. Кенбаевтың, Н. Гаевтың жақсы ойлары мен жоспарлары бар. Ш. Кенжебаевтың «Менің республикамның өмірінен», М. Кенбаевтың «Қызыл керуен», Н. Гаевтың «Прогресс» деген картиналары Қазақстанда Совет өкіметі жылдары болған керемет өзгерістерді бейнелейді.

Біздің замандастарымыз — өндірістің озаттары, коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері, даңқты колхозшылар, жас құрылысшылар С. Мәмбеевтің, П. Поповтың, А. Степановтың живопись полотноларында, П. Усачевтің мүсін композициясында, Г. Ысмайылованың, А. Төлековтың, А. Исаевтың картиналарында өз бейнесін табады. А. Ғалымбаева мен Л. Леонтьев өз шығармаларын ұшқыш-космонавтарға арнағалы отыр. Ал А. Школьный мен А. Молдабеков туындыларының кейіпкерлері — Ұлы Отан соғысының батырлары.

Мүсінші Х. Наурызбаев, график В. Антощенко-Оленев, суретшілер Р. Юлдашев, Н. Нұрмұхамедов, Ә. Ысмайылов, А. Жүсіпов және басқалары данышпан көсеміміз В. И. Лениннің образын жасау жолында еңбек етіп жүр.

Целиноград пен Қарағандының, Шымкент пен Семейдің, Қызылорда мен Оралдың, Қостанай мен Петропавлдың, Өскемен мен Ақтөбенің, Павлодар мен Теміртаудың суретшілері де мерекелік көрмелерге қызу әзірленіп жатыр. Целиноград суретшісі М. Поруни өз шығармасын тұңғыш игерушілерге арнайды. Қызылорда суретшісі Ким-Хен-Нюн тарихи-революциялық сипаттағы кең көлемді композиция салу үстінде. «Совет өкіметінің 50 жылдығы» көрмесіне Орал мүсіншісі Х. Шамсутдинов «Қоршаудағы Орал қаласында» атты мүсін композициясын сайлап жатыр.

Мерекелік көрмелердің алдында өткізілетін республикалық көрмелер бейнебір творчестволық күштердің байқауы тәрізді. Бұлар — «Социалистік Қазақстан» (оның «Замандасымыздың портреті» деген арнаулы бөлімі болады) деген көрме, плакат көрмесі, монументті-декоратив өнерінің тұңғыш республикалық көрмесі, кино, театр, телевизия суретшілерінің көрмесі, үш қала: Қарағанды, Целиноград, Теміртау суретшілерінің аймақтық көрмесі.

Партия мен үкімет белгілеген шараларды жүзеге асыруда біздің плакатшыларымыздың еңбегі зор. Әрі бұқаралық, әрі жауынгер плакат өнері халқымыздың тұрмысына берік сінді. Плакаттарды совет адамдары еңбек етіп, тынығатын жердің бәрінен: көшелерден, цехтардан, колхоздар мен совхоздардан, клубтар мен парктерден кездестіру қиын емес.

Совет плакатының өз дәстүрі бар. Әсіресе саяси плакаттың тәрбиелік маңызы күшті.

Қазақстанда да плакат өнері шапшаң дамып келеді. Соңғы жылдары бізде бұл саладан бірсыпыра туындылар жарық көрді. «Қазақстан», «Қайнар» баспаларынан жылма-жыл тәуір плакаттар шығарылып жатады. Сонымен бірге талай уақыттан бері Алматының сурет-өндіріс шеберханасы үгіт плакаттарын шығарып жүр. «Ара» журналы да сатиралық плакат шығарып тұрады. 1964 жылы Қазақстан суретшілер одағы Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз комитетімен бірлесіп ең таңдаулы саяси плакатқа конкурс ұйымдастырған болатын. Конкурста бірнеше жаңа плакатшы суретші көзге түсті.

Совет халқының герман фашизмін жеңуінің 20 жылдығы күндерінде саяси плакаттың бірінші республикалық көрмесі жұмыс істеді. Бұл көрмеге «Қазақстан», «Қайнар» баспалары шығарған плакаттар, «Ара» журналы суретшілерінің сатиралық плакаттары, Алматының сурет-өндіріс шеберханасының үгіт плакаттары қойылды. Көрмедегі плакаттар СССР суретшілер одағының секретарьлары Иванов пен Хейфицтің қатысуымен кең талқыланып, республикамызда плакат өнерін дамытуға байланысты келелі әңгіме қозғалды. Сондай-ақ сол күндері Ұлы Отан соғысына қатысқан суретшілердің де көрмесі жұмыс істеді.

Ал театр, кино, телевизия суретшілері еңбектерінің көрмесі тұңғыш рет өткізілгелі отыр. Оған спектакльдерді безендірудің эскиздері, кинофильмдердің макеттері қойылады. Бальхозин, Семизоров, Ткаченко, Галичин, Ержанов, Дереганов сияқты суретшілер қазірдің өзінде көрмеге даяр. «Король Лир», «Орыс адамдары» спектакльдерінің (суретші Бальхозин) макеттері, «Айсұлу», «Адам тардыры» операларының (суретші Семизоров) эскиздері, «Сәкен Сейфуллин» спектаклінің (суретші Сулеев) эскиздері, «Антон Шелестов», «Гавана баласы», «Бактар гүлдейді» (суретші Ткаченко) спектакльдерінің эскиздері тағы басқалары, — міне жаңағы көрмеге қойылатындар негізінен осылар.

СССР Мәдениет министрлігі коллегиясының шешімі бойынша 1965 жылы күзде Москвада «Өнер — балаларға» деген көрме ашылады. Бұл көрмеде бейнелеу, мүсін, графика, плакат, ісмер өнерінің шығармалары қойылуға тиіс. Мұның идеялық-тәрбиелік маңызы зор болмақ. Өйткені біздің Отанымыздың данқты революциялық жолы, В. И. Ленин туралы, Коммунистік партия туралы, жастарымыздың өмірі мен ісі, ғылым мен техника жаңалықтары, космосты игеру, Совет Армиясы туралы бейнелеу өнерінің көрнекті шығармалары әлі аз. Мектеп оқушыларына арналатын бұл көрмеде интернационалдық достық, семья мен мектеп, спорт тәрбиесін молырақ қамту парыз. Сондықтан біздің республика суретшілері де бұл көрмеге белсене ат салысып, лайықты экспонаттар даярлайды деген сенімдеміз.

Қазақстанның қыл қалам иелері В. И. Лениннің ең таңдаулы живописьтік, скульптуралық, графикалық портретін жасау жөніндегі Бүкіл одақтық конкурста, Совет өкіметінің 50 жылдығына арналған таңдаулы саяси плакат конкурсына, сондай-ақ Ульяновск қаласы мен Шушенск селосын жаңартып, қайта салуға ат салыспақшы.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша биыл 11 апрельден 18 апрельге дейін бейнелеу өнерінің апталығы болып өтті, ол В. И. Лениннің туғанына 95 жылы толуына және монументтік насихат туралы лениндік идеяның 47 жылдығына орайластырылды. Сол күндері кәсіпорындарда, мекемелерде, Қазақтың көркем сурет галереясында кездесулер, әңгімелер өткізілді.

Съезд алдындағы көрмелер ұйымдастыру жайы Қазақстан суретшілер одағының кеңейтілген пленумында арнайы талқыланды. Мұнда творчестволық-ұйымдастыру мәселелері, бейнелеу өнерінің идеялық-теориялық дәрежесі, жұмыстағы кемшіліктер мен сәтсіздіктер принципті-

лікпен жан-жақты сөз болды. Осы тұрғыда Қазақстан суретшілер одағының Қарағанды, Теміртау, Павлодар, Целиноград қалалары суретшілерінің басын қосып өткізген көшпелі сессиясының пайдасы зор болды. Бұл сессия аталған қалалар суретшілерінің алдағы мерекелерге әзірлік жайына зер салуға мүмкіншілік берді. Жер-жерде президиум мүшелері жеке суретшілердің шеберханалары бойынша алдағы жауапты көрмелерге қалай әзірлену керектігін осы бастан ойластырып, қайсыбір тәуір шығармалар мерекелік көрмелерге ұсынуға лайық деп табылды. Мысалы, Андриюк, Антоненко, Билык, Гуммель, Есіркеев, Крылов, Саносян, Шамшин, Буштрук, Колотилина, Яблонская, Маганов, Петрыгин-Родионов, Якубовский сияқты облыстарда тұратын суретшілердің жеке тәуір туындылары көрме комиссияларының қарауына ұсынылды.

Теміртау қаласында ұйымдастырылған аймақтық сурет көрмесінің 173 шығармасын талқылау суретшілердің творчестволық белсенділігі мен кәнігі мамандық шеберлігін арттыра түсуге көп себін тигізді. Қазақстан суретшілер одағының президиум мүшелері және жергілікті суретшілер бейнелеу өнерін дамыту қамын үлкен жанашырлықпен, жауапкершілікпен әңгімелеп, мерекелік көрмелерді ойдағыдай ұйымдастыруға байланысты құнды-құнды ұсыныстар айтты.

Біздің одақ тарапынан белгіленіп отырған шаралар мен жоспарланған істер қыруар. Творчество адамы үшін ұлы мерекелерге дейін қалған уақыт онша көп емес. Ендігі мақсат нақты істе, көкейдегі жақсы ойды бояуға түсіруде. Әңгіме картиналардың тек санында ғана емес, сапасында. Мерекелік көрмелерді идеялық, көркемдік дәрежесі жоғары шығармалармен безендіру — біздің бәріміздің абыройлы борышымыз. Ең алдымен әрбір суретші өзінің осы ұлы мерекелер алдындағы жауапкершілігі мен ізгі міндетін кәміл түсіне білгені абзал.

Қазір суретшілеріміз топ-топка бөлініп те, жеке-жеке болып та, өнеркәсіп орындарына, колхоздар мен совхоздарға, жаңа құрылыстарға творчестволық командировкаға аттана бастады. Кейбір суретшілер СССР Көркем сурет қорының творчество үйлеріне жіберілді. Шымкенттегі ісмерлік суретшісі Е. Заможная «Гурзуф» творчество үйіне жүріп кетті, ол мұнда тоқыма заттары суреттерінің Ұлы Октябрь елу жылдығына арналған үлгілерін салуды үйреніп кайтады. Алматы суретшісі М. Ержанов саяси және үгіт плакатшылар тобымен бірге «Паланга» творчество үйінен тәжірибе өтеді. «Сенеж» творчество үйіне, декоратив-безендіру суретшілерінің ұлы мерекелерге әзірлігі жөніндегі семинарға біздің республикадан 6 суретші жіберілді. Бұлардың үшеуі — Целиноградтан, біреуі — Қарағандыдан, екеуі — Алматыдан.

Ұлт мәдениеттерін бір-бірімен жақындастыруға, байытуға үлкен жағдай жасайтын нәрсе — одақтас республикалар суретшілерінің өзара творчестволық сапарлары. Жақында ғана Қазақстан суретшілері Москваға — «Советская Россия» сурет көрмесіне, Социалистік Еңбек Ері, Лениндік сыйлықтың лауреаты С. Т. Коненковтың көрмесіне, Фрунзеге — Қырғыз ССР халық суретшісі Ильинаның көрмесіне барып қайтты. Сол сияқты Қырғызстан суретшілері Алматыға келіп, Қазақстан суретшілерінің VII съезіне арналған көрмені өз көздерімен көрді.

Даңқты қос мерекеге дейін өнер зерттеушілердің де тындырар жұмысы көп. Олар «Қазақстанның халық өнері», «Қазақстан графикасы» деген коллективтік еңбектер әзірлеуде. Бейнелеу өнерінің жеке үздік шеберлері туралы монографиялар шығару да ойластырылып отыр. Сол сияқты Қазақ ССР Ғылым академиясының әдебиет және өнер институтымен бірлесіп мерекелік альбом-кітаптар шығару ойымызда бар. Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірлесіп, Қазақстан суретшілері шығармаларының репродукциясынан открыткаларды да көптеп басып шығармақпыз.

Мәдени-ағарту мекемелерінің сәнді болуына, әсем безендірілуіне қыл-қалам шеберлерінің үлкен көмегі қажет. Біздің мақсатымыз—қуанышты қос мерекеге дейін әрбір клуб пен кітапхананы, мәдениет үйін көріктендіруге ат салысу.

Ұлы мерекелерге әзірлік үстінде ойласарлық маңызды мәселенің бірі — өндіріс эстетикасы. Бұл жөнінде көркем сурет қорының қызметі талапқа сай деп айту қиын. Бейнелеу өнерінің архитектурамен байланысын күшейтпейінше, өнеркәсіпке, тұрмысқа эстетиканы мол енгізбейінше эстетика мен тұрмыс, эстетика мен өндіріс мәселесін түбегейлі шешу мүмкін емес. Өнеркәсіпке көркемдік пен әсемдікті енгізудегі кемшіліктер өнеркәсіп пен саудада суретшінің ролін бағаламаудан да болып келеді.

Бұл істе біздің де кінәміз бар. Өнеркәсіп пен жобалау ұйымдарында суретші мүлдем аз. Сол сияқты тоқыма маталарының суретшілері, құмырашылар, зергерлер, металдан, сүйектен, ағаштан ою жасап, түйін түйетіндер жоқтың қасы. Бұл мәселелер кезінде шешілмеді, енді бұлардың шешілуі тіпті қиындап кетті. Рас, ісмерлік өнердің жеке заттары бізде ептеп жасалып жүр. Бірақ бұлар шын мәнісіндегі өнер шығармалары емес, халықтардың көп жылғы мәдениетінен нәр алмай, қайта модернизм қуалап кеткен бірденелер.

Сондықтан өндіріс эстетикасының кадрлары жөніндегі, өнеркәсіпке, нақыштау өнеріне қатысты суретшілер, халық ортасынан шыққан таланттар жөніндегі мәселені күн тәртібіне батыл қоятын уақыт жетті.

Қазақстан суретшілер одағы жергілікті партия, совет, қоғамдық ұйымдардың, мәдениет бөлімдерінің, халық творчествосы үйлерінің тікелей көмегінің бұл мәселені жалғыз өзі шеше алмайды. Біздіңше, бұл мәселені шешуде мынадай шаралар жүзеге асса жақсы болар еді. Ең алдымен, еліміздің бейнелеу жоғары оқу орындарына ісмерлік, нақыштау саласынан тиісінше орын бөлу жағын ойластырған жөн. Екіншіден, он саусағынан өнер тамған таланттарды оқуға тарту керек, ол үшін Алматы сурет училищесі жанынан ісмерлік өнерпаздықтың бөлімшесін ашқан дұрыс.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі суретшілерге әрдайым зор қамқорлық жасап, олардың творчествосын өрістетуге қолайлы жағдай туғызып келеді. Біз осы қамқорлыққа нақты іспен жауап беруге тиіспіз. Біздің барлық дарын-талантымыз Отан игілігіне, халқымызға бағышталады. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы мен В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу күнін лайықты қарсы алуға байланысты Қазақстан суретшілер одағы мүшелері мен кандидаттарының жалпы жиналысы, облыстарда президиумның көшпелі мәжілісі өткізілді. Қыл қалам шеберлері даңқты қос мерекеге татымды тарту әзірлейміз деп бірауыздан тілек білдірді. Олар сөзінде тұрады. Республикамыздың әрбір суретшісі өз қабілет-дарынын, талантын заманымызға, халқымызға лайық шығармалар жасауға жұмсап, ұлы мерекелерге сүбелі сыйсияпатпен келетіні сөзсіз.

Қаһарлы күндерде патриоттық қозғалысты ұйымдастырғандар

Биыл бүкіл совет халқы Ұлы Отан соғысының данқты 20 жылдығын аса зор өрлеу үстінде атап өтті. Бұл соғыста Советтердің ролі де айрықша болды. Олар партияның «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген айбынды ұранын басшылыққа алып, халықты тылдағы ерлік күреске, майдан жауынгерлеріне материалдық және моральдық көмек көрсетуге жұмылдырды.

Соғыс жағдайы республика жергілікті Советтерінің жұмысын негізінен қайта құруды, олардың бүкіл қызметін еліміздің қорғаныс қабілетін арттыруға бағындыруды қатаң талап етті.

Бұл кезде жергілікті Советтер елеулі қиындықтарға кездесті. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының көп салаларында жұмысшы күші жетіспеді, батыс облыстардан көшіріліп әкелінген кәсіпорындарды, олардың адамдарын орналастыру қиынға соқты. Еңбекшілерге медициналық қызмет көрсету, оларды азық-түлікпен және өнеркәсіп товарларымен қамтамасыз ету оңай болмады.

Соғыс жылдарында жергілікті Советтер депутаттарының құрамы мейлінше азайып кетті. Халық қалаулыларының үлкен тобы соғысқа аттанды. Жергілікті Советтердің 1939 жылы декабрьде сайланған 45 867 депутатынан 1945 жылы 1 январьда 19 086 депутат қана, былайша айтқанда, 41,6 проценті қалды. Кейбір аудандық, селолық Советтерде 2—3 депутат қана болды.

Бірақ соғыс тудырған орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, республика жергілікті Советтері шаруашылық-ұйымдастыру, мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізуді батыл қолға алды, еңбекші бұқараны жеңісті шындау жолындағы ұлы күреске жұмылдыра білді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советі 1941 жылы июльде «Советтерді соғыс жағдайына бейімдеп қайта құру туралы» және Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1942 жылы мартта «Еңбекшілер депутаттары Советтеріне партиялық басшылықтың жағдайы және міндеттері туралы» шешім қабылдады. Бұларда совет органдары мен депутаттардың негізгі қызметі мен міндеттері белгіленді. Ведомстволық тар шеңберлі жұмысты емес, қайта шаруашылық пен саяси жұмыстың өзекті мәселелерін шешіп отыруды, соның өзінде халықтың көмегіне сүйеніп, еңбекшілер инициативасын батыл қолдауды талап етті.

Бұл нұсқауларды жүзеге асыру жолында белсене күресе отырып, жергілікті Советтер ағымдағы жұмыстардан гөрі атқару комитеттерінің қызметін дұрыс жоспарлауға ерекше назар аударды, шаруашылық және мемлекеттік мәселелерді тез де нақты шешуге күш жұмсады.

Жергілікті Советтердің қызметіне еңбекшілерді кеінен қатыстырудың аса көп тараған және өте маңызды түрі Советтердің тұрақты комиссиялары болды. Тұрақты комиссиялар жергілікті Советтердің шаруашылық және мәдени қызметінің негізгі салалары бойынша құрылды, олардың жұмысына тек депутаттар ғана емес, сонымен бірге Советтердің басқа да активтері қатыстырылды. 1945 жылдың январында республика жергілікті Советтерінің тұрақты комиссияларына 52 мың адам, оның ішінде 19 мың депутат қатысты.

Республиканың жергілікті Советтері осы зор күшке сүйене отырып, тұрақты комиссиялар мен топтардың жұмысына бағыт беріп, олардың инициативаларын барынша қолдап отырды, сөйтіп республика еңбекші-

лері алдындағы шаруашылық-саяси міндеттердің ойдағыдай орындалуына игілікті ықпал етті.

Республика партия, совет органдарының халық шаруашылығын соғыс жағдайына бейімдеп қайта құру жөніндегі бүкіл қызметінің нақты программасы ССР Одағы Үкіметінің 1941 жылы 16 августа бекіткен Паволжье, Урал, Батыс Сибирь, Қазақстан, Орта Азия аудандары бойынша 1941 жылдың IV тоқсанына және 1942 жылға арналған «Соғыс-шаруашылық жоспарында» толық баяндалды.

Бұл жоспарда осы аудандарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін елеулі дәрежеде ұлғайту, елдің бүкіл халық шаруашылығын қайта құрудың нақты жолдары белгіленді. Онда, ең алдымен, Одақтың шығыс аудандарында қорғанысқа қажетті өнімдерді өндіруді шұғыл арттыру және шығысты соғыс арсеналына айналдыру міндеті қойылды.

Қазақстан Компартиясы мен республика үкіметі соғыс-шаруашылық жоспарын орындауға, экономиканы соғыс жағдайына бейімдеп қайта құруға, материалдық ресурстар мен адам күштерін қайта бөлуге, өнеркәсіпті жұмысшылармен қамтамасыз етуге бағытталған көптеген шаралар қабылдады. Атап айтқанда жұмыс күні ұзартылды, жұмысшылар мен қызметшілерге кезекті демалыс беру уақытша тоқтатылды, халықты азық-түлікпен және өнеркәсіп-товарларымен норма бойынша қамту тәртібі енгізілді.

Жергілікті және кооперативтік өнеркәсіпті соғыс мақсатына қарай бейімдеп қайта құруда жергілікті Советтер орасан зор ұйымдастыру жұмысын жүргізді. Бұл жолда елеулі-елеулі қиыншылықтарды жеңуге тура келді. Өйткені соғыс қарсаңында республиканың жергілікті өнеркәсібінің даму қарқыны халық шаруашылығының өсіп отырған қажетінен артта қалған еді.

Советтерге негізінен екі міндетті — біріншіден, жергілікті және кооперативтік өнеркәсіпті майдан мүддесі үшін барынша толық пайдалану (бұл ең басты міндет болды), екіншіден, аудандық, қалалық өнеркәсіпті дамыту және жергілікті шикізатты кеңінен пайдалану есебінен халықтың тұтыну қажетін өтеу міндеттерін шешуге тура келді.

Майдан заказын, көпшіліктің тұтынуына қажетті өнімдер шығару жоспарын орындау, жергілікті шикізатты барынша толық пайдалану, социалистік жарысты ұйымдастыру, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын арзандату, жұмысшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мәселелері жергілікті Совет атқару комитеттерінің мәжілістерінде және сессияларда қаралып тұрды. Советтердің өнеркәсіп жөніндегі тұрақты комиссияларының қызметі де осы міндетті орындауға бағындырылды.

Жергілікті совет органдарының қажырлы ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде республиканың жергілікті және кооператив өнеркәсібі өз жұмысын қысқа мерзімде соғыс мақсатына қарай қайта құрды, халыққа қажетті товар шығаруды шұғыл арттырды, халық тұтынатын товарлардың ондаған жаңа түрлерін шығаруды игерді.

1940 жылы республикада 82 жергілікті өнеркәсіп орындары болса, 1945 жылдың аяғында 257 қалалық және аудандық өндіріс комбинаттары, республика қарамағындағы 5 кәсіпорын жұмыс істеді. Өндіріс кооперациялары мен мүгедектер кооперациялары артельдерінің саны 1940 жылы 489 болса, 1945 жылдың аяғында 678-ге жетті.

Ұлы Отан соғысы кезінде барлық қиыншылықтарға қарамастан жергілікті өнеркәсіп өнім шығаруды 4,6 есе, кооперативтік өнеркәсіп — 58,5 процент арттырды. Бұл уақытта тұтыну өнімдерін шығаратын өнеркәсіптің: трикотаж, шұлық өндіру, макта жіп иіру, кондитер тағамдарын жасау сияқты жаңа салалары құрылды.

Республика жергілікті Советтері ауыл шаруашылығын басқару жөнінде де аса маңызды міндет атқарды. Мұнда да соғыс зардабынан бол-

ған қыруар қиыншылықтарды жеңуге тура келді. Жұмысшы, техника, көлік күші жетіспеді. Депутаттар мен жергілікті Советтердің мыңдаған активтері бұқараның осы қиыншылықтарды жеңуіне басшылық етті, село еңбеккерлері арасында бұқаралық-түсінік жұмыстарын жүргізді, олардың соғыс жағдайындағы патриоттық борышын айтып түсіндірді. Семей облысы, Үржар ауданының «Красные горные орлы» артелінің үлгісі бойынша барлық колхоздарда жұмыс күнін өнімді пайдалану жөніндегі жарыс басталды. Советтер МТС-тердің, совхоздардың жаанындағы қысқа мерзімді курстар, механикаландыру мектептері арқылы механизатор кадрларын даярлауда да елеулі жұмыс жүргізді. Соғыс жылдарында 150 мың тракторшы, комбайншы, шофер, трактор бригадаларының бригадирлері даярланды. Олардың көпшілігі әйел болды.

Жергілікті Советтер ауыл шаруашылығының маусымды жұмыстарына көмектесуге қала халқын, жоғары оқу орындары мен техникумдардың студенттерін, мектеп оқушыларын қызу жұмылдырды. 1941 жылы ауылшаруашылық жұмыстарына шамамен алғанда 261 мың оқушы, 12 мың мұғалім, 2,5 мың студент пен оқытушы қатысқан.

Осындай ұйымдастыру шараларының нәтижесінде ауыл шаруашылығы еңбеккерлері мемлекетке астық, ет, овощ және басқа өнімдер тапсыру жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындады. Мәселен, соғыс жылдарында республика колхоздары мен совхоздары елімізде соғысқа дейінгі бес жылдағыдан астықты 30,8 миллион пұт, картоп пен овощты 14,4 миллион пұт артық берді.

1942 жылы мал шаруашылығын ойдағыдай өркендеткені үшін республикаға Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын Гурьев облысы алты рет алды.

Алайда республика партия, совет және жер шаруашылығы органдарының практикалық жұмысында елеулі қателіктер де жіберілді. Бұлар агротехниканы бұрмалау, тұқым шаруашылығын бетімен жіберу, ауыл шаруашылығын механикаландыру мен суармалы шаруашылықтың маңызын бағаламау, малды асылдандыру ісінің нашарлауы сияқты кемшіліктер. Сондай-ақ соғыс жылдарында ауыл шаруашылығы артелінің Уставын және колхоз демократиясын бұрмалаушылыққа жол берілді.

Алайда осындай елеулі кемшіліктерге қарамастан жергілікті Советтер орасан зор жұмыс жүргізді. Олар колхоз құрылысының аса зор мүмкіндіктерін жауынгерлерді азық-түлікпен және Отан қорғау мақсатына жұмыс істеуші өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуге ойдағыдай пайдаланды.

Отанымыздың басына қаһарлы күн туған сонау 1941 жылдың ішінде республикамыз жүздеген мың совет адамына пана болды. Күн сәулеті казак даласында совет жауынгерлерінің семьялары, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары, соғыс өнеркәсібі орындары қоныс тапты.

Қазақстандықтар «көңіл кендігі тарлықты білдірмейді» деген ежелгі нақылды басшылыққа алып, келгендерді өз бауырына тартты, оларға өз төрінен орын берді. Мұның өзі өкімет орындарының бұйрық-жарлығы бойынша емес, жергілікті тұрғындардың жүрек әмірімен жүзеге асырылды. 1943 жылдың 1 июліне дейін Қазақстанда 466 мыңнан астам халық қоныстандырылды, соғыс жылдарын түгел алғанда 1 миллионнан артық совет адамы казак даласынан өзінің екінші мекенін тапты.

Совет азаматтарын еңбекпен қамтамасыз ету, оларға тұрмыстық жағдай тудыру жергілікті совет органдарының үнемі назарында болды. Республиканың селолары мен ауылдарында қоғамдық тамақтандыру орындары кеңінен ұйымдастырылды. Мұнда келгендер баспанамен, отынмен қамтамасыз етілді, көптеген колхоздар мен совхоздар жаңа келгендерге мал берді, арнаулы қордан материалдық жәрдем көрсетті.

Республиканың партия және совет органдары азат етілген аудандарға туыскандық көмек көрсету жөніндегі бүкіл халықтық патриоттық қозғалысқа басшылық етті. Қазақстан еңбекшілері 10 қаланы, Орел облысының 35 ауданын, Ленинград облысының 12 ауданын, Сталинград облысының 3 ауданын, Калинин облысының азат етілген аудандарын қамқорлыққа алды. Қазақстандықтар қаһарман қалаларға, Москва төңірегін, Курск облысының, Солтүстік Кавказдың, Белоруссияның, Украинаның, Молдавияның және Прибалтика республикаларының колхозшыларына туыскандық көмек көрсетті.

Партия, совет органдары және қоғамдық ұйымдар жауынгерлердің семьяларына жан-жақты көмек көрсетті. ВКП(б) Орталық Комитеті 1943 жылдың 22 январындағы «Жауынгерлердің семьяларына көмек көрсетуде совет органдары мен жергілікті партия ұйымдарының жұмыстарын жақсарту шаралары туралы» қаулысында Отан қорғаушылардың семьяларына қамқорлық бүкіл Совет Армиясына деген қамқорлықпен тепе-тең екенін ерекше атап көрсетті. Республика үкіметі мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері әрбір жауынгердің семьясына қажетті көмек көрсету үшін барлық шараларды қолданды.

Фашистік басқыншыларды жеңіп шығу үшін совет патриоттарының инициативасы бойынша Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ Отан қорғау қорын жасау қозғалысы өріс алды. Соғыстың алғашқы екі жылында қорғаныс қорына, заттай түсімді қоспағанда 723 миллион сом қаржы жиналды. Соғыс жылдарындағы республика еңбекшілерінің ерікті жарналары тұтас алғанда 4 миллиард сомнан асты.

1941 жылдың күзінде бүкіл елімізде ержүрек жауынгерлерді жылы киіммен қамтамасыз ету жолында тыл еңбекшілерінің патриоттық қозғалысы басталды. Бұл қозғалыс — совет халқының өз армиясына деген қамқорлығының тамаша айғағы. Жергілікті Советтердің ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде екі жылдың ішінде, яғни 1941 жылдың сентябрінен 1943 жылдың 5 октябріне дейін республика бойынша майданға 2,5 миллион жылы киім жөнелтілді. Бұған қосымша жылы киім сатып алу үшін еңбекшілер Отан қорғау қорына 4 миллион сомға жуық қаржы жинап тапсырды.

Республика партия органдары жергілікті Советтердің жұмысын бақылап, оған үнемі бағыт беріп отырды. Сонымен бірге Советтердің беделін бұрынғыдан да арттыру үшін көп жұмыс жүргізді. Жергілікті Советтерді ұйымдастыру-саяси жағынан нығайту және олардың жұмысындағы озат әдістерді жетілдіру жөнінде облыс, қала, аудан партия, совет активтері жиналыстарының ерекше маңызы болды. Мұндай бірлескен жиналыстар республикамыздың барлық облыстарында, қалалары мен аудандарында өткізілді, бұлар шаруашылықты ұйымдастырудың шыннайы мектебіне айналды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің шешімдерінде, сондай-ақ күнделікті жұмысында партия органдарының жергілікті Совет атқару комитеттерінің жұмыстарын жақсартуға түсуге басшылық етіп, көмек көрсетіп отыруының қажеттігіне үнемі назар аударылды. Мұның өзі советтік өкімет органдарының ұйымдастыру-саяси қабілетінің нығаюына көмектесті және халық шаруашылығында барлық жоспарларды жүзеге асыруға елеулі ықпал жасады, қала мен деревня еңбекшілерін бұл органдардың төңірегіне тығыз топтастырды. Қысқасы, республика партия, совет органдарының жан-жақты ұйымдастыру жұмыстарының, жұмысшы табының, колхозшы шаруаның және интеллигенцияның еңбек ерліктерінің нәтижесі жауды жеңу жолында аса маңызды фактор болды.

С. ҚАЙМОЛДИН.

Идеология жұмысының маңызды саласы

Ж. АРАЛБАЕВ,

Жамбыл облыстық партия комитетінің секретары

КПСС-тің тарихи XXII съезі, партия Программасы жаңа адам тәрбиелеу міндетін коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру міндеттерімен қатар қойды. Демек, біздің лениндік ұлы партияның дүниені коммунистік жолмен қайта құрудағы басты мақсаты ретінде алға қойып отырғаны жаңа адамды, жан-жақты жетілген, рухани өмірі бай, моральдық жағынан кіршіксіз адамды тәрбиелеу. Рухани байлық дегенде біз адамдарымыздың ғылыми көзқарасын, идеялық жағынан берік сенімін, жан-жақты білімін, жоғары мәдениетін, эстетикалық талғамын айтамыз.

Жаңа адам тәрбиелеу, оның ішінде замандастарымызды тәрбиелеу аса маңызды, игілікті іс қана емес, сонымен бірге мұның өзі күрделі міндет. Жаңа адам ең алдымен біздің өміріміздің барысында, еңбек, қоғамдық-саяси қызмет, коммунизм жолындағы күрес үстінде шыңдалады. Әрине, егер жаңа адам кездейсоқ, өздігінен оп-оңай тәрбие алып өседі десек, қателескен болар едік. Жаңа адамды тәрбиелеуде объективтік факторлар қаншалықты маңызды роль атқарғанымен, ол жаңа адам қалыптастыруды түбегейлі қамтамасыз ете алмайды. Бұл үшін алдымен партияның, күллі жұртшылықтың табанды, нысаналы идеологиялық, тәрбие жұмысы қажет.

Жаңа адам тәрбиелеуде идеологиялық жұмыстың аса маңызды саласы — мәдени-ағарту мекемелері: мәдениет үйлері, клубтар, кітапханалар үлкен қызмет атқарады. Бұлар — партия ұйымдарының идеологиялық жұмыстағы тіректі пункттері.

Соңғы кезде облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту жөнінде едәуір іс тындырды. Мәдени-бұқаралық жұмыстың жайы, кейбір мәдениет мекемелерінің қызметі облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде жиі қаралады.

Қазіргі уақытта Жамбыл облысындағы мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі еңбекшілерге толық қызмет етуге мүмкіндік береді. Облыста 286 клуб, 49 автоклуб, 340 кітапхана бар. Соңғы кездің өзінде ғана 14 мәдениет үйі, 33 клуб салынды. Олардың жұмысы жандана түсті. Әсіресе селолық клубтар жаңалықты, озат тәжірибені кеңінен насихаттау, көпшіліктің рухани талап-тілегін орындау жөніндегі бұқаралық жұмыстың орталығына айналып келеді. Өткен жылы облыстың клуб мекемелері село клубтарының Бүкіл одақтық үндесуіне белсене қатысты. Оның ішінде 34 клуб үндесу шарттарын орындады. Бұлардың жақсы істерін республикамыздың Мәдениет министрлігі атап өтті.

Байқадамдағы мәдениет үйінің жұмысы мақтауға тұрарлық. Оның директоры Ә. Әбдіхалықов жолдас. Мұнда өнерпаздардың 8 үйірмесі жұмыс істейді. Олардың жүздеген мүшесі бар. Мәдениет үйінің үгіт бригадасы ауыл-село еңбеккерлері арасында жиі болады. Бұл үйдің драма коллективі халық театры атағын алуға талпынады. «Коммунар», «Байқадам» совхоздарының көптеген басшы қызметкерлері, агрономдары, зоотехниктері, мұғалімдері мен дәрігерлері өздерінің жерлестері ара-

сында жиі болып, оларға ғылым жетістіктерін, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің қол жеткен табыстарын әңгімелейді. Мұнда мазмұнды лекциялар, қызықты кештер көптеп өткізіледі.

Свердлов ауданындағы Қарасу селолық клубының, Жуалы ауданындағы Қазан селолық клубының, Қордай, Мерке аудандарындағы № 1 автоклуб пен Свердлов ауданындағы № 2 автоклубтың да жұмысы тәуір. Бұл коллективтер село клубтарының Бүкіл одақтық үндесуінде мақтау алды.

Облысымызда өнерпаздық жылдан-жылға дамытылып келеді. Ол бұқаралық сипат алды. 1964 жылы өткізілген байқауға қатысушы коллективтердің саны 14 коллективке, ал өнерпаздар саны 2 мың адамға көбейді. Свердлов ауданының өнерпаздары екі жыл бойы жақсы өнер көрсеткендігі үшін ауыспалы жүлдеге ие болып келеді. Соңғы байқауда ауданның барлық колхозы мен совхозынан халық таланттары өнер көрсетті. Сол сияқты Шу, Қордай аудандарының өнерпаздары да жақсы өнерлерімен көзге түсуде. Облыс, аудан орталықтарында ән мерекесін өткізу салтка айналды. Оларға өнерпаздар құлшына қатысуда. Жамбыл қаласында ұлы жеңістің 20 жылдығына арналған үлкен ән мерекесі өткізілді. Оған 3 мыңнан астам адам қатысты. Қала жұртшылығының алдында 2 800 адам қатысқан біріккен хор ән шырқады. Мұндай ән мерекелері көптеген аудан орталықтарында да өткізілді.

Өнерпаздықтың жоғарғы түрі — халық театрлары канат жайып келеді. Былтыр екі коллектив — Шу ауданындағы Жамбыл атындағы, Мерке ауданындағы «Қазақстан» колхоздарының өнерпаздар коллективі халық театры деген құрметті атаққа ие болды. Қазір облысымызда 7 халық театры бар. Бұлар — творчестволық жағынан әжептәуір жетілген өнерпаздар коллективі. Химиктердің Мәдениет сарайындағы, Қаратау кен-химия комбинатындағы халық театрлары Алматы жұртшылығының сынына түсіп, одан мүдірмей өтті. Ал Мерке ауданының Жамбыл атындағы, «Қазақстан» колхоздарының халық театрлары Алматы телевизиясы бойынша өздерінің спектакльдерін көрсету құрметіне ие болды. Бұл күндері үш коллектив: Луговой ауданының Жамбыл атындағы, Қордай ауданының «Жаңа тұрмыс» колхоздары мен «Талас» қаракөл совхозының өнерпаздар коллективі халық театры атағына ие болу үшін күресіп жатыр.

Алайда көптеген клуб мекемелерінің жұмысы бүгінгі күннің өскелең талабына сай емес. Кейбір клубтардың жұмысы нашар, олардағы өнерпаздардың орындаушылық мәдениеті төмен. Хор, музыка коллективтері мен ансамбльдерінің құрамы өте шағын. Облыс партия ұйымдары бұл сияқты елеулі кемшіліктерді жойып, еңбекшілердің өнерпаздық ісіне көптеп қатысуы жөнінде бірқатар шаралар белгіледі. Алдағы уақытта өнерпаздар үйірмелерінің жұмысын жыл бойы бірқалыпты істейтіндей етіп ұйымдастырмақпыз. Клубтарды мәдени-бұқаралық және тәрбие жұмысының орталығына айналдыру — абзал борыш.

Жамбыл облысының партия ұйымдары екінші тыңды игерушілерге ерекше көңіл бөліп отыр. Отардағы малшыларға 49 автоклуб, 12 қызыл отау және 50 үгіт машинасы қызмет көрсетеді. Әрбір автоклубқа белгілі бір жайылым-аймақ бекітілген. Олардың тұрақты маршруты, қысы-жазы бірдей жүріп тұратын графигі бар. Былтыр малшыларға кино көрсету біраз жақсарды. Озаттармен кездесу, үлгілі малшылардың тәжірибесін пластинкаға жазып тарату ұйымдастырылды.

Үгіт-мәдениет бригадалары мал отарларына жиі шығып тұрады. Олардың құрамында автодүкен қызметкерлері, радиоқабылдағыштарды жөндеу жөніндегі техниктер, лекторлар, өнерпаздар үйірмелерінің мүшелері бар.

1965 жылдың июнь айында үгіт поезын облыстық мәдениет басқармасының бастығы Е. Ақылбаев жолдас басқарып жүрді. 15 күн ішінде үгіт поезының коллективі КПСС 4. «Қазақстан коммунисті», № 8.

Орталық Комитеті март Пленумының шешімдері бойынша бірнеше лекция оқыды, 92 малшыға және олардың семья мүшелеріне дәрігерлік көмек көрсетті, 30 пар аяқ киім жөнделді, 3000 сомның әртүрлі товарларын сатты, 30-дан астам киносеанс көрсетті.

Малшыларға мәдени қызмет көрсету — біздің әр уақытта назарымызда болатын іс. Алайда мұнда елеулі кемшіліктер орын алып жүргенін жасыра алмаймыз. Кейбір автоклубтар жұмысты қанағаттанғысыз істейді, малшылардың талап-тілегін ескермейді, маршруттардың графигін бұзады. Қайсыбір автоклуб меңгерушілері малшылар арасында болғанда оларға мәдени қызмет көрсетпейді, киноға келушілердің саны 8 адамнан кем болмауға тиіс деген шарт қояды. Бұл дұрыс емес, партия ұйымдары мұндай теріс қылыққа тойтарыс беруге тиіс.

Облыс мәдени-ағарту мекемелерінің қызметінде қоғамдық негіз кең өріс алып келеді. Қазіргі уақытта клубтарда, мәдениет үйлерінде, кітапханаларда 409 қоғамдық совет жұмыс істейді. Қоғамдық негізде кітап тарату кең өріс алуда. Өнерпаздар үйірмелерінің 36 жетекшісі ақысыз жұмыс атқарады. Облыста 22 университет пен мәдениет мектебі қоғамдық негізде құрылған. Олардың мыңдаған тыңдаушысы бар.

Халықтың мәдени қажетін өтеу, оларды коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде кітапханалардың маңызы ерекше. Жыл сайын біздің кітапханаларымыздың жұмысы жақсарып, оқушылар саны көбейіп келеді, кітапханалардың өмірмен, өндіріспен байланысы нығаюда.

Кітапханалардың көпшілігі кітап оқушылар арасында жан-жақты, қызықты жұмыс жүргізуде. 1964 жылы кітапханалардың күшімен бұқара арасында көптеген мәдени-көпшілік шаралар жүзеге асырылды. Олардың ішінде кітап оқушылар конференциялары, әдебиет кештері, айтыстар, ауызша журнал шығару тәрізді шаралар бар. Әсіресе Свердлов аудандық, Ровный селолық кітапханалары, Жамбыл қаласының Абай атындағы, Жамбыл атындағы, Луговой ауданының Ақтоған селолық кітапханалары шын мәнісінде мәдениет орталығына айналып отыр.

Свердлов ауданындағы П. Г. Приходько жолдас меңгеруші болып істейтін аудандық кітапхана жұмысы мазмұнды да нысаналы. Бұл кітапхананың мыннан аса тұрақты оқушысы бар.

Сол сияқты Ақтоған селолық кітапханасы (меңгерушісі Т. Н. Кадникова жолдас) — Луговой жылқы заводы тұрғындарының сүйікті орны. Мұндағы кітап оқушылар саны 600 адамнан асады. Кітапханашылар олардың талап-тілегімен санасып отырады. Кітап оқушылар конференцияларын, әдебиет кештерін, оқыған кітаптар жайлы пікір алысулар, өндіріс озаттарының тәжірибесі жайлы әңгімелер өткізіп отыру — бұл кітапхананың дәстүрлі істері.

Үлгілі кітапханалардың жұмыс тәжірибесін тарату мақсатымен облыстық мәдениет басқармасы жиі-жиі плакат шығарып келеді. Қазіргі кезде Қордай ауданындағы балалар кітапханасының, Кременевка селолық және басқа да бірқатар кітапханалардың тәжірибесін көрсеткен плакаттар шығарылды. Сондай-ақ Ровный селолық кітапханасының (Свердлов ауданы) жұмыс тәжірибесін баяндайтын плакат даярлануда.

Облысымызда кинотеатрлар жүйесі жыл сайын ұлғайып келеді. Соңғы төрт жылда Қордайдың Георгиевка селосында, Мойынқұм ауданының Бірлік селосында жаңа кинотеатрлар салынды. Қаратау қаласындағы «Авангард», Жамбылдағы «Мир», «Еңбек» кинотеатрлары осы жылдары пайдалануға берілді. Бұл уақыт ішінде ауыл-селоарда 22 жаңа киноқондырғы ашылды. Биылдың өзінде 10 киноқондырғы ұйымдастырылып отыр.

Облысымызда өз ісін сүйіп істейтін, өзіне жүктелген жауапкершілікті терең түсінетін мәдениет майданының қызметкерлері аз емес. Аты әйгілі киномеханиктердің бірі — Иван Григорьевич Кобзевті бүкіл республика біледі. Ол өзі қызмет атқарған 25 жыл ішінде 11 мың киносеанс көрсетіп, жарты миллионнан астам адамды қамтыды. Кобзевті алыс жа-

йылымдағы малшылар әрдайым асыға күтеді. Өйткені ол әрқашан малшыларға қызықты кинофильмдер көрсетіп, соңғы жаңалықтарды жеткізіп отырады.

Халыққа кино көрсетудің бригадалық әдісі қаншылықты тиімді екенін Жуалы ауданындағы Штайер басқарған киноқондырғы бригадасының тәжірибесі айқын дәлелдеп отыр. Людмила Иосифовна Штайер Самсоновка селосында жұмыс істейді. Өзіне бекітілген 4 киноқондырғыға ол әрбір екі күн сайын барып тұрады. Киномеханиктер апта сайын жиналып, фильмдерді насихаттайды, радио арқылы жаңа фильмдердің мазмұнын айтып береді. Кино қызметкерлері осылайша бір-біріне көмектесіп, тәжірибе алмасып, өз күштерімен жаңа әкелінген фильмдерді клуб советінің мүшелері арқылы насихаттайды.

Свердлов ауданындағы «Трудовой пахарь» колхозындағы клуб советінің мүшелері киномеханик Б. Көбелекова, мектеп мұғалімдері А. Зинченко, А. Мюллер, колхоз комсомол ұйымының секретары П. С. Борисов, сельпо бухгалтері Б. Бекетова жолдастар жаңа фильмдерді насихаттауда айрықша көзге түсіп жүр.

Облыс партия ұйымдары егіншілікте жұмыс істейтін дикандардың мәдени-тұрмыс жағдайын жақсартуға баса назар аударып келеді. Қазір облыстың көптеген шаруашылықтарында дала қостары бар. Ол қостар—егіншілер арасындағы саяси және мәдени-бұқаралық жұмыстың орталығы. Қостарда жақсы жабдықталған үгіт пункттері бар, оларда газет, журналдар, радиоқабылдағыштар, жылжымалы кітапханалар жеткілікті. Дала қостарында егіншілермен әңгімелер өткізіледі, газет оқылады, өндіріс озаттарының, лекторлардың, саяси баяндамашылардың сөздері тыңдалады. Соңдай-ақ кинокартиналар, концерттер көрсетіледі.

Бұл жөнінде Луговой ауданының колхоз, совхоздарында жұмыс айтарлықтай қолға алынған. Мысалы, қызылша плантацияларының басында 24 дала қосы бар. Олардың көпшілігінде түскі үзіліс кезінде бір күнгі жұмыс қорытындыларын тындап, газет, журналдардан жаңалық хабарларды оқып, концерт көріп немесе әдеби кітаптарды оқып жатқан еңбек адамдарын байқауға болады.

Әрбір клуб пен кітапхана жаңа адам үшін күресуге тиіс. Қазіргі кезде клубтар, мәдениет үйлері селолық жерлерде өз алдына комбинат іспетті, олар мәдени қарым-қатынастың, білім алудың, коллектив болып тынығудың, өнерпаздықты өрістетудің, физкультура мен спортқа бұқараны қатынастырудың нағыз орталығына айналуда. Сөйткенмен бірқатар басшы қызметкерлер клубтардың, мәдениет үйлерінің жұмысын жақсартуды мықтап қолға алмай отыр. Олар бұл мекемелерде штаг қызметкерлері аз дегенді сылтау етеді. Бұл жолдастар, әрине, клуб жұмысында инициативалық, қалың бұқараны күші мен қабілетіне, белсенділігіне арқа сүйеу керектігін тиісінше ескермейді.

Облыстың партия ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту жөнінде бірқатар шаралар белгіледі. Соған сәйкес барлық жұмысты цехтарда, жатақханаларда, бригадаларда, фермаларда, бөлімшелерде, дала қостарында ұйымдастыру ойластырылып отыр.

Қазір бүкіл еліміздегідей, біздің облысымызда да Ұлы Октябрьдің 50 жылдығы мен Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуын лайықты қарсы алуға қызу әзірлік жасалуда. Көптеген мәдениет мекемелері нақты міндеттемелер қабылдап, мәдени-бұқаралық жұмысты жақсартудың, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің, марксизм-ленинизм идеяларын насихаттаудың, Ұлы Отанымыздың тарихи-ерлік жолдарын түсіндірудің формалары мен әдістерін творчестволықпен іздестіруде.

Совет адамдары арасында саяси-бұқаралық жұмысты үзбей жүргізу, еңбекшілердің қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін арттыру, оларды қоғамдық-пайдалы еңбекті құрметтеп, қастерлеуге тәрбиелеу—біздің қасиетті борышымыз.

ОҚУ КОМБИНАТЫ — БІЛІМ ОШАҒЫ

Қ. ЖАРҚЫНБЕКОВ,

Қызылорда облыстық партия комитетінің секретары

Коммунистік қоғам орнату — аса күрделі процесс. Бұл процестің барысында экономиканы барынша дамытып, материалдық игіліктердің ағыл-тегіл молшылығын жасаумен бірге моральдық-рухани жағынан кемеліне келіп толысқан, қоғам үшін еңбектенуді өмірінің басты мазмұны санайтын жоғары саналы жаңа адам тәрбиелеп өсіру керек болады. Сондықтан да партияның ХХІІ съезде қабылдаған Программасында «Қазіргі кезеңде идеологиялық жұмыстағы басты нәрсе — барлық еңбекшілерді жоғары идеялық, коммунизмге берілгендік, еңбекке және қоғамдық шаруашылыққа коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, буржуазиялық көзқарастар мен әдет-ғұрыптардың сарқыншақтарын толық жою, адамды жан-жақты, қалыпты дамыту, рухани мәдениеттің нағыз байлығын жасау» деп атап көрсетілген.

Партия алға қойған орасан зор бұл міндет бұқара арасындағы саяси-тәрбие жұмысын үздіксіз жақсартып, оның жаңа, тиімді түрлері мен әдістерін іздестіріп тауып, практикада қолданып отыруды талап етеді. Адамдардың коммунистік саналылығын арттырумен қатар олардың жалпы білімін, мамандық дәрежесін, ғылыми-техникалық даярлығын, іскерлігін жетілдіруге де айрықша назар аудару қажет. Мұнсыз коммунизм құрылысын ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Әрбір еңбек адамының өз мамандығына қатысты ғылым негіздерін, техника тетігін меңгеру қажеттігі қазірдің өзінде-ақ айқын білініп отыр. Мәселен, қазір жердің құрылымын, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды дақыл түрлеріне қарай қолдану тәсілін, егісті күтіп баптаудың ғылыми негізделген агротехникасын білмейінше жақсы дикан болу мүмкін емес. Механизмді жаппай пайдаланбайынша мындаған, он мыңдаған гектар егінді егу, баптау, жинап алу жөнінде әлгіме етудің өзі күлкі болар еді. Сондай-ақ интенсивті мал шаруашылығының тағдырын да зоотехния ғылымының жетістіктерімен, озат тәжірибемен қаруланған, тиісті ауылшаруашылық техникасын жақсы меңгерген адамдар шешеді. Міне осының бәрі еңбекшілердің қалың бұқарасын саяси-теориялық, ғылыми-техникалық білімдермен ұштастыра қаруландыру талабын алға қояды.

Қызылорда облысының партия ұйымдары бұл салада тынымсыз жұмыс жүргізіп келеді. Облыста миллиондардың лениндік университеті деп өте орынды аталған партиялық саяси оқудың кең жүйесі бар. Оларда үстіміздегі жылдың өзінде 40 мыңға жуық адам саяси-теориялық білімін көтерді. Бұл былтырғымен салыстырғанда бір жарым еседей артық. Соңғы жылдары еңбек адамдарын оқытып, тәрбиелеудің жаңа бір тиімді түрі — оқу комбинаттары құрылып, жұмыс істей бастады.

Оқу комбинаттарының ең басты артықшылығы — олар аса маңызды үш міндетті бірден атқарады: еңбекшілердің жалпы білімін көтереді, саяси-идеялық даярлығын жетілдіреді, ауыл шаруашылығының белгілі бір саласының ғылыми-теориялық негіздерімен қаруландырады. Осыған байланысты оқу комбинаттарын ұйымдастыруда жиналған азды-көпті тәжірибені ортаға салсақ, артық болмас деп ойлаймыз.

Облыстағы ең тұңғыш оқу комбинаты Сырдария ауданының «Комсомол» совхозы партия ұйымының бастамасымен құрылды. Бұл комбинаттың қамтуында село жастарын сегіз класқа дейін сырттан оқытатын оқу-консультациялық пункті, механизаторларды көптеп даярлайтын тұрақты курс, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, сауыншы Баян Піржанованың озат тәжірибесін оқып үйренетін мектеп, саяси оқу үйірмелері мен семинарлары болды.

«Комсомол» — совхозы негізінен овощ және сүт өндіретін шаруашылық. Сондықтан оқу комбинатында овощ өсірушілерге, жүгерішілерге, тракторшылар мен шоферларға арналған бөлімдер ашылды. Сауыншылар мен бақташылар Баян Піржанованың озат тәжірибе мектебіне қатысып отырды. Оқу аптасына бір рет, дүйсенбі күндері, 5—6 сағаттан жүргізілетін болды.

Комбинат жұмысына нақты басшылық жасау үшін арнайы совет құрылды. Ол советті совхоз директоры басқарып, құрамына мектеп директоры, жетекші мамандар, оқытушылар енді. Совет бастауыш партия ұйымының бюросында бекітілді.

Оқу комбинатының оқу жоспарын облыстық саяси ағарту үйі мен облыстық ауылшаруашылық басқармасының мамандары, совхоз жұмысшылары мен мамандары бірлесе отырып жасады. Оқитын әрбір жұмысшының жалпы, саяси-теориялық және мамандық білім дәрежесін көтерумен бірге сол алған білімін өндірісте пайдалана білуін қамтамасыз етуге жоспарда ерекше назар аударылды. Оқу мерзімі 2 жыл болып белгіленді.

Комбинатта сабақ беруге совхоздың жетекші мамандары, мектеп оқытушылары, облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының ғылыми қызметкерлері, өндіріс озаттары тартылды. Мысалы, жүгерішілер бөлімінде Шнелі ауданындағы «Гигант» колхозының атакты диканы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты С. Махамбетова арнайы келіп лекция оқыды, тәжірибесін ортаға салды, тыңдаушылардың көптеген сұрақтарына жауап берді. Мұндай әдіс оқудың практикалық мазмұнын жақсартуға, нақты әсерін, ықпалын күшейтуге көмектесетінін тәжірибе көрсетіп жүр.

Совхоз партия ұйымы оқу комбинатын ұйымдастырғанда онда оқитын жұмысшылардың материалдық ынтасын көтеруді мұқият ескерді. Оқу жылының аяғында совхоз дирекциясының бұйрығы бойынша мамандық белгілейтін комиссия құрылады. Теориялық білімді жақсы игерген, өндірісте жоғары көрсеткіштерге жеткен тыңдаушыларға «Шебер жүгеріші», «Шебер сауыншы», «Шебер шопан», «Шебер бақташы», «Овощ өсірудің шебері» сияқты мамандығына лайық атақ және комбинатты оқып бітіргендігі жайлы куәлік беріледі. Ауыл шаруашылығының шебері атағын алған тыңдаушылардың жалақысы тарифтік кесте бойынша 10—15 процентке дейін арттырылады. Оның үстіне комбинаттың тракторшылар даярлайтын бөлімінде оқитындардың оқуы аптаның 4 күні бойы жүргізілетіндіктен, оларға совхоз есебінен орташа жалақы төленеді.

Міне осы шаралардың бәрі совхоз жұмысшыларын өздерінің білімін көтеруге, өндірісте жоғары көрсеткіштерге жетуге ынталандыруда. Бұған совхоз коллективінің соңғы екі жылда жеткен табыстары айқын дәлел. 1962 жылғымен салыстырғанда совхоз өткен жылы мемлекетке овощты 4,2 есе, бакша өнімдерін 2,6 есе, сүтті 1,5 есе көп тапсырды. Звенья жетекшілері Д. А. Еременко, И. Оразбеков, Б. Өтепбергенов және басқа көптеген озаттар овощ-бакша дақылдарының әр гектарынан 120—180 центнерден өнім алды. Совхоз сауыншылары сүт сауу жөнінде биылғы жылдың бірінші жартысына белгіленген тапсырманы асыра орындады.

Әрине, мұның бәрі совхоз экономикасын көтере түсу мақсатында жүргізіліп отырған перспективалық үлкен жұмыстың тек бастамасы ғана екенін айта кеткен жөн.

«Комсомол» совхозында ұйымдастырылған оқу комбинатының жұмыс тәжірибесі село еңбеккерлеріне таяудағы екі-үш жыл ішінде ауыл шаруашылығының түрлі салалары жөнінде жаппай бастауыш экономикалық білім беруге болатынын көрсетті. Осыны ескеріп облыстық партия комитеті «Комсомол» совхозы партия ұйымының бастамасын қуаттап, арнайы шешім қабылдады және оқу комбинаттарын ұйымдастыру біздің шаруашылықтарымыздың жағдайында қолайлы деп ұйғарды.

Жақсы бастамаға жанашыр қолдаушылар да көптеп табылды. Көп ұзамай Шиелі ауданының «Қызылту», Жалағаш ауданының Калинин атындағы колхоздары мен Қазалы ауданының Партияның XXII съезі атындағы совхозында оқу комбинаттары ұйымдастырылды. Аяқталған оқу жылында оқу комбинаттарында барлығы 541 адам оқыды. Бұлардың 231-і—егіншілер, 200-дейі—механизаторлар, 100-ге жуығы—шопандар, бақташылар, сауыншылар.

Оқу комбинатының жұмысы Шиелі ауданының «Қызылту» колхозында біршама тәуір ұйымдастырылып отыр. Бұл оқу комбинатында 36 егінші, 23 комбайншы, 27 тракторшы оқиды. Сабақ үнемі ұйымшылдықпен өткізіледі. Колхоз партия комитеті (секретары А. Смаилов жолдас) комбинатта сабақ беруші оқытушылар құрамын дұрыс іріктей білген. Олар — колхоздың бас агрономы М. Тәжіков, агроном И. Нұрымбетов, бас инженер К. Исмаилов, күріш өсірудің атакты шеберлері Ы. Жақаев, З. Ержанова жолдастар. Сонымен бірге саяси оқу жүйесіндегі тақырыптар бойынша сегіз жылдық мектептің мұғалімдері, колхоз партия комитетінің мүшелері, аудандық партия комитетінің жауапты қызметкерлері баяндама жасап, лекция оқыды.

«Күріш және ауыспалы егіс» деген тақырыппен өткізілген сабақта колхоз дикандары күріштен мол өнім алудың шешуші шарттарының бірі — күріш егісін дұрыс орналастыру туралы кең пікір алысты, бұл жөнінде орын алып келе жатқан кемшіліктерді сынады. Осы тақырыптан өткізген сабағында колхоз агрономы И. Нұрымбетов әрбір звенода, бригадада агротехникалық шаралардың қалай сақталғанына кең тоқталып, нақтылы мысалдар келтірді. Пікір алысуға Ы. Жақаев жолдас та қатысып, өзінің тәжірибесін ортаға салды.

«Қызылту» колхозының партия комитеті Ыбрай Жақаевтың озат тәжірибе мектебін ұйымдастырған еді. Ол қазір оқу комбинатының бір бөлімшесі ретінде Ыбекеннің күріш өсірудегі озат тәжірибесі жөнінде арнаулы сабақтар жүргізеді, күріш өсіруші звено жетекшілеріне көмек көрсетеді. Колхозда Жақаевтың озат тәжірибе кабинеті де бар. Бұл кабинетте атакты күрішшінің бай тәжірибесі жинақталған. Оқу комбинатында оқитын күрішшілер мұнда жиі бас қосып, пікір алысып, ақылдасып, кеңесіп тұрады.

1964 жылдан бастап колхозда жақаевшылар қозғалысы кеңінен өріс алды. Ақ күріштің атасы Ыбекеннің тәжірибесін басшылыққа алған талапкерлер алғашқы жылдың өзінде-ақ көрнекті табысқа ие болды. Өткен жылы 1020 гектар күріш егіп, әр гектарынан колхоз бойынша 28,7 центнерден өнім келтірді. Мемлекетке 22 700 центнер астық тапсырылып, жоспар артығымен орындалды.

Ал Ы. Жақаевтың өзі 20 гектар күріштің әр гектарынан 91 центнерден өнім жинап, тағы да тамаша табысқа жетті. Ыбекеннің шәкірттері СССР Жоғарғы Советінің депутаты Захира Ержанова 20 гектардың әр гектарынан 67 центнерден, Балтабай Әбдімомынов 23 гектардың әр гектарынан 50 центнерден өнім келтірсе, қалған 10-ға жуық звено жетекшілері әр гектардан орта есеппен 40—50 центнерден өнім алды.

Бұл қол жеткен табыстар комбинатта оқыған колхоз дикандарының теориялық білімін практикалық жұмыста пайдалана білгендіктерінің айғағы болып табылады.

«Қызылту» колхозының дикандары биыл 1200 гектар күріш егісінің әр гектарынан кемінде 40 центнерден өнім алуға міндеттенді. Қазір егіс даласында осы міндеттемені абыроймен орындау жолында қызу шайқас жүріп жатыр. Дикандар ең озат тәжірибе мен ішкі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, күрішті суару, баптау жұмысын сапалы жүргізуде.

Әрбір жана істе кездесетіні сияқты оқу комбинаттарының жұмысында да қуанарлық жетістіктермен қатар бірталай кемшіліктер бар. Ең алдымен комбинаттардың бәрінің дерлік оқу-материалдық базасы нашар. Көрнекі құралдар жетіспейді. Методикалық әдебиеттер мүлдем жоқтың қасы. Қайсы бір жерлерде оқу комбинаттары құрылғанымен, оларға оқушылар, өте-мөте жастар жағы аз қатысады. Кей комбинаттарда сабақтың идеялық дәрежесі, практикалық мазмұны көңілдегідей емес.

Облыстық партия комитеті оқу комбинаттарының жұмысын арнайы зерттеп, осы тәрізді кемшіліктерді ашты, олардағы оқыту-тәрбие істерін жақсартуға бағытталған шаралар белгіледі. Колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары оқу комбинатын формальды құрумен тынбай, оның шын мәнісінде нақты, пайдалы жұмыс істейтін болуын көздеулері керек. Бұл істе ешқандай асығыстық, санқушылық болмауға тиіс. Комбинатта сабақ беруге ең білімді, тәжірибелі мұғалімдерді, өндіріс мамандарын, басшы қызметкерлерді тартқан жөн.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы социалистік шаруашылықты дамытудың экономикалық заңдарын қатаң сақтау қажеттігіне баса назар аударды. «Социалистік өндірісті дамытудың, — делінген Пленум қаулысында, — экономикалық заңдарын бұзушылық, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын қоғамдық шаруашылықты өрге бастыруға материалдық жағынан ынталандыру принциптерін бұзушылық ауыл шаруашылығының артта қалып келгендігінің негізгі себептері болды».

Пленум бұл кемшіліктерді іс үстінде жоюдың, сөйтіп ауыл шаруашылығының барлық саласын тез өркендетудің нақты жолдарын белгілеп берді. Колхоз, совхоз өндірісін өрге бастырудың қазір жасалып отырған қолайлы жағдайын неғұрлым ұтымды пайдалану үшін село еңбеккерлерінің білімін, мамандық даярлығын жаппай арттыру керек. Оқу комбинаттары осы міндетті тезірек орындаудың пәрменді әдісі болып табылады. Сондықтан да біз ауылшаруашылық кадрларын даярлаудың бұл жүйесін кеңейтіп, әрістете бермекпіз.

Коммунист бәріне де жауапты

Кейде адамды күтпеген жерден үлкен ойға қалдыратын оқиға болады ғой. Нақ осындай жағдай жуырда менің де басымда кездесті. Осы мақаланың жазылуына да сол себепші болған сияқты. Мәселе былай еді.

Кешкі сменаны аяқтап, бір топ жұмысшы заводтан шықтық. Үй арасы қашық болса да, күндегі дағдымызбен таза ауа жұтып, әңгіме шертіп жаяу жүрдік. Мұндайда әңгіменің түпкі желісі өзіміз іргесін қолдан қалап, игілігін көріп отырған завод жайлы болатыны белгілі ғой. Және қасымдағы жолдастарымның бәрі дерлік мен сияқты кәсіпорынның ежелгі жұмысшылары. Бір кезде қасымдағы жолдасым Шәйтiм күтпеген сұрақ қойды.

— Смағұл, кеше сендер Нұрмағанбетовтың үйіне бардыңдар ма?

— Иә, бардық.

— Әңгімелеріңнің қорытындысы не болды?

— Әзірше мәз емес. Тегі, көп болып ақылдаспасақ, мәселе түйіні шешілмес.

Шәйтiм менің бұл сөзімді ұнатпағандай:

— Сол бөгде біреудің ішкі үй-тұрмысына араласқанымыз орынды болар ма екен? Бұл жеке бастың мәселесі ғой. Өздері-ақ түсінісіп кетпей ме! Араласамыз деп құр ушықтырып алармыз, — деген пікір айтты.

Бұл сөзге мен алғашында антарылып қалдым. Бәлкім, Шәйтiмнің айтқаны шын да шығар. Осы біз орынсыз іске араласып жүрген жок па екенбіз?

Нақ осы сұрақ, осы пікір мені үйге келген соң да мазалай берді. Түн баласына есімнен шықпай қойды.

Кеше Нұрмағанбетовтың үйіне мен, смена бастығы Қалиасқар, цехтық кәсіподақ тобының председателі Петр Трегубчик үшеуміз барғанбыз. Ол жігіт біздің цехта тас қалаушы еді. Іске тыңғылықты, талапкер, тапсырылғанды дәл орындайтын жігіт болатын. Бірақ оның мінезі соңғы кезде күрт өзгеріп кетті. Жұмысында береке болмады, кей реттерде арақ ішіп, қызып жүретіндігі байқала бастады. Ақ жарқын, ашық мінез, үлгі етер өнегелі жігіттің жок жерден бұлайша жолдан тая бастағаны бізді ойландырмай қойған жок. Өзімен жеке сөйлесіп, себебін біле алмадық. Жақын достарымен әңгімелескенде бар кілтипан семьяда, оның ішінде әйелі мен екеуінің арасында екенін аңғардық. Бірақ басты кінә кімнен? Міне осыны анықтап, ақыл қосу үшін үшеумізге Нұрмағанбетовтың үйіне баруға тура келді.

Жаңағы Шәйтiмнің қойған сұрағы осы оқиғаға байланысты еді.

Иә, семья ішіндегі қатынас әркімнің жеке басының ісі. Әсіресе ерлі-зайыпты адамдардың арасына түсу үнемі орынды бола бермейді. Бірақ сол семья қатынасы біздің жалпы ісімізге әсерін тигізіп, коллективтің белді мүшесі болады деп үміт артып жүрген жас жігітті жалған жолға жетелеп бара жатса не істемекпіз? Әлде «ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі» деген ескі мәтелді бетке ұстап, «пұл болмасан күл бол» деп отыра береміз бе?

Меніңше, тіпті де олай ете алмаймыз. Өмір тәжірибесінің аздығынан немесе жастық албырттықтың қызуымен тура жолдан ауытқып бара

жатқандарға қол ұшын беріп, ақыл айту, олардың қателіктерін сабырлылықпен түсіндіріп, тәрбиелеу біздердің борышымыз. Мұны сол адамның өз мүддесі де, ел мүддесі де талап етеді. Бұл оған да, елге де пайдалы.

Бізді Нұрмағанбетовтың үйіне апарған себеп те осы еді. Сондықтан да мен жолдасымның әлгі сұрағына «біздің істегеніміз дұрыс» деп жауап беруді лайық көрдім.

Бұл, әрине, сырт қарағанда «ұсақ-түйек» оқиғалардың бірі. Бірақ мен мұны тектен-текке айтып отырғаным жоқ. Мұның астарында үлкен әңгіме көтеретін сыр жатыр. Оның ең бастысы — жеке коммунистің өндірістегі, қоғамдағы, жолдастарының арасындағы ролі туралы.

Әрине, мені де, Құрақбаев, Трегубчик сияқты коммунистерді де Нұрмағанбетовтың үйіне барып, соның жарасты семьясын қалпына келтір деп ешкім зорлаған жоқ. Бұған біз өзіміздің еркімізбен, өзара бір пікірге келіп бардық. Бізді бұған коммунистік арымыз жетеледі. Соның нәтижесінде бір жасты жасампаз еңбекке қайта оралтып, бір семьяда қуаныш отын қайта маздаттық. Біз соған ризамыз. Өйткені бір жас жігіт — коммунизмнің белді күрескері, бір семья — коммунистік қоғамның жанды бір клеткасы. Әрине, бұл сырт қарағанда онша мән берерлік көлемді іс те емес шығар. Бірақ асқар таудың көзге көрінбес қиыршықтан құралатындығын естен шығаруға болмайды ғой.

Осыған байланысты мына бір пікірді баса айтқым келеді. Әр коммунист өзін ең алдымен қоғам игілігі, ел қамы үшін еңбек етушімін, адамдардың тәрбиешісімін, ақылшысымын, сол үшін күресушімін деп түсіне білуі шарт. Ал өмірде адам үшін, оның кіршіксіз бақытты өмірі, алаңсыз ісі үшін күресуден асқан абырой болушы ма еді!

Біздің завод — көп жылдан бері республикалық, тіпті Одақтық көлемде жүлделі орынды жеңіп алып келе жатқан кәсіпорын. Соңғы үш жыл бойы ол еліміздің металлургтері арасында ауыспалы Қызыл туды ешкімге бермей келеді. Ал осы игі жеңіске жеткізушілер кімдер? Осы заводтың адамдары. Солардың жасампаз еңбегі. Олай болса адамдар үшін күресу, солардың тәрбиешісі болу — ең алдымен табыс үшін күресу, табысты шыңдау деген сөз. Менің әр коммунист — адам тәрбиешісі деген пікірімнің түйіні де осы.

Ендігі сөз коммунистің өндірістегі ролі туралы. Бізде «пәлен коммунист өзіне жүктелген жұмысты адал атқарып жүр, түген коммунист нормасын үнемі асыра орындайтын озат деген сөздер жиі айтылады. Мұндай адамдар үнемі келелі жиындарда басшылардың тіліне тиек, сөзіне мазмұн болатындығы да рас. Бұл дұрыс та. Бірақ осы арада мәселенің екінші жағына көз жіберейікші.

Жүктелген өндірістік міндетке адал болу, еңбекте озат болу — жақсы іс, мақтарлық іс. Бірақ бұл коммунист үшін ерекше бір ерлік емес. Себебі, ол өз міндетіне адал қарамаса коммунист бола алмас та еді. Сондықтан коммунисті өндірістік міндетін орындағаны үшін ғана жеркөкке сиғызбай мақтай беру, менің ойымша, артықтау. Коммунист тұлғасына ең басты өлшем — ол өзінің уставтық міндеттерін қалай орындап жүр, — міне, осы жағы болуға тиіс. Ал Уставта коммунист өзі озат болумен бірге жұртшылықты жасампаз еңбекке жұмылдырушы, коммунизм ісі үшін күрескер болуға тиіс делінген.

Өз борышын нақ осы тұрғыдан түсінетін коммунистер бізде аз емес. Бір мысал келтірейін. Біздің заводта жас коммунист Жармадет Досмағанбетовтың № 11 комсомол-жастар пешінің бригадирі болып істей бастағанына шамалы ғана уақыт өтті. Осы аз уақыт ішінде-ақ ол жұртшылық құрметіне бөленді. Өйткені ол тапсырылған істі өзі ғана тындырымды атқарып қоймайды, сонымен бірге қамтуындағы коллективін де жасампаз еңбекке шебер жұмылдырады. Мен оны ылғи жұрт арасында көремін. «Қай уақытта дем алады екен өзі» деп таңырқаймын да. Бірде

біз жұмысты қатар аяқтадық. Екеуміздің үйіміз бір жақта болған соң бірге кететін шығармыз деп ойлады. Бірақ ол:

— Александрдың бригадасында бүгін бір адам ауырып қалған екен, соған алғашқы шойынды құюға көмектесу керек. Сен мені күтпе, — деді.

Александр Жуков та, Жармадет сияқты, пеш бригадирі. Тек оның тәжірибесі аздау. Жармадет соны біліп, көмектесу деген сылтаумен өз тәжірибесін үйреткелі тұрғанын сездім.

Міне, коллективтік мүддеге коммунистік көзбен қарағандық, ортақ іске шын жаны ашығандық, еңбектес әріптестеріне қалтқысыз жолдастық көмек деп осыны айтар едім.

Немесе коммунист Жаксантай Қызырліиясовты алайық. Бұл да біздің заводтағы озаттардың бірі. Жуырда ол аса қуатты трансформаторда жұмыс істеуге ниет білдіріпті. Бөлшектелген феррохромды мұндай трансформаторлы пеште өндіру бүкіл еліміздің ферросплав өнеркәсібінде бірінші рет қолданылғалы отыр. Сондықтан да оған көп металлургтердің батылы жетпеген болатын. Әрі қиын, әрі алғашқы кезде ақшасы аз. Ал Жаксантай болса бұған қараған жоқ. Өйткені ол — коммунист. Көп кешікпей Қызырліиясовты қолдаушылар да көбейе түсті. Сөйтіп ол игі іске мұрындық болды.

Қорыта айтқанда, ұйымдастыру жұмысын жүргізіп, жұртшылықты жасампаз еңбекке жұмылдыру — коммунистің қасиетті парызы. Бірақ, неге екені белгісіз, көп реттерде осы бір аса қадірлі талап ұмытыла беретін сияқты. Мұндай «ұмытшақтық» бізде де бар. Мысал келтірейік. Жуырда біздің цехтың партия ұйымында 3 жұмысшы партия қатарына қабылданды. Бұлар өнегелі еңбегімен жұрт көзіне түсіп жүрген жастар еді. Бірақ оларға қойылған сұрақтар негізінен норманы қалай орындап жүргендігінен асқан жоқ. Тағы да қайталап айтамын, бұлар партия қатарында болуға лайықты жастар. Бірақ жиналыста отырған карт коммунистердің бірде-бірі коммунист дегеніміз тек еңбек озаты ғана емес, жұртшылыққа басшы, өнеге, тәрбиеші болуға тиіс екендігіне жас талапкерлердің назарын аударған жоқ. Тегі, осы бір кемшілік көптеген партия ұйымдарына тән сияқты.

Коммунистің беделі жөнінде бірер сөз. Халқымыз Коммунистік партияны заманымыздың ақыл-ойы, ожданы деп бағалайды. Мұның сол ұлы партияның мүшелері — біздерге, қатардағы коммунистерге жүктері міндеті зор. Коммунист ең әуелі саналы еңбегімен, инабатты ісімен өнеге көрсетуі керек. Шынтуайтқа келгенде еңбек — беделдің түп қазығы. Бұл арада мен еңбекті кең көлемдегі ұғымда алып отырмын. Ол тек жұмыста ғана емес, өз ортанда, жолдастарының арасында бүкіл мінез-құлқынмен, биік адамгершілігімен үлгі көрсет деген сөз. Бір факт келтірейін. Ростислав Сорокин біздің заводты көп жылдан басқарып келеді. Оның жұмысшылар арасындағы беделі де күшті. Бірақ ол бұған бастық болғасын ие болды деу тым қиянат болар еді. Ол тек завод директоры ғана емес, сонымен қатар жұмысшылардың жақын досы, ақылшысы, сырласы. Оны ылғи халық ортасынан көресін, тіпті қыста мұз айдынында, шаңғы жарысында, жазда су жағасында, көл басында қалың жұмысшылармен бірге жүретін де сол. Оған заводтағы әр жұмысшының аты-жөні, жұмысы, тұрмыс жағдайы, семьясы жақсы таныс.

Басшы коммунистің бұл ісі қатардағыларға да үлгі. Біздің заводтың коммунистері өз коллективіндегі беделді адамдар деуіме де осы себеп болып отыр. «Мен коммунистің» деп асып-таспау, қоғам қамымен өмір сүру — міне, бедел көзі осында.

Жуырда біздің завод партия ұйымының жалпы жиналысы болып, онда коммунистердің міндеті туралы мәселе талқыланды. Шынымды айтайын, бұл бас қосудан өз қарабасым үлкен ләззат алып шықтым. Кәсіпорынның қай саласында болса да авангардтық роль атқарушылар — коммунистер. Бұл заңды да, солай болуға тиіс те. Бірақ осында

«әттегене-ай» дегізер жәйттер де айтылмай қалған жоқ. Несін жасырайын, бізде әлі де болса коммунист деген ардақты атқа құр ие болып жүргендер де ұшырасады. Мәселен, жұмысшылар Бондарь, Либединский сияқтылар өзгені сонына ертпек түгіл, өздеріне жүктелген міндетті де дұрыс атқара алмай жүр. Ал Петухов, Маркелов сияқты коммунистер қиындықтан кашудың жолын іздеп жалтаратындар екен.

Бұл сияқтылардың қылығын естігенде менің есіме жуырда заводта болған бір оқиға түсті. Қызу жұмыс үстінде бір пеш тоқтап қалды. Ал оны жөндеушілер бұл кезде кетіп қалған еді. Енді не істеу керек? Нақ осы кезде коммунист Леонид Золотов әлі қызуы басылмаған пештің ішіне кіріп, оны жөндеп бітіргенше, бір тәулік бойы шыкпады. Бұл оның тікелей жұмысы емес еді және оған осыны істе деп ешкім бұйырған да жоқ. Бұл жұмыс әрі қауіпті де болатын. Бірақ коммунистік ар-ождан оған тек іс мүддесін ойлаттырды.

Біздің завод коллективі бұл күндері қызу еңбек үстінде. Жарты жылдық қорытындыда Батыс Қазақстан халық шаруашылығы советі бойынша бірінші орынға шықтық. Қазір жетіжылдық межеден үш ай алда келеміз. Әрине, бұл табыста коммунистер үлесі мол. Бірақ бұл табыс шегі емес. Егер әрбір коммунистің жауапкершілігін арттырып, ұйымдастырушылық ролін көтере алсақ, табыс тасқынының бұдан да зор болатындығы күмәнсіз.

Баршамызға мәлім, КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1964 жыл) Пленумынан кейін партияның, әрбір коммунистің өмірінде үлкен өзгерістер болып, жақсы леп есті. Сөзуарлық, құрғақ мақтан, даурықпалы думан сияқты біздің партиямыздың, біздің құрылысымыздың табиғатына жат кемшіліктер сылып тасталды. Партияның төменгі буындарының, коммунистердің өндірістегі, саяси өміріндегі ролін бағаламаушылық мықтап айыпталды. Мұның бәрі әрбір коммунистің қоғам өміріне белсене араласуына, өндірісте жорары шабытпен еңбек етіп қана қоймай, өзінің жетекшілік, ұйымдастырушылық, тәрбиешілік роліне әрдайым сай болуына ұшан-теңіз мүмкіндік ашты. «Коммунист бәріне де жауапты» деген талап та осыған орай туған сияқты. Бүкіл адам баласы зор үміт артып отырған партияның мүшесі бұл талаптарды терең сезінбей қалмақ емес. Заманымыздың ақыл-ойы, ар-ожданы — Ленин партиясының мүшесі деген атаққа дақ түсірмей, кіршіксіз ұстау — әрбір коммунистің ең ардақты борышы.

С. ҮКІБАЕВ,

КПСС мүшесі, Ақтөбе
ферросплав зауыдының бригадирі

Партия жиналысы — тәрбие мектебі

Коммунистердің өндірістегі, қоғамдық өмірдегі жетекшілік ролін арттыру туралы әңгіме қозғаған кезде, партия жиналысының сөз болуы әбден орынды. Неге десеңіз, коммунистер жиналыс үстінде емін-еркін пікір алысады, өздерін ойландырып, толғандырып жүрген мәселелерді ортаға салады, жақсыны қолдап, көтермелеп, кемшіліктерді сынайды, бір-бірінің жұмысына коллектив мүддесі тұрғысынан қарап, баға береді. Қысқасы, әрбір коммунист жиналыс арқылы бастауыш ұйым жұмысын басқару, партиялық іскерлік мектебінен өтеді. Тегінде, қай-қай ұйымның болса да жұмыс дәрежесі көп жағынан жиналыстың қалай өтетініне, коммунистер белсенділігіне байланысты десек, асырып айтқандық бола қоймас.

Осы жағынан алғанда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Павлодар облысындағы бастауыш ұйымдардың партия жиналысын әзірлеу және өткізу практикасы туралы» арнайы мәселе қарап, нақты шаралар белгілеуі барлық коммунистердің көкейінен шықты; оның өзі жергілікті партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға деген шыннайы қамқорлық болды.

Партия жиналысының уақтылы өтпеуі, өте қалса коммунистердің түгел қатыспауы, күн тәртібіне қойылған мәселенің атүсті талқылануы сияқты олқылықтар кезінде біздің ұйымның да жұмысына тұсау болған еді. Оның ең басты себебі — коммунистердің жиналысын әзірлеуге және өткізуге партия бюросының өзі мүлдем жауапсыз қарайтын. Ал әзірліксіз, атүсті өткен жиналысқа коммунистер ықылассыз қатысатын, жарыссөзде сөйлемейтін, қайтқанша асығатын.

Қазір олай емес. Партия жиналысы ай сайын, белгіленген жоспарға сай шақырылады. Жиналыстың күн тәртібі, оны әзірлейтін адамдар ерте бастан тағайындалады. Баяндамашы талқыланатын мәселеге тікелей қатысы бар әрі дәмді пікір айта алатын, кемшіліктерді іркілмей сынайтын адамдардан іріктеледі. Жиналыстың болатын күні, қандай мәселе қаралатыны, кім баяндама жасайтыны алдын ала хабарланып, коммунистердің емін-еркін дайындалып, айтатын ой-пікірлерін көкейлеріне түйіп келуіне мүмкіндік беріледі.

Күн тәртібіне негізінен өмірдің өзі туғызған, коммунистердің өздері көтерген мәселелер қойылады. Мысалы, өткен жылы совхозда саулықтардан төл алудың жайы мәз болмады. Бірсыпыра шопандар ел алдында берген уәдесі тұрмақ, жоспарлы тапсырманың өзін орындамады. Бұл жағдай совхоз коммунистерін толғандырмай тұра алмады. Олар қой шаруашылығының жайын арнайы талқылап, бұл саладағы кемшіліктерді жою үшін батылырақ шара қолдануды талап етті. Осы талаптың негізінде «Коммунистердің өндірістегі жетекшілік ролі туралы» ашық партия жиналысы өткізілді. Оған коммунистермен қатар мал шаруашылығының мамандары, шопандар түгел қатыстырылды.

Жиналыста пікір таласы қызу болды. Төл алу науқанына тынғылықты әзірлік ұйымдастыра алмаған совхоз дирекциясы мен партия ұйымының, жеке мамандардың атына ащы да әділ сындар айтылды.

Партия жиналысының тәрбиелік ролін көтеру үшін күн тәртібіндегі әрбір мәселені байыпты талқылап, партиялық ішкі демократияны мейлінше өрістетуге қажет. Коммунист өзінің ой-пікірін басқалардың, әсіресе басшылардың дұрыс түсінетініне, кемшілікті сынағаны үшін ешбір қуғынға ұшырамайтынына кәміл сенетін болуға тиіс. Сонда ғана ол өзін толғандырып жүрген мәселелерді іркілмей ортаға салады, іске жанапырлық пікір айтып, ұсыныстар жасайды. Жиналыс үстінде коммунистердің айтқан сын ескертпелеріне орай сын-сықақ листогын қолма-қол шығарып тұрудың да жиналысты қызықты ету үшін үлкен көмегі бар. Біз бұл әдісті партия жиналыстары кезінде жиі пайдаланып жүрміз.

Сондай-ақ жиналыста жалпылама қаулы қабылдаудан қашқан мақұл. Белгіленген шаралар мейлінше тұжырымды болып, оны орындауға жауапты кісілердің аты-жөні, орындалу мерзімі нақты көрсетілуге тиіс. Қаулының орындалу барысы туралы келесі жиналыста хабарлап отыру керек. Сонда ол бүкіл ұйымның, коммунистердің шын бақылауында болады. Ал егер қаулылар үсті-үстіне қабылданып, бірақ оның ешқайсысы тиянақты орындалмай жатса, онда партия жиналысының қадірі де қалмайды, ықпалы да болмайды.

Уақ-түйек мәселелерді тізіп талқылай бергеннен де партия жиналысының беделі артпайды. Біз коллектив үшін, совхоз шаруашылығы үшін ерекше маңызы бар, партия ұйымының араласуын қажет ететін мәселелерді ғана коммунистер жиналысына қоямыз. Ал іс үстінде шешіп жіберуге болатын немесе бір бөлімшеге, фермаға қатысты мәселе жөнінде партия ұйымының секретары не бюро мүшесі барып, сол жердің өзінде әңгіме өткізеді, ақылдасып, кенесіп қолма-қол шешіп отырады.

Жоспарымызға сәйкес жұырда партия жиналысында комсомол ұйымының есебін тыңдамақшымыз. Совхоз комсомол жастары өндіріске, қоғамдық өмірге қалай қатысып жүр, олардың арасындағы тәрбие жұмысының жайы қалай — міне, әңгіме тиегі осы болмақ. Бұл мәселені әзірлеу Р. Сырлыбаев, П. Рязанов, С. Сейдахметов, М. Прокопец жолдастарға тапсырылды. Бұлардың төртеуі де бұрын комсомол қызметінде болған, жастар арасындағы жұмыстың ерекшеліктерін жетік білетін тәжірибелі коммунистер.

Әрине, партия жиналысын әзірлеу және өткізу ісінде кемшіліктеріміз де жоқ емес. Кейде баяндамашы тағайындалып, күн тәртібі ерте бастап белгіленсе де, жиналыстың қызықсыз, сұрғылт өтетін кездері болады. Мұның себебі баяндаманың әлсіздігінен, коммунистердің күнделікті ісіне тікелей қатысты мәселелер сөз болмай, міндеттердің жалпылама қойылуынан ғой деп ойлаймыз. Сондықтан біз баяндаманың мазмұнды, өткір болу жағына көбірек назар аудара бастадық.

Ал енді мақала соңында айтқымыз келген бір жай мынау. Аудандық партия комитетінің нұсқаушылары шаруашылықтарда болған кезінде бастауыш ұйымдардың, әсіресе цехтық ұйымдардың жұмысына көбірек көңіл бөлсе, олардың жақсысы болса құптап, көтермелеп, кемшілігі болса ескертіп, түзетіп тұрса дейміз. Жиналысқа баяндама әзірлеу, коммунистерге тапсырма беру, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының жұмысына басшылық ету практикасы жөнінде цехтық партия ұйымдарына ақыл-кеңес, пәрменді көмек қажет-ақ.

М. ИСБАЕВ,

Ленин атындағы қой совхозы
партия ұйымының секретары

Луговой ауданы,
Жамбыл облысы.

Коммунистердің дербес ісі туралы

Біздің партия өз қатарының құрыш-тай бірлігімен, өз мүшелерінің белсенділігімен, саналылығымен күшті. Еңбекшілер бұқарасы коммунистерді халық мүддесі жолындағы жалынды күрескерлер, қоғам алдындағы борышына адалдықтың, табандылықтың, шыншылдықтың, жолдастарына деген қамқорлықтың өнегесін көрсететін биік адамгершілік иелері деп біледі, солардың ісіне, мінез-құлқына қарап бүкіл партияға баға береді. Сондықтан да партия өз қатарының тазалығын көздің қарашығындай қорғайды, әрбір коммунисті ерінбей-жалықпай тәрбиелеп, шындай отырып, оларға мейлінше жоғары, қатаң талап қояды.

Қазіргі кезде халық шаруашылығының коммунистер еңбек етпейтін, партия ұйымының ықпалы қамтымайтын бірде-бір учаскесі жоқ. Бір ғана біздің Жамбыл облысының өзінде өнеркәсіп орындарында, транспортта, құрылыста, колхоздар мен совхоздарда он бір мыңнан астам коммунист еңбек етеді. Коммунистер армиясының қатары еңбекшілердің ең таңдаулы өкілдері есебінен жылма-жыл толығына түсуде. 1964 жылдың бір өзінде облыс партия ұйымы 1500-ге жуық адамды, оның ішінде 558 жұмысшы мен 303 колхозшыны КПСС мүшесі және мүшелікке кандидат етіп қабылдады.

Партия мүшелері арасында өзінің барлық күш-жігерін, білімін, қабілетін, тәжірибесін коммунистік құрылыс ісіне жұмсап, бұқараны өз сонынан ертіп жүрген маңдай алды коммунистер мыңдап саналады. Мысалы, Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған шопан Жазылбек Қуанышбаевтың бүкіл өмірі мен еңбегі партия мен халыққа адал қызмет етудің тамаша өнегесі болып табылады. Жуалы ауданының Карл Маркс атындағы колхозының товарлы-сүт фермасының меңгерушісі Анастасия Крицкая да партия мүшесі деген атақты жоғары ұстап жүрген коммунист. Ол адал еңбеккер ғана емес, сиырдың сүттілігін арттыру өнеріне талай кісіні баулып үйреткен жақсы тәрбиеші де. Мұндай мысалдарды келтіре берсе көп-ақ.

Дегенмен кейде қоғам мүддесінен гөрі қара басының қамын көбірек ойлайтын, партия мүшесі деген атақты мансапқа, «жылы орынға» жетудің амалы ғана деп

түсінетін, жарамсыз қылықтар жасап, партия атына кір келтіретін бірлі-жарым коммунистердің кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Мұның басты себебі қайсы бір партия ұйымдарының КПСС қатарын ең лайықты адамдармен толықтыруға ерекше қамқорлық жасамай, партияға кездейсоқ, тұрақсыз адамдардың еніп кетуіне жол бергендігінен, кейде партияға қабылдаумен барлық істі біттіге санап, коммунистермен күнбе-күн тәрбие жұмысын жүргізбейтіндігінен деп білу керек.

Соңғы кездері облыс партия ұйымы мұндай қателіктерге жол бермеудің шараларын қарастыруда. Партияға өтетін әрбір адамның еңбекке қатысы, моральдық және іскерлік сапасы етжей-тегжейлі зерттелуде, кепілдеме беруші коммунистердің жауапкершілігі арттырылуда. Бұл жөнінде партияға адам алу және коммунистердің дербес ісі туралы мәселелерді алдын-ала қарайтын штаттан тыс партиялық комиссиялар партия ұйымдарына елеулі көмек көрсетіп отыр. Біздің облыста партия комитеттерінің жанынан құрылған осындай комиссияларда 109 коммунист істейді. Олардың көбі партиялық жұмыстың үлкен мектебінен өткен өмірлік тәжірибесі мол кадрлар, сондай-ақ партиялық стажы аз болғанымен, білімі, қабілеті, іскерлігі арқылы үлкен бедел мен құрметке ие болған коммунистер.

Партия өз мүшелеріне қатаң талап қоюмен бірге олардың правосын, абыройы мен намысын қорғауға да шын әкелік қамқорлық жасайды. Ол коммунистің нақаттан зәбір шегуіне, қудалануына, жаңсақ жазалануына әсте жол бермейді. КПСС Уставында: «Партиядан шығару туралы мәселені шешерде барынша сергек болу, коммунистке тағылған айыптардың дәлелді-дәлелсіздігін мұқият тексеру қамтамасыз етілуге тиіс», деп атап көрсетілген. Облыс партия ұйымдары коммунистердің дербес істерін қараған кезде Уставтың осы талабын басшылыққа алады.

Коммунистердің дербес істері негізінен бастауыш партия ұйымында қаралады. Бұл абден дұрыс. Себебі, коммунистің жақсысын да, жаманын да, артықшылығын да, кемшілігін де өзімен бірге жұмыс істейтін еңбектес жолдастары жақсы біледі. Бастауыш ұйымнан

сон коммунистердің дербес істері штаттан тыс партиялық комиссияның мәжілістерінде, аудандық партия комитетінің бюросында егжей-тегжейлі қаралады. Осының бәрі мәселесі қаралған коммунист жөнінде ең әділ шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Дегенмен практикада қайсыбір бастауыш партия ұйымдарының коммунистің дербес ісін қараған кезде істің байыбына бармай, тиянақсыз, сынаржақ шешім қабылдап, кейде тіпті қателікке ұрынатын кездері ұшырап қалып жүр. Мұндай кемшіліктерді сыйпаты жағынан екі топқа бөлуге болар еді. Біріншісі — партия ұйымы кейде ымырашылдыққа, көңіл жықпастыққа салынып, ауыр қылмыс жасаған коммунистердің өзіне кешірім жасайды, күр «шыжғырумен» шектеледі, әрі кеткенде жеңіл-желпі ғана партиялық жаза береді. Бұл жөнінде партия активінің пікірі ескерілмейді. Екінші ұшқарылық: жәй ескертпемен, ұялтумен және басқа тәрбиелік шаралар қолданумен тынатын жерде партия ұйымы орынсыз қатты кетеді, партиялық ең ауыр жаза қолдануға дейін барады.

Біреу мысал келтірейік. Бейсебаев Рахметалы деген азамат Шу аудандық ауруханасының көмекші шаруашылығының директоры болып жүріп, елден ұрланған малды арзанға алып, қымбатқа сатып келген. Оның осы қылмысына байланысты дербес ісін қараған бастауыш партия ұйымы есеп карточкасына жазылған сөгіс берумен тынған. Әрине, Шу аудандық партия комитеті мұндай шешімді бекіте алған жоқ. Бейсебаевты партия қатарынан шығарды. Кейіннен ол заң жолымен жазаланып, 5 жылға сотталды.

Өткен жылғы июльде «Мерке» қызылша совхозының партия ұйымы КПСС мүшесі И. Л. Сағайдың дербес ісін қарады. Ол не істеген дейсіз ғой? Қырық жыл отасқан әйелін, баласы мен қызын түк жазықсыз тастап, басқа әйелге кетіп қалған және асыраушысыз қалған семьясына көмектесуден бас тартқан. Бастауыш партия ұйымы тұрмыстан азған Сағайға қатаң жаза қолданудың орнына бар жоғы талқылаумен тынған.

Мерке селолық өндірістік партия комитеті бастауыш ұйымның шешімін ымырашыл, көңіл жықпастық шешім деп санап, бекітпей тастады, семья арын аяққа басқан И. Сағайды партиядан шығарып жіберді.

Кейбір бастауыш партия ұйымдарының «жұмсақтығы» сонша, тіпті сыйпаты бір қатені үсті-үстіне қайталаған коммунистің өзін қатаң тәртіпке шақырмайды, кешірімпаздық жасай береді. Мысалы, КПСС мүшесі Н. С. Халин еш жерде тұрақтап жұмыс істемеген. Қызмет істеген жерінің бәрінде маскүнемдікке салынып, өз ісіне жауапсыз қарап, жұмыстан қуылып отырған. Оның бір өзінде үш бірдей партиялық жаза болған: 1954 жылғы 2 октябрьде Жітіқара

аудандық партия комитеті үнемі ішкілікке салынып, қызметіне салдыр-салақ қарағаны үшін есеп карточкасына жазып қатаң сөгіс берген, 1961 жылғы 28 июльде Сайрам аудандық партия комитеті маскүнемдігі, тұрмыста азғаны үшін есеп карточкасына жазып, қатаң сөгіс берген, 1962 жылғы 25 декабрьде тағы да Жітіқара аудандық партия комитеті қызметіне жауапсыз қарап, тұрмыстан азғаны, маскүнемдігі үшін есеп карточкасына жазып, қатаң сөгіс берген.

Көрдiңiз бе, Н. Халин iс жүзiнде партиядан әлдеқашан қол үзген, өзiнiң жарамсыз қылықтарымен коммунистiк арұятын былғап бiткен адам. Бiрақ нақ осындай қорытынды жасау ешбiр партия ұйымының ойына келмей-ақ қойыпты. Тек 1964 жылғы сентябрьде ғана, қызмет үстiнде үнемі арақ iшiп, семья шырқын бұзып, әбден шектен асқасын барып, Шу өнеркәсiп-өндiрiстiк парткомы Н. Халинды партия қатарынан аластады.

Ал кейде партия комитеттерi коммунистiң тағдырын шешуге үстiрт қарап, көрпеу қиянат жасайтын кездерi де болады. Өткен жылы Қордай селолық өндiрiстiк парткомы Сәденов Тұрарды колхоздың 1050 килограмм астығын ұрлады деген айыппен КПСС мүшелiгiне кандидаттықтан шығарды. Облыстық партия комитетi тексере келгенде коммунистке тағылған айып анықталмады да, Т. Сәденов партия қатарында қалдырылды.

Талас селолық парткомы да Нұртаев Тоғайбектi КПСС мүшелiгiнен шығарды. Оған совхоздың бас инженерi мiндетiн уақытша атқарып жүрiп, қызметiне салқын қарады, адам тасуға арнайы жабдықталмаған автомашинаны бөліп, соның кесiрiнен машина апатқа ұшырады деген айып тағылды. Ал кейiн тексерiп қарасақ, адам тасуға машина бөлінген кезде Нұртаевтың қызмет бабымен басқа жақта командировкада жүргенi, оның машина апатына ешқандай қатысы жоқ екенi айқындалды. Облыстық партия комитетi Талас өндiрiстiк парткомының шешiмiн асығыс, дәлелсiз деп тауып, бекiтпей тастады. Нұртаевты партия қатарында қалдырды.

Партия ұйымдары жоғарыда мысалға келтiрiлген екi түрлi қателiктiң екеуiнен де сақ болуға тиiс. Дербес iс арқылы коммунистiң тағдыры шешiлетiнiн ескерiп, оны тексеруге, зерттеуге мейлiнше мұқият қарау керек. Коммунист өзiнiң әрбiр ағат қимылы, жарамсыз қылығы партия ұйымының назарынан тыс қалмай, сынға ұшырайтынын, бiрақ еш уақыт нақақтан күймей, әдiл жаза алатынын бiлiп, соған сенетiн болсын, сонда ғана партиялық жазаның тәрбиелiк маңызы болмақ.

Ол үшін дербес iстiң материалын тексерудi байсалды, әдiл қарайтын адамдарға тапсыру керек. Жарамсыз қылық жасаған коммунистiң өзiмен шүйркелесе әңгiмелесiп, материалды мұ-

қият зерттеумен қатар, сол қылық қасақана жасалған ба, әлде абайсызда ағаттықтан, қателіктен болған ба, соны әбден анықтау қажет. Мұның өзі коммунистің ондай қадам жасауға барған себебін ашып, жаза мөлшерін неғұрлым дәл белгілеуге мүмкіндік береді.

КПСС Уставына сәйкес коммунисті партиялық жауапқа тарту туралы мәселе сол коммунист жұмыс істейтін коллективтің партия жиналысында шешілуге тиіс. Дербес істің бастауыш ұйымда әділ талқылануы қателік жасаған адам үшін ғана емес, басқа коммунистерге де үлкен сабақ болады, олардың да өз ісіне жауапкершілік сезімін арттырады, партиялық тәртіпті нығайтуға көмектеседі. Коммунистің мәселесін шешкенде бастауыш ұйымды тыс қалдыру партиялық ішкі демократияны тереңге болып табылады және де қателіктерге соқтыруы ықтимал.

Мәселесі қаралатын коммунистің сол партия жиналысына қатысуы — дербес іс жөнінде дұрыс шешім қабылдаудың ең басты шарттарының бірі. КПСС Уставы да осыны талап етеді. Жиналыста партиялық демократия мүлтіксіз сақталып, дербес іс бойынша коммунистердің еркін пікір айтуы қамтамасыз етілуге тиіс. Дауыс берген кезде жиналысқа қатысқан коммунистердің ең кемі үштен екісі мақұлдаған шешім ғана заңды бол саналатынын ескеру керек. Сөйлеген коммунистердің сөздері де, дауыс беру нәтижесі де жиналыс протоколында айқын көрсетілуге тиіс.

Коммунистің іскерлік сапасын, саяси-моральдық бейнесін тереңірек зерттеп анықтау үшін ол жөніндегі партиялық және өндірістік мінездемені, еңбегі мен қоғамдық қызметі, Отанға сіңірген еңбектері туралы куәліктерді дербес іске қосып тіркеудің үлкен маңызы бар. Мінездеме әділ, шыншыл болуға тиіс. Онда коммунистің сол коллективте болған уақытында өзін өндірісте және қоғамдық өмірде қалай көрсеткені, жақсы жақтары мен кемшіліктері жазылады. Мінездеме — сол коммунист туралы жеке бастықтардың емес, бүкіл коллективтің, партия ұйымының пікірі. Сондықтан ол партком мәжілісінде, бастауыш ұйымның бюросында, ал цехтық ұйымдарда — коммунистердің жиналысында қаралып, бекітілуге тиіс.

Қандай жаза беру керек екенін белгілеген кезде нақты жағдайды, коммунистің жақсы жақтары мен кемшіліктерін, қаншалық кінәлі екенін, ол кінәні

істеуге не себеп болғанын мұқият анықтап, сергек қарау керек. КПСС Уставы азғантай ағаттық үшін партиялық ықпалдың жоғалдығын сын, партиялық жолмен бетіне басу, ескерту немесе атап

көрсету секілді түрлерін қолдануды талап ететінін ұмытпау қажет.

Партиялық жазаның тәрбиелік ролін көтеру керек. Жаза алған коммунист өз қателігін терең сезінді ме, кемшілігін түзеу үшін не істеп жүр, мәселесі талқыланғаннан кейінгі мінез-құлқы, еңбекке, қоғамдық өмірге қатысы қалай, міне, осы жағын мұқият қадағалап, қамқорлық жасау керек. Кейбір партия ұйымдары коммунистке жаза береді де, содан кейін әлгі коммунист туралы да, берілген жаза туралы да ұмытып кетеді. Коммунист сынан әлдеқашан қорытынды шығарып, еңбектегі белсенділігі, мінез-құлқы жағынан өнеге көрсетіп жүрсе де, әлгі жазасы бірнеше жылға дейін алынбайды. Әрине, мұндай жағдайда партиялық сының тәрбиелік маңызы туралы әңгіме етуге де болмайтыны өз-өзінен түсінікті.

Жамбыл облыстық партия комитеті коммунистердің дербес істерін қарауда кемшіліктерге жол бермеу мақсатымен соңғы кездері партия қызметкерлерінің, штаттан тыс партиялық комиссия мүшелерінің даярлығын жетілдіруге, оларға дербес істерді тексеру, зерттеу, қарау әдістерін үйретуге баса көңіл бөліп келеді. Облыстық комитет партия ұйымдарында коммунистердің дербес істерін қарау тәжірибесі туралы бірнеше рет арнайы мәселе талқылады. Штаттан тыс партиялық комиссия мүшелерінің, партком қызметкерлерінің, бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинарларын өткізді.

Облыстық партия комитеті жанындағы партия комиссиясы КПСС қатарына адам қабылдау және коммунистердің дербес істерін қарау жөнінде Қордай, Талас аудандық партия комитеттерінің штаттан тыс партиялық комиссиясы председателдерінің есебін тыңдап, олардың жұмыс тәжірибесін қорытты. Сонымен қатар дербес істерді реттеу, тәртіптеу, уақтылы қарау жөнінде орын алып жүрген кемшіліктерін атап көрсетіп, нақтылы ақыл-кеңес берді.

Қазір партия бүкіл елдегі істің жайына партия ұйымдарының, әрбір коммунистің жауапкершілігін арттыру міндетін алға қойып отыр. Коммунистер халық шаруашылығының қай учаскесінде жүрсе де еңбектегі белсенділігімен, үлгілі мінез-құлқымен өнеге көрсетіп, бұқараны соғынан ерте білуге тиіс. КПСС Уставының партияға адам қабылдау және коммунистердің дербес ісін қарау тәртібі жөніндегі талаптарын бұлжытпай сақтау осы міндетті ойдағыдай орындауға көмектеседі.

М. СЕЙСЕНҒАЛИЕВ.

Қазақстан КП Жамбыл облыстық комитеті жанындағы партиялық комиссияның председателі

Еңбек өнімділігін арттыру — табыс кілті

Еңбек өнімділігі еңбеккердің белгілі бір уақыт ішінде өндірген өнімінің санымен өлшенеді. Қоғамдық өнімді өндіруге қажетті жұмыс уақыты аз жұмсалса немесе белгілі бір уақытта шығарылған өнімнің саны көбейсе, мұның өзі еңбек өнімділігінің артқанын көрсетеді.

Еңбек өнімділігінің артуы — қоғамның экономикалық заңы. Барлық экономикалық формацияда еңбек өнімділігі артуға тиіс. Бірақ бұл заң әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияда түрліше әрекет етеді.

Еңбек өнімділігінің артуы қоғамда үстем болып отырған өндірістік қатынастарға, қоғамдық өндірістің мақсаттарына, жайы мен сипатына тікелей байланысты.

Социалистік қоғамда, өндіріс құрал-жабдығына жеке меншік жойылған елде еңбек өнімділігін арттыруға ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан да социалистік қоғамда еңбек өнімділігінің үздіксіз өсу заңы әрекет етеді. Осы негізде тірі еңбек пен затқа айналдырылған (ескі) еңбек мейлінше үнемделеді, еңбек неғұрлым аз жұмсалып, материалдық игіліктер соғұрлым мол өндіріледі.

Марксизм-ленинизм классиктері еңбек өнімділігін арттыруға зор маңыз беріп отырды. «Еңбек өнімділігін арттыру, — деді В. И. Ленин, — негізгі міндеттердің бірі болып табылады, өйткені коммунизмге біржолата өту мұнсыз мүмкін емес» (Шығармалар, 29-том, 101-бет). Әңгіме мынада: коммунизм — материалдық және рухани игіліктер барынша мол болатын қоғам дамуының жоғарғы сатысы. Ал материалдық игіліктердің молшылығын жасау негізінен екі факторға байланысты. Оның бірі — еңбеккерлердің санын көбейту, екіншісі — еңбек өнімділігін арттыру. Жұмысшылардың санын шамадан тыс көбейту мүмкін еместігі өзінен өзі түсінікті. Сондықтан да еңбек өнімділігін арттыру негізгі фактор болып саналады. Демек, коммунизмнің «Әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — қарегіне қарай» деген ұлы принципіне көшу ең алдымен еңбек өнімділігін мықтап арттыруға, материалдық және еңбек қорларын неғұрлым тиімді пайдалануға байланысты.

Еліміздің өнеркәсібі жылма-жыл қарыштап өркендеп келеді. Өткен жылы өнім өндірудің жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Жетіжылдықтың алты жылы ішінде өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемі Одақ бойынша 70 процентке, ал Қазақстанда 90 процентке артты. Әрине бұл деректер өнімнің сан жағынан қаншама өскенін көрсетеді. Ал оған сапа жағынан баға беру үшін еңбек өнімділігінің қандай жолмен артқанын, өнімнің қаншасы еңбек өнімділігін арттыру, қаншасы жұмысшылардың санын көбейту есебінен алынғанын анықтау керек. Егер өнімнің жартысынан көбі еңбеккерлердің санын көбейту есебінен емес, еңбек өнімділігін арттыру есебінен өндірілсе, кәсіпорынның жұмысты нәтижелі, тиімді істегені. Бұл мәселенің қаншалықты маңызы бар екенін мынадан-ақ көруге болады. Партия өзінің жаңа Программасында 1980 жылдың аяғында өнеркәсіп өнімі өсімінің шамамен 90 проценті еңбек өнімділігін арттыру есебімен алынуға тиіс деген міндет қойды. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 70 процентке жетіп отыр.

Республикада соңғы он жыл ішінде жұмыс істейтін әрбір ересек адамға шаққанда өнеркәсіп өнімін өндіру 1,8 есе артты. Жетіжылдықтың алты жылы ішінде еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынған өнеркәсіп өнімінің өсімі бүкіл 1950 жылы өндірілген өнімнің көлеміне тең болды. Сөз жок, бұл үлкен—жетістік. Бірақ табысқа мастанып, токмейілсуге болмайды. Республика өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің дәрежесі мен өсу қарқыны Одақ көлемінен артта қалып отыр. Мәселен, 1958—1964 жылдары СССР өнеркәсібінде еңбек өнімділігі 36 процент, ал Қазақстанда 32 процент артты. Қазір республика өнеркәсібінде өндірілген өнім жұмыс істейтін әрбір адамға шаққанда Совет Одағы көлеміндегіден 4 процент кем болды.

Өнеркәсіп өндірісіндегі негізгі мақсаттың өзі—өнімнің басым көпшілігін еңбек өнімділігін арттыру есебінен өндіру. 1959—1964 жылдары еліміздегі өнеркәсіп өнімі өсімінің 66 проценттен астамы еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынды. Ал Қазақстандағы бұл көрсеткіш 50 проценттен аз-ақ асады, сондықтан да республика өнеркәсібіндегі бұл мәселені ғылыми негізде зерттеп біліп, оның себептерін ашу кезек күттірмейтін мәселе болып отыр.

Еңбек өнімділігін арттыру көптеген факторларға байланысты. Олар мыналар: техника мен жұмыс күшін тиімді пайдалану, өндірісті автоматтандыру және механикаландыру, еңбекті нормалауды жақсарту, озат тәжірибені мықтап тарату, социалистік жарысты кең өрістету, өнеркәсіпті белгілі бір кәсіпке бейімдеу және кооперативтендіру. Демек, еңбек өнімділігін арттыру үшін қыруар қаржы жұмсаудың немесе өнеркәсіп орындарында ерекше жағдай туғызудың қажеті жок. Бұл арада әңгіме инженерлер мен техниктер, жұмысшылар күнбе-күн шұғылданып жүрген мәселелер жөнінде болып отыр.

Еңбек өнімділігін арттырудағы ең негізгі факторлардың бірі—техникалық прогресті тездету, өндіріске техника жаңалықтары мен озат технологияны енгізу, оны автоматтандыру және механикаландыру. Осы факторлар жүзеге асырылғанда ғана ауыр қол еңбегі жойылады.

Техникалық прогресс — өндірісте еңбек өнімділігін арттырудың қуатты құралы. Алайда бұл мүмкіндік республикамызда әлі күнге тиімді пайдаланылмай келеді. Қазақстанда жаңа техниканы пайдалану, озық технологияны өндіріске енгізу жайы бүгінгі өскелең талапқа сай болмай отыр. Жетіжылдықтың өткен алты жылы ішінде бұл мәселе жөніндегі жоспар бірде-бір рет орындалып көрген емес. Өйткені өндірісті автоматтандыру және механикаландыру шаралары көбінесе құрал-жабдықтың жетіспеуі, бұған керекті өндірістік қуаттардың аздығы, материалдық ішкі қорларды жоспарлау ісінде жіберілген кемшіліктердің салдарынан толық жүзеге аспайды. Осындай себептен Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатында еңбек өнімділігі жобада белгіленген мөлшерден әлдеқайда төмен болып отыр. 1961—1964 жылдары өнім өсімінің бәрі дерлік жұмысшылардың санын көбейту есебінен алынған. Мұның себептері аз емес, олардың бірі мынаған байланысты: комбинат жоспарда көрсетілген қуатты жаңа техниканың орнына өнімділігі біршама төмен техника алады; мұндағы экскаваторлар шөмішінің сыйымдылығы жоспардағыдан орта есеппен 30 проценттей кем.

Әрине, техникалық прогресс жолға қойылған жерде жағдай мүлде басқаша. Бұл жөнінен Ашысай полиметалл комбинаты басқаларға үлгі бола алады. 1961—1964 жылдары Ашысай комбинатында экономиканың басты көрсеткіші — еңбек өнімділігі 23 процентке артты; мұнда өндірілген өнім өсімінің 99 процентіне еңбек өнімділігін арттыру арқылы қол жетті. Ал республиканың түсті металлургия өнеркәсібінде бұл көрсеткіш 16 проценттен аспады.

Комбинат коллективі мұндай табысқа негізінен өндіріске жаңа техника мен озат технологияны үздіксіз енгізу нәтижесінде ие болды. Атап

айтқанда комбинатта жұмыс өнімділігі жоғары құрал-жабдық, жүк тиетін машиналар, қуатты бұрғылау машиналары мен скреперлер кеңінен пайдаланылып отыр. Әдетте жаңа техника өзіне сай технология болуын талап етеді. Комбинатта бұл мәселеге зор маңыз беріледі. Техниканың мол мүмкіндіктерін пайдалана отырып, кеншілер шапшаң проходкалаудың прогрестік әдісін меңгерді. Соның нәтижесінде жер астындағы кен байлығына ертерек жол ашылды. Бұл үшін Мырғалымсай кеншілері кен техникасынан проходкалау комплексін ұйымдастырды. Түрлі механизмдерден құрастырылған бұл комплекс 31 күн ішінде 1237,1 метр кен жынысын проходкалауға мүмкіндік берді; мұның өзі дүние жүзілік ең үздік рекордтан 333,5 метр артық. Осы зор табыс үшін биыл рудник пен комбинаттың бір топ адамына Лениндік сыйлық берілді.

Табыс сыры — озат техника мен технологияны өндіріске жедел енгізіп, еңбекті үздіксіз әдіспен ұйымдастыру, мамандардың білім дәрежесін үздіксіз көтеру. Мәселен, Мырғалымсай руднигіндегі әрбір кенші бірнеше мамандыққа ие болған. Өндіріске күн сайын жаңа машиналар мен механизмдер келіп жатқан шақта бірнеше мамандықты меңгерудің маңызы қаншалықты зор екені айтпаса да түсінікті.

Мырғалымсай кеншілерінің көп жылғы тәжірибесі бізге мынаны көрсетіп отыр: өндіріске енгізілген жаңа техниканы экономикалық тұрғыдан тиімді пайдаланудың алғы шарты — еңбек технологиясын жетілдіре беру. Жаңа техникаға сай келетін озық технология болған күнде ғана кеншілер еңбегі жемісті болмақ. Мұның бәрі озаттар тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыру керек екенін көрсетеді.

Бірақ республика өнеркәсібінде өндіріске жаңа техниканы, озат технологияны енгізу жайы мәз емес. Жетіжылдықтың алты жылында бұл жөніндегі жоспар бірде-бір рет орындалып көрген жоқ. Соның салдарынан Қазақстан еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру және автоматтандыру жөнінен кейбір республикалардан артта қалды.

Қазір біз техникалық революция, техникалық прогрестің қаулап өскен кезеңінде өмір сүріп отырмыз. Совет өнеркәсібі жетілген машиналар мен механизмдерді барған сайын көп жасап шығаруда. Мұндай жағдайда көптеген жұмыстың әлі жеткіліксіз механикаландырылуын басшылардың сылбырлығынан деп білу керек. Өткен жылы республикадағы тиеу-түсіру жұмыстарының жартысында ғана комплексті-механикалық әдіс қолданылды. Өнеркәсіптің жеке салалары бойынша бұл көрсеткіш бұдан да төмен. Мысалы, қара және түсті металлургияда тиеу-түсіру жұмысының 66, тамақ өнеркәсібінде 16, машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінде 3, жеңіл өнеркәсіпте 3,9, химия өнеркәсібінде 3,8 проценті ғана механизм күшімен атқарылды. Қарағанды көмір қойнауында комплексті механикаландырылған забойлардың саны небары 8,2 процент болып отыр.

Комплексті механикаландыру дәрежесінің төмендігі қолмен істелетін жұмыстың көлемін ұлғайтып, еңбек ұйымдастыруда елеулі кемшіліктердің орын алуына себепші болуда. Сондықтан да республиканың кәсіпорындарында жұмыс нормасын орындамайтын қолма-қол ақы алып істейтін жұмысшылардың саны көп-ақ. Мәселен, халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындарында өткен жылдың октябрь айында ғана мұндай жұмысшылардың саны 189,7 мың адамға жеткен.

Бізде күні бүгінге дейін көмекші жұмыстар жете механикаландырылмай келеді. Әдетте өндірістегі негізгі жұмыстар жақсы механикаландырылады да, көмекші жұмыстар назардан тыс қалады. Сондықтан да өнеркәсіптің бұл саласындағы жұмысшылардың жартысына жуығы көмекші жұмыстарда істейді. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға тұсау болуда. Соның салдарынан республика өнеркәсібінің машина жа-

сау және металл өңдеу салаларындағы көрсеткіштер Одақ көлеміндегі көрсеткіштерден төмен болып отыр.

Бізде техниканы жаңғырту мәселесі ойдағыдай шешілмей келеді. Республикадағы барлық станоктың үштен бірі он жылдан астам уақыт бойы өзгеріссіз пайдаланылуда. Тозығы жеткен станоктар да аз емес. Алдын ала жасалған есеп бойынша, тозған станоктарды жаңғыртудан ғана жылына қосымша кемінде 100 мыңнан астам сомның өнімін алуға болады.

Машина-жабдықты жаңғыртуды әрбір экономикалық ауданда бір орталықтан шешкен тиімді. Ол үшін жаңғыртуды керек ететін машина-жабдықты күні бұрын есепке алып, кемінде бес жылға арналған жоспар жасау, арнаулы конструкторлық бюролар құру қажет.

Еңбек өнімділігін арттырудың негізгі факторларының бірі — еңбекті дұрыс нормалау. Техникалық прогрестің бұрын-соңды болмаған дәрежеде өрістеуіне байланысты нормалауды дұрыс ұйымдастыру мәселесінің маңызы барынша артып отыр. Қазіргі уақытта нормалаудың екі түрлі әдісі қолданылып жүр. Оның біріншісі — қарапайым тәжірибеге сүйеніп белгіленген нормалау. Екіншісі — техниканың мүмкіншілігіне негізделіп белгіленген нормалау. Соңғы нормалау қазіргі өскелең техниканың соңғы жетістіктеріне негізделіп белгіленеді. Мұның тиімді екені күнбе-күнгі тәжірибеден айқын көрініп отыр. Бірақ нормалаудың бұл озат тәсілі өндіріске өте баяу енгізіліп келеді. Мәселен, республика халық шаруашылығы советіне қарасты өнеркәсіп орындарының шамамен жартысына жуығында, машина жасау, металл өңдеу кәсіпорындарының 50 процентінен астамында еңбек әлі күнге дейін қарапайым тәжірибе негізінде нормаланады. Ал Тың өлкесі халық шаруашылығы советінің өнеркәсіп орындарында мұндай нормалаудың үлесі 1964 жылғы апрельде 46, ал сол жылдың октябрь айында 48 процент болды. Осы жеті айда олардың саны 12 процент, оның ішінде қосалқы цехтар бойынша 45 процент артқан. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға тұсау болып отыр.

Кәсіпорындарда көбінесе техниканың мүмкіндігіне негізделіп жасалған нормаға жете мән берілмейді. Нормалаушылар бұл арада негізінен жалақы қорын сылтау етеді. Шынтуайтқа келгенде бұл әдіс еңбекті дұрыс ұйымдастыруды, жаңа машиналар мен механизмдерді өндіріске кең қолдануды, рационализаторлар мен өнер тапқыштарды ынталандырып отыруды талап етеді. Ал мұның бәрі — еңбек өнімділігін арттыруға керекті шарттар.

Жұмыс уақытын үнемдеудің шешуші шарты еңбекті неғұрлым аз жұмсап, материалдық игіліктерді көп өндіру. Басқаша айтқанда еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру арқылы ғана уақыт үнемделеді. Соның негізінде кәсіпорындарда жұмыс уақытының шығыны азаяды, жұмысшы күші үнемделеді, өндіріс кеңейтіледі.

«Еңбек өнімділігін арттыру, — делінген КПСС XXII съезінің қарарында, — коммунистік құрылыстың саясаты мен практикасының түйінді мәселесі, халықтың әл-ауқатын арттырудың, еңбекшілер үшін материалдық және мәдени игіліктердің молшылығын жасаудың даусыз шарты» (КПСС XXII съезінің материалдары, 322-бет)

Еңбек өнімділігінің шапшаң артуы — өндірістің өсу қарқынын тездетіп, коммунизм құрылысының міндеттерін ойдағыдай орындаудың басты шарты. Оның бүкіл қоғам, әрбір кәсіпорын үшін маңызы орасан зор. Еңбек өнімділігін арттыру — молшылық көзі. Партия, совет, кәсіподақ ұйымдары бұл негізгі экономикалық мәселеге ерекше назар аударып отыруға тиіс.

Т. ЭШІМБАЕВ,
К. БЕРДӘЛИЕВ,

экономика ғылымының кандидаттары.

Халық тұрмысын жақсарту негізі

Социалистік ұлғаймалы ұдайы өндіріс қоғамдық өнімдер жиынтығы мөлшерін, оның ішінде өндіріс құрал-жабдығын шығару мөлшерін арттыруға айрықша назар аударуды талап етеді. Социалистік өндіріс қызметкерлерінің, айталық, бір жыл ішінде жасап шығарған барлық материалдық игіліктері қоғамдық өнімдердің жиынтығы болып табылады. Бұл өнімдер зат түрінде де, құн көрсеткіші түрінде де бейнеленеді.

Қоғамдық өнім жиынтығын қоғам түгел тұтынбайды. Оның бір бөлегі өндіріс құрал-жабдығын (шикізат, материалдар, электр қуаты, отын, сондай-ақ станоктар, үйлер мен құрылыстар т. б.) өндіруге жұмсалған шығынды өтеуге бөлінеді. Оның басқа бөлегі қор жинауға және тұтынуға керекті ұлттық табысқа арналады.

Ұлттық табыстың бір бөлегі — тұтыну қоры. Тұтыну қорына еңбекшілердің жеке басының тікелей тұтынған қоры және өнім бермейтін салаға (тұрғын үй шаруашылығы, балалар, медицина, мәдени-ағарту мекемелері, басқару органдары) жұмсалатын қаржы қосылады.

Ұлттық табыстың екінші саласы — қор жинау. Жиналған қорға өндірісті кеңейтуге, өнім бермейтін саланың негізгі қорын көбейтуге, яғни тұрғын үй, мектеп, аурухана тағы басқаларын салуға жұмсалатын, мемлекеттік материалдық резервтер жасауға керекті қаржы кіреді.

Еңбекшілердің жеке басының тұтынуы негізінен тұтыну қорын еңбектің саны мен сапасына қарай бөлу принципі бойынша жүзеге асырылады.

Еңбекке қарай бөлу принципімен қатар оны толықтыратын принцип те бар. Ол — тұтыну заттары. Тұтыну заттары, жұмсалған еңбектің саны мен сапасы қандай болса да, ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу үстінде жасалған қоғамдық тұтыну қоры арқылы бөлінеді. Бұған, ең алдымен, мемлекеттің медициналық қызмет көрсетуге, оқуға, әлеуметтік қамсыздандыруға, совет халқының мәдениет дәрежесін көтеруге, тағы басқаларына жұмсайтын шығындары қосылады.

Совет елінде материалдық және мәдени игіліктерді бөлудің екі принципінің — бір жағынан, еңбектің саны мен сапасына қарай бөлу, екінші жағынан, қоғамдық тұтыну қоры есебінен бөлу принциптерінің қолданылуы заңды. Өйткені бұл — коммунистік қоғамның бірінші сатысы — социализмнің экономикалық ерекшеліктерінің бірі.

Тұтыну заттарын қоғамдық тұтыну қоры арқылы бөлу әзірше еңбекке қарай бөлуді толықтыратын принцип болғанымен, ол социалистік тұрғыда бөлудің ажыратылмас бір бөлігі және оның өте маңызды элементі.

Қоғамдық тұтыну қоры негізінен екі экономикалық принциппен сыпатталады: бірінші — қор тегін бөлінеді, өйткені оны тұтынушы адамдар өздері алған материалдық игіліктер мен көрсетілген қызмет үшін тікелей еңбек жұмсамайды; екінші — бөлінген қор есебінен халық белгілі бір дәрежеде өздерінің қажетін тікелей қанағаттандырады.

Сонымен қоғамдық тұтыну қоры халықтың бүкіл тұтыну қорының бір бөлігі ретінде ғана әрекет етеді.

Партияның жаңа Программасында былай деп жазылған: «Совет Одағында капитализмнің қай еліндегіден болса да ең жоғары тұрмыс дәрежесі қамтамасыз етіледі». Бұл міндет адам еңбегінің саны мен сапасына қарай бас-басына төленетін ақының артуы және қоғам мүшелерінің тұтынуын қанағаттандыруға арналған қоғамдық тұтыну қорын ұлғайту есебінен жүзеге асырылады. Совет қоғамында қазірдің өзінде материалдық және мәдени игіліктің едәуір бөлігі пенсия, оқушыларға стипендия, көп балалы әйелдерге жәрдем, мектептерді, ауруханаларды, балалар бақшасы мен яслилерін, интернаттарды, клубтарды, кітапханаларды, өзге де мәдениет мекемелерін салуға бөлінетін қаржы түрінде тегін бөлінеді. Қоғамдық қордың бұл бөлігі жылдан-жылға ұлғая түсуде. Ал мұның өзі — өнім бөлудің коммунистік принципіне бірте-бірте көшудің маңызды алғы шарты.

Қоғамдық тұтыну қоры елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп, Совет өкіметі орнаған күннен бастап жасала бастады. Совет өкіметі — барлық тұрғын үй қорын буржуазияның қолынан мемлекет қарамағына алып, еңбекшілерге берді. Мектептерде тегін оқыту, дәрігерлік тегін көмек көрсету белгіленді, капиталистердің жеке меншік үйлері мәдени-ағарту, өзге де қоғамдық мекемелерге берілді.

Совет өкіметінің тұңғыш декреттерінің біріне сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру мекемесі ұйымдастырылды, еңбек мүгедектері мен қартайған адамдарға пенсия белгіленді. Бұл еңбекшілерге мемлекет есебінен қызмет көрсетудің бір түрі болды.

Біздің елде қоғамдық асханалар, балалар яслилері мен бақшалары алғаш пайда болған кезде В. И. Ленин оларды «коммунизм өркендерінің үлгісі» деп атады, ал қазір бізде совет халқына қызмет ететін мекемелердің тұтас жүйесі жасалды.

Қоғамдық тұтыну қоры екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа әлеуметтік-мәдени мекемелер мен өзге де ұйымдардың совет адамдарына заттай және тұтыну түрінде тегін көрсететін көмегі кіреді. Екінші топқа мемлекеттің ақшалай беретін пенсиясы, еңбек ету қабілетінен уақытша айрылған адамдарға, жалғыз басты және көп балалы әйелдерге беретін жәрдемі, стипендия тағы басқалары кіреді.

Елімізде, оның ішінде одақтас республикаларда қоғамдық тұтыну қоры ондаған, тіпті жүздеген есе артты. Мысалға Қазақ республикасын алайық. Мұнда ең алдымен әлеуметтік-мәдени қажетке жұмсалатын жергілікті бюджет едәуір өсті. 1963 жылы республикада 1953 жылмен салыстырғанда әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалған жергілікті бюджет 299,8, оның ішінде оқу-ағарту ісін қаржыландыруға жұмсалған қаржы 275, денсаулық сақтауға жұмсалған қаржы 336, әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған қаржы 550 процент өсті.

Бұл еңбекшілердің жеке басының қажеті қоғамдық тұтыну қоры есебінен барған сайын көбірек өтеліп отырғанын көрсетеді. Мұның өзі—еңбекшілердің әл-ауқатын көтерудің нағыз коммунистік жолы.

Қоғамдық тұтыну қорына материалдық-техникалық база, мемлекеттің күрделі құрылысқа және тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды, санаторийларды, мектепке дейінгі балалар мекемелерін жөндеуге жұмсайтын қаржы да кіреді. Сондай-ақ бұған колхоздардың, тұтыну кооперацияларының, кәсіподақтардың, ерікті қоғамдардың қаржысы да қосылады.

Қазіргі уақытта Қазақ республикасының қоғамдық тұтыну қоры 2783 балалар бақшасын, 1053 яслиді, 1161 ясли-бақшаны, 9000 жалпы білім беру мектебін, 151 мектеп-интернатты, 589 жұмысшы және селолық жастар мектебін, мектептердің жаңындағы 579 интернатты, 878 басқа да интернатты, 39 жоғары, 152 орта арнаулы оқу орнын, 4 мәдениет сарайын, 202 пионерлер үйін, 34 спорт мектебін, 68 жетіжылдық музыка мектебін, 60 балалар үйін, 146 ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемесін, 2499 кинокондырғыны, 5605 кітапхананы, 5072 клуб мекемесін, 7085 аурухана мекемесін, басқа да көптеген мекемелерді қамтиды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі әлеуметтік-мәдени мекемелердің кең жүйесін құрды. Балаларды мектепке дейінгі мекемелер арқылы тәрбиелеу өріс алды. Республикада кең тарап отырған мектеп-интернаттардың келешегі зор.

Мектеп-интернатта тәрбиеленуші балалар қажетті нәрсенің бәрімен: тамақпен, киім-кешекпен, төсек-орынмен, оқу құралдарымен және басқа заттармен қамтамасыз етіледі. Олардың жалпы және политехникалық білім алуына, жан-жақты жетілген саналы азамат болып шығуына барлық мүмкіндік туғызылған. Рас, мектеп-интернаттағы баласы үшін әзірше кейбір ата-ана ақша төлейді. Бірақ олардан түскен ақша мектепке жұмсалған жалпы шығынның 5 процентінен аспайды. Оның үстіне жергілікті Советтерге кейбір ата-ананы ақша төлеуден толық немесе жарым-жартылай босатуға право берілген. Мұндай балалардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Мәселен, бұрнағы жылдың басында олардың саны 13,5 мыңнан астам болса, өткен жылдың бас кезінде 14 мыңға жетті. Басқаша айтқанда мектеп-интернат балаларының төрттен бірі түгелдей қоғамдық тұтыну қорының есебінен оқып, тамақтанады, киінеді.

Республикада оқушылар күн ұзағына болатын мектептер мен группалар көптеп ашылууда. Бұл шара ата-аналарға, ең алдымен өндірісте істейтін аналарға көп жәрдем тигізуде. Өткен жылы Қазақстанда 40-қа жуық осындай мектеп жұмыс істеді, бұларда 7 мыңдай бала оқыды. Мұндай мектеп тәрбиешілерінің жалақысы үшін ғана қоғамдық тұтыну қорынан қосымша 1300 мың сомнан астам қаржы жұмсалды.

Жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен оқушылар күн ұзағына болатын мектептер мен группаларда оқитын балаларды тегін тамақтандыру немесе жеңілдік жасауды ұйымдастыруға рұқсат етілген. Биылғы оқу жылында 8 мыңдай баланы тегін тамақтандыру, 10,5 мыңдай балаға жеңілдік жасау жоспарланып отыр, бұл 1963 жылдағыдан екі еседен астам көп.

Партиямыздың Программасында таяудағы жылдардың өзінде мектепке дейінгі балалар мекемесіне деген қажетті толық өтеу, ал екінші он жылдықта әрбір семья баласының бақша мен яслиге, мектеп-интернатқа тегін қабылдануына мүмкіндік туғызу міндеті қойылып отыр. Елімізде мемлекеттің балалар мен жас өспірімдерді тәрбиелеуге жұмсайтын қаржысы 1961—1980 жылдары 10 еседен астам көбейеді. Сол жиырма жылдың аяғында балаларды тәрбиелеуге қажетті шығынның шамамен 75—80 процентін қоғам өзі көтереді.

Совет мемлекеті әлеуметтік-мәдени мекемелерді ұлғайтуға зор көңіл бөліп келеді. Мұны осы мақсатқа жұмсалатын бюджет мөлшерінің жылдан-жылға көбеюінен айқын көруге болады. Тек соңғы он жыл ішінде (1954—1963 жылдар) республикада балалар бақшасына жұмсалған қаржы он еседен астам артты, ал өткен жылы мектеп-интернаттарға 1956 жылмен салыстырғанда қаржы 27 есе артық жұмсалды. Республикада биылғы жылдың аяғында балалар яслилері мен бақшаларындағы балалардың саны 259 мыңға жетеді.

Партия мен үкіметтің совет адамдарының тұрмыс жағдайын жақсартуға жасап отырған қамқорлығының тағы бір көрінісі — тұрғын үй және коммуналдық құрылыстың кең көлемде өрістей түсуі. Елімізде осы мақсатқа қаржы бұрынғы қай жылдан болса да көп жұмсалуда. Мысалы, Қазақстанда жергілікті бюджет бойынша тұрғын үй құрылысына жұмсалған шығын 1962 жылы 1940 жылмен салыстырғанда 35,5 есе, 1953 жылмен салыстырғанда 18,5 есе өсті. Үстіміздегі жетіжылдықтың тек бес жылы ішінде республиканың тұрғын үй қоры 14,3 миллион шаршы метрге көбейді; бұл Қазақстанда революцияға дейін және Совет өкіметі тұсында 1941 жылға дейін салынған тұрғын үй қорынан 273 процент артық.

Біздің елде — еңбекшілерді жылы, жарық тұрғын үймен мемлекет қамтамасыз етеді. Бізде пәтер ақы аз алынады. Мысалы, Алматы қаласында тұрғын үйдің бір шаршы метрі орта есеппен 125 сомға түседі. Бұл — мемлекет бюджет есебінен көлемі 35 шаршы метрлік екі бөлменің құрылысына 4,5 мың сом жұмсады деген сөз. Әрбір семья осы екі бөлме үшін айына 4 сом 58 тиын төлейді. Сонда пәтер ақының жалпы мөлшері жылына 54 сом 96 тиын болады. Ал мемлекеттің екі бөлмені салуға жұмсаған ақшасы 80 жылдан кейін ғана өтеледі. Мұның өзі халықтың үй жөніндегі тілегін қанағаттандыруда қоғамдық қордың маңызы зор екенін көрсетеді.

Совет елінде халыққа дәрігерлік көмек те мемлекет есебінен көрсетіледі. Капиталистік елдерде, тіпті экономикалық жағынан дамыған мемлекеттердің өзінде де халықтың денсаулығын сақтау әлдеқайда нашар. Айталық, Америка Құрама Штаттарында қарапайым халық жеткілікті дәрігерлік жәрдем ала алмайды. Өйткені олардың табысы аз. Дәрігерлер науқас адамды қарағаны үшін ақыны көп сұрайды, дәрі-дәрмек те қымбат.

Ал Совет Одағында дәрігерлік көмек тегін көрсетіледі. Барлық дәрі-дәрмектің 40 проценттен астамының құнын мемлекет төлейді. Кейбір жеке дәріні өндіру шығынының орнын толтыру үшін де едәуір қаржы бөлінеді. Сондықтан Совет Одағында құнды дәрілердің бағасы капиталистік елдердегіден әлдеқайда кем. Мысалы, бізде пенициллиннің бір миллион өлшемі 22 тиын тұрса, Америкада халық оны 90 тиынға сатып алады. Елімізде 1950 жылдан бастап дәрінің бағасы бірнеше рет кемітілді, Америкада осы уақыт ішінде 1,8 есе қымбаттады.

Біздің елде әлеуметтік-мәдени шаралардың басым көпшілігі, тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй қорын күрделі жөндеуден өткізу, қалаларды, жұмысшы және селолық поселкелерді көркейту жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Тек осының өзінен-ақ қоғамдық тұтыну қорын ұлғайтуда, сол арқылы еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін көтеруде жергілікті бюджеттің маңызы қаншалықты зор екенін көруге болады.

Жетіжылдықтың, яғни үстіміздегі 1965 жылдың аяғында ұлттық табыс бұрынғыдан 62—65, халық тұтынатын қаржы қорының мөлшері 60—63, совет мемлекетінің әлеуметтік-мәдени мекемелерді көбейтуге жұмсайтын шығыны 67,5 процент өседі. Демек, қоғамдық тұтынуға бағытталған қор халықтың жеке басының тұтынуына және ұлттық табысқа қарағанда шапшаңырақ өседі.

Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: халықтың әл-ауқатын жақсарту беру еңбекке жеке төленетін ақыдан гөрі негізінен қоғамдық тұтыну қоры арқылы жүзеге асырылады. Мұның өзі қоғамдық тұтыну қорының келешегі зор екенін көрсетеді.

Тұрғын үй, мектепке дейінгі балалар мекемелерін салу жайынан онан әрі жақсарту, мектептердің екі және үш сменада жұмыс істеуін толық жою, қоғамдық тұтыну қорын молайтуға бюджеттен бөлінген қаржыны түгел игеру — бүгінгі таңдағы елеулі міндет. Бірақ соңғы уақытқа дейін көп жерде мемлекет бөлген мол қаржы қажетке толық жараптырмай келеді; соның салдарынан жоспар орындалмай қалуда. Мәселен, республикада жетіжылдықтың бес жылы ішінде мектеп құрылысына бөлінген 158 миллион сом күрделі қаржының 97 проценті игерілді, мектеп салу жоспары небәрі 89 процент орындалды. Соңғы төрт жылда мектепке дейінгі балалар мекемесін салу жоспары 68 процент орындалған; денсаулық сақтау орындарын салуға бөлінген күрделі қаржының 77,9 проценті игерілген.

Қазіргі уақытта қоғамдық тұтыну қорының мөлшері бұрынғыдан әлдеқайда көп. Келешекте бұдан да арта түседі. Соған байланысты қоғамдық тұтыну қорын дұрыс бөлу мәселесіне ерекше назар аудару керек. Сонда ғана халықтың әлеуметтік-мәдени, өзге де қоғамдық мекемелерге деген талап-тілегін біркелкі өтеуге мүмкіндік туады.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумы экономикалық заңдардың, атап айтқанда жоспарлы, пропорциялы даму заңы мен ұлғаймалы ұлайы өндіріс заңының бұзылуы салдарынан ауыл шаруашылығында орын тепкен ірі кемшіліктерді батыл ашып көрсетті, сонымен қатар халық шаруашылығының бұл саласын шұғыл өрге бастыру жолдарын белгіледі. Пленумның тарихи шешімдерін жүзеге асыру негізінде Отанымыздың күшқуаты, совет халқының әл-ауқаты қарыштап өсетіні сөзсіз.

Қоғамдық тұтыну қорын ұлғайту және дұрыс пайдалану ісінде бұқара арасында идеологиялық жұмысты онан әрі жақсартудың маңызы ерекше. Елімізде қоғамдық тұтыну қорының молай беруі әрбір азаматтың жан киярлық еңбегіне байланысты екенін, мұның өзі халқымыздың әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтере түсудің материалдық негізі екенін совет адамдары толық түсінетін болуға тиіс.

Н. ХАЛИТОВ,
экономист.

Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізудің лениндік принциптері

Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің бүкіл қызметінде, соның ішінде экономикалық саясатында, қоғамдық өндіргіш күштерді дамытып, оның көлемін ұлғайтуда В. И. Лениннің ілімін бұлжытпай басшылыққа алып отырады. Ұлы көсемнің данышпандық еңбектерінде шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу принциптері тарихта тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан негізделіп, тұжырымдалды.

Сүйікті көсеміміздің шығармалары — социализм жағдайында экономиканы дамыту, басқару жөніндегі көрегендік дана ой-пікірлердің, аса бағалы нұсқаулардың, қағидалардың, ережелердің сарқылмас қайнар бұлағы. Оның бұл асыл мұралары партиямыздың бай қазынасы болып отыр. Қазір олар елімізде коммунизм орнату, оның материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы күресте қуатты құрал болып келеді.

Бұл құралды неғұрлым шебер пайдалану үшін коммунистік құрылыстың кең өрістетіліп отырған қазіргі кезеңінде біздің кадрларды маркстік-лениндік экономикалық теориямен мықтап қаруландырудың маңызы зор. Олар шаруашылықты өркендетудің негізгі принциптерін, яғни біздің партия, социалистік қоғам өздерінің шаруашылық қызметінде негізге алып отыратын жетекші идеяларды, қағидаларды, адамдардың мінез-құлқы нормасын дұрыс түсініп, басшылыққа ала білулері керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда «Қазақстан» баспасы жақында игі бір іс тындырды — шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу принциптері туралы В. И. Ленин мақалаларының, сөйлеген сөздерінің, хаттарының, заметкаларының жинағын қазақ тілінде жеке кітап етіп шығарды. Жинаққа социалистік шаруашылық құрылысындағы халық бұқарасының шешуші ролі, жоспарлаудың маңызы, ғылым мен техниканы жетістіктерін пайдалану, қызметкерлерді өз еңбегінің нәтижесіне материалдық жағынан ынталандыру және моральдық жағынан көтермелеу шараларын ұштастыру, коллегиялық басшылық және дара басшылық туралы лениндік материалдар енгізілген.

Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу принциптері мен әдістері жөніндегі В. И. Ленин мұрасының маңызы орасан зор. Бұл принциптер КПСС XXII съезі шешімдерінің, партия Программасының негізгі арқауы етіп алынуы да содан.

Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу принциптері мен әдістері көсемнің «Совет өкіметінің кезекті міндеттері» деген еңбегінде көбірек баяндалған. Бұл шығармада өндірісте және өнімді бөлу ісінде қатаң есеп жүргізу, оны бақылауды жолға қою, еңбек өнімділігін барынша арттыру, социалистік жарысты өрістету, еңбек тәртібі мен мемлекеттік тәртіпті нығайту, еңбекке кесімді ақы төлеу әдісін енгізу, тенгермешілікті жою, жас кадрларды баулып өсіріп, жоғарылатумен бірге байырғы мамандарды пайдалану, шаруашылық есепті қолдану, кооперацияны дамыту мәселелері жан-жақты қарастырылған.

В. И. Ленин пролетарлық мемлекеттің, еңбекшілердің ұйымдастыру саласындағы міндетінің ең маңызды, ең қиын бөлегі жаңа қоғамның

экономикасын құру, шаруашылықты өркендетіп, өрге бастырудың жаңа түрлерін, принциптерін, жаңа әдістерін жасау екенін талай рет айтқан болатын. Бұл ретте адамдардың еңбектегі белсенділігін, творчестволық бастамасын өрістетуге мейлінше назар аударып, социализм мен коммунизм орнатуда халық бұқарасының шешуші роль атқаратындығын атап көрсетті. «...Жанды, творчестволық социализм халық бұқарасының өзі жасаған игілігі болып табылады» деп жазды В. И. Ленин. Халыққа сүйену, соған қызмет ету, оның тәжірибесін үнемі мұқият есепке алып отыру, оның белсенділігіне, инициативасына жол беріп отыру керек деген лениндік өсиетті Коммунистік партия ұдайы басшылыққа алуда. Елімізде социалистік экономиканы дамытудағы қол жеткен келелі табыстар — нақ осының жемісі.

Практикалық пен іскерлікті шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу үшін қажетті шарт деп есептей отырып, В. И. Ленин сонымен бірге бос сөзге салынушылықты, «жалпылама» пайымдауларға бой ұрушылықты, мақтаншақтықты, көз бояушылықты қатты айыптады. Ол кадрлардан социалистік құрылыс практикасының түбегейлі мәселелеріне қанық болып, онымен терең шұғылдануды, ол үшін қажетті материалды, санақ мәліметтерін пайдаланып, зерттеуді талап етті.

В. И. Лениннің кемеңгерлікпен жасаған қағидаларын бұлжытпай басшылыққа алған партиямыз халық шаруашылығын басқару ісіне тек ғылыми тұрғыдан қарау шарт деп санайды. Ал субъективизмге, даңғойлыққа, бөспелікке, ғылым мен тәжірибенің қағидаларымен санаспауға бой ұратындарға қарсы партия батыл күрес жүргізіп келеді. КПСС Орталық Комитетінің өткен жылғы октябрь және ноябрь Пленумдары соңғы жылдары социалистік шаруашылыққа басшылық етуде, әсіресе егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде берілген негізсіз кеңестер мен нұсқауларды батыл айыптады, келешекте бұған жол бермеу қажеттігін атап көрсетті.

Шаруашылықты социалистік жолмен жоспарлаудың аса маңызды мәселелерін теориялық жағынан негіздеген де В. И. Ленин болатын. Өнімдерді өндіру және бөлу ісінде, деп үйретті Ленин, ондаған миллион адамдарды бірыңғай норманы қатаң түрде қолдануға көндіретін мемлекеттік жоспарлы ұйымдастырусыз социализм орнату мүмкін емес.

Данышпан көсеміміз халық шаруашылығын жоспарлы түрде өркендетудің түпкі мақсаты — қоғамның бүкіл мүшелерінің әл-ауқаты жақсаруын, солардың жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету деп анықтады. Бұл мақсаттың орындалуы үшін жоспарлау ісі ғылыми сыпатта болуға, жоспарлар нақты есептерге негізделіп, экономикалық жағынан дәлелденуге тиіс.

В. И. Ленин елімізде жоспарлаудың бірыңғай органдарын ұйымдастыруға тікелей басшылық етті. 1921 жылдың февралында Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы құрылды, Владимир Ильич оның жұмысына ұдайы қамқорлық етіп, қадағалап, бағыттап отырды. Жинақта осы комиссияның председателі Г. М. Қржижановскийге оның жолдаған хаттары келтірілген. Ол хаттарда көсеміміз жоспарлау мәселелері жөнінде аса бағалы ақыл-кеңестер, нұсқаулар беріп отырған.

Ленин халық шаруашылығының бірыңғай жоспарын, ГОЭЛРО жоспарын жасауға және оны іске асыруға көңіл бөлді. ГОЭЛРО жоспарын оның инициативасы бойынша 1920 жылы Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия жасады. Жоспардың негізі социализмнің бірден-бір тұғыры — ірі машиналы өнеркәсіп болуға тиіс деген Лениннің нұсқауы еске алынды. Бұл принципті творчестволықпен дамыта отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі халық шаруашылығының ең алдымен химия, энергетика сияқты прогрестік салаларын жедел өркендетуге баса назар аударып келеді. Өйткені бұл салалар — қоғамдық өндірістің тиімділігін онан әрі күшейтудің мықты арқауы. Партия жоспар-

лау ісін жетілдіру, мемлекеттік жоспарлар жасауға қалың бұқараны кең қатыстыру бағытында елеулі шаралар қолдануда. Мысалға ауыл шаруашылығы саласын алуға болады. КПСС Орталық Комитетінің биылғы март Пленумы егіншілік пен мал шаруашылығының өнімдерін сатып алуды жоспарлаудың мүлде жаңа тәртібін белгіледі. Партия мұны белгілегенде Лениннің іліміне сүйенді, совет қоғамының өмірлік мүдделерін, оның жарқын болашағын жан-жақты есепке алды.

Жинақта социалистік шаруашылықты басқарудың негізгі принциптерінің бірі — демократиялық централизм жайында Ленин тұжырымдаған қағидаларға елеулі орын берілген. Ленин демократиялық централизм принципі социалистік шаруашылықты басқарудың іргелі мәселесі деп санады. 1918 жылдың өзінде-ақ ол былай деді: «Қазір біздің міндетіміз — шаруашылық саласында нақ демократиялық централизм жүргізу».

Шаруашылық саласындағы бұл централизм принципі, бір жағынан, еліміздің орталық органдарының кәсіпорындарға, олардың бірлестіктеріне басшылық ету ісін, оларды басқару ісін, екінші жағынан, жергілікті инициативаның, еңбекшілердің қалың бұқарасының творчестволық талап-жігерінің мейлінше дамытылуын өзара ұштастырып отыру деген сөз.

Лениннің еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру, сондай-ақ өндірісті басқару проблемаларына байланысты шығармалары да жұртшылық назарын ерекше аударады. Жинақтағы материалдардан көрінгеніндей, Ленин басқарудың өмірге неғұрлым жанасымды және ұтымды формаларын іздестіріп, жетілдірумен мықтап шұғылданды. Бұл формаларды қолданғанда іске ғылыми тұрғыдан қарауды, қоғам дамуындағы объективтік заңдылықтарды қатан есепке алуды бірден-бір шарт етіп қойды ол. Өйткені экономика дегеніміз сан-салалы күрделі шаруашылық организмді, оны тек ғылымға сүйену арқылы ғана ойдағыдай басқаруға болады. Ленин орынсыз қайта құрумен әуестене беруге бөлмайды деп сақтандырды. Бұл жөнінде ол былай деді: «...Онды-солды қайта құрудың керегі жоқ, қайта осы күнге дейін істелгенді мейлінше пайдалана білу керек. Жалпы қайта құру дегенді мүмкін болғанша азайту керек. Біздің басты мақсатымызға жету үшін іскерлік, практикада сыннан өткен, қол жеткен нәтижелер арқылы тексерілген шараларды, тәсілдерді, әдістерді, нұсқауларды мүмкін болғанша көбірек қолдану керек» (Шығармалар, 30-том, 401—402-беттер).

Лениннің осы нұсқауларын басшылыққа алған КПСС Орталық Комитетінің былтырғы октябрь, ноябрь Пленумдары ұйымдастыру және басқару формаларын қолданудағы соңғы кезде орын алған субъективизмді, асығыс қайта құруды, ағат шешім қабылдауды теріс практика деп тауып, қатан айыптады.

Ленин экономикалық құрылыс, экономикалық саясат коммунизм жолындағы күресте басты буын болып саналады деген ғылыми қорытынды жасады. Саясат пен шаруашылық бір-бірімен біте қайнасқан байланыста болуы керек, өйткені «саясат дегеніміз экономиканың ең түйдек көрінісі» деп көрсетті. Өндіріс құрал-жабдықтары және саяси өкімет еңбекшілердің өз қолында болып отырған жағдайда саясатты экономика белгілеп қана қоймайтындығын, сонымен бірге саясат экономикаға күшті ықпал жасайтындығын теориялық жағынан дәлелдеді.

Саясат пен шаруашылықты бір-бірінен ажыратып бөле қарауға болмайды. Саяси және шаруашылық басшылықты бір-бірімен ұштастыру социалистік қоғамның өзіне тән ерекшеліктеріне және партияның коммунизм құрылысындағы жетекшілік роль атқаруына тікелей байланысты. Ал бұл ұштастыру шаруашылық міндеттерді шешуге әрдайым саяси тұрғыдан қарауды талап етеді. Мұның мәнісі—ең алдымен мемлекеттік тәртіпті қатан сақтау, жалпы қоғамдық мүдделерді бәрінен де жоғары

ұстау, іске ведомстволық, томаға-тұйықтық, жершілдік тұрғыдан қарауға қарсы батыл күресіп отыру деген сөз.

Шаруашылықты басқару ісінде дара басшылық пен бұқараның өндірістік белсенділігін арттырудың лениндік принципі де маңызды роль атқарады. Дара басшылықтың қажеттілігі біздегі өндірістің ірі мөлшерінен келіп туатындығы мәлім. Демек, дара басшылық жұмыста иесіздік, жауапсыздық болуына жол бермейді. Бірақ дара басшылық еңбек процесінде тек бұйрық беру, жарлық жасау правосы, басшылық ету правосы ғана емес, сонымен қоса ол осы праволарды еңбекші бұқараның демократизмімен, жұртты өндірісті басқаруға кеңінен қатыстырумен міндетті түрде ұштастыру болып саналады.

Елімізде соңғы жылдары еңбекшілер бұқарасын өндірісті басқаруға онан әрі кең қатыстыру шаралары қолданылды. Соның арқасында бұл жұмыстың өрісі анағұрлым ұлғайды. Өндірісті басқаруға жұмысшылар мен қызметшілерді жаппай тартудың неғұрлым тиімді, өзін өзі ақтаған жана түрлері пайда бола бастады. Завод, фабрикаларда қоғамдық негізде құрылған конструкторлық бюролар, колхоздар мен совхоздарда экономикалық талдау топтары, бригадирлер советі, партиялық-мемлекеттік бақылау органдарына көмектесетін топтар, кәсіпорындарда техникалық информация, техникалық нормалау бюролары және басқалары жұмыс істейді. Демократияның осындай түрлері арқылы өндірістің қаймағы бұзылмаған тын резервтері ашылуда, пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер табылуда.

В. И. Ленин атап көрсеткендей, шаруашылықты социалистік жолмен жүргізудің маңызды принципіне ғылым мен техниканың жетістіктерін барынша пайдалану ісі де қосылады. КПСС лениндік нұсқауларды іске асыра отырып, ғылыми-техникалық табыстарды қоғам мүдделеріне, социалистік экономиканы мықтап дамыту мақсатына пайдаланып отырады. Соның нәтижесінде қазір Отанымыз дүние жүзілік ғылыми-техникалық прогрестің алдыңғы шебінде отыр. Әсіресе қосмосты игеру саласында қол жеткен табыстарымыздың бүкіл әлемді тандандырғаны жұртшылыққа аян.

Данышпан көсеміміздің жинаққа енгізілген шығармаларында қызметкерлерді өз еңбегінің нәтижесіне материалдық жағынан ынталандыру және оны моральдық көтермелеумен ұштастыру мәселелері теориялық тұрғыдан терең негізделген. Коммунизмді, деді ол, энтузиазмнің тікелей өзіне сүйеніп емес, қайта ұлы революция туғызған энтузиазмнің көмегі арқылы, жеке адамның мүддесіне, жеке адамның ынталануына, шаруашылық есепке сүйене отырып құру керек.

Материалдық ынталандыру қоғамдық өнімді еңбекке қарай бөлудің социалистік принципіне негізделеді. Ал еңбекке қарай бөлу өндірісті дамытып жетілдіруге еңбеккерлерді материалдық жағынан ынталандырады. Сайып келгенде мұның өзі еңбек өнімділігін еселеп арттыруға мүмкіндік туғызады. Моральдық көтермелеудің де маңызы зор. Өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік орнаған, адамның адамды қанауы жойылған социализм жағдайы моральдық көтермелеудің сан қилы түрлерін қолдануға жол ашады. Елімізде коммунистік еңбек жолындағы қуатты қозғалыстың барған сайын кең канат жаюы еңбекшілердің моральдық ынтасының өсіп отырғанын сипаттайды.

Материалдық ынталандыру, моральдық көтермелеу жөніндегі лениндік идеялар КПСС Программасында онан әрі творчестволықпен дамытыла түсті. «Коммунизм құрылысы процесінде, — делінген онда, — шаруашылыққа басшылық ету өндірістің жоғары көрсеткіштерін материалдық және моральдық жағынан көтермелеп отыруға сүйенеді. Еңбекке деген материалдық және моральдық көтермелеуді дұрыс ұштастырып отыру — коммунизм жолындағы күресте жасампаз ұлы күш. Коммунизмге қарай алға басқан сайын еңбекке деген моральдық көтерме-

леудің маңызы, қол жеткен нәтижелерді қоғамның тануының, жалпы халықтық іс үшін әркімнің жауапты екенін сезудің маңызы барған сайын арта түседі». Қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандыру мәселесіне әсіресе КПСС Орталық Комитетінің биылғы март Пленумы айрықша назар аударды, бұл жөніндегі лениндік принциптерді қатан сақтау шараларын белгіледі.

Жинақтағы материалдардың бірсыпырасында Отанымыздың қуатын арттырып, қорғаныс қабілетін күшейтудің түп қазығы — ауыр өнеркәсіпті басымырақ өркендету, өндірісті дамытудағы кәсіподақтардың алатын орны, халықтың тұрмыс күйін жақсарту беру, озат тәжірибені жинақтап қорыту, оны қалың жұртшылықтың игілігіне айналдыру, басшы шаруашылық қызметкерлерін іріктеп алу, орналастыру, тәрбиелеу, олардың саяси-моральдық бейнесі сияқты толып жатқан мәселелер қамтылады.

Жинақтағы материалдардан Лениннің ел экономикасын социалистік негізде өрге бастыруға байланысты мәселелерді терең ой сарабына салып, жан-жақты талдап, ғылыми қағидалар жасауға орасан зор еңбек сіңіргенін айқын көреміз. Сонымен қатар ол осындай мәңгі өшпес еңбек жасау үстінде эсерлердің, меньшевиктердің, оппортунистердің және өзге де антипартиялық топтардың, түрлі түсті ағымдардың жанталасқан қарсылықтарын күл-талқан етіп, маркстік экономикалық теорияның тазалығын мықтап қорғады.

Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізудің лениндік принциптерін КПСС, сондай-ақ социалистік системадағы басқа елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары дәйекті түрде творчестволықпен қолданып, оны ілгері дамытып келеді. Шаруашылық саласындағы лениндік принциптердің ғылымға негізделіп жасалғанын, оның дұрыстығын өмір тәжірибесі дәлелдеп берді. Бұған СССР-дің және халықтық демократия елдерінің социалистік және коммунистік құрылыстағы практикасы, олардың экономикада қол жеткен тамаша табыстары толық айғақ.

В. И. Ленин шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу туралы айта отырып, экономика саласында әрбір еңбекші үшін терең білім қажет, халық шаруашылығында экономикалық тетіктерді шебер қолдана білу керек деп үйретті. 1918 жылы жазған «Біздің газеттеріміздің сипаты туралы» деген мақаласында: «Экономика жайында көбірек жазу керек. Бірақ «жалпы» пайымдаулар... сияқты бос сөздер мағынасындағы экономика емес... бізге жаңа өмірдің шын құрылысының фактілерін салыстыру, ұқыпты түрде тексеру және зерттеу мағынасындағы экономика керек» деді ол (Шығармалар, 28-том, 85—86-беттер).

Партия Ленин өсиетін орындай отырып, кадрлардан маркстік-лениндік экономикалық теорияны терең оқып үйренуді талап етеді. Бұл ретте «В. И. Ленин шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу принциптері туралы» деген жинақтың маңызы ерекше. Осы кітаптан партия, совет, кәсіподақ, комсомол активі, шаруашылық басшылары, жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер, колхозшылар шаруашылықты жүргізудің, басқарудың әдістері, тәсілдері жайында өздеріне қажетті қағидалардың қандайын болса да таба алады.

З. АЙТМАҒАМБЕТОВ.

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТ ЖӘНЕ ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аудандық газеттер — совет баспасөзінің жауынгер отряды. Ол — күнделікті ұйымдастыру және саяси жұмыста партия комитеттерінің сенімді көмекшісі, арқа сүйер тірегі. Аудандық баспасөздің негізгі бір артықшылығы — ол жергілікті жерге бір табан жақын, колхоздар мен совхоздардың, бригадалар мен фермалардың, цехтар мен құрылыстардың өмірімен біте қайнасқан.

Аудандық партия комитеттерінің қайтадан қалпына келтірілуі аудандық газеттердің шаруашылық және мәдени құрылыстағы ролін көтерді. Қазір біздің республикамыздың барлық ауданында газет бар. Бұлардың көпшілігі іскер, тәжірибелі журналистермен нығайтылды. Аудандық партия комитеттері өз органдарының идеялық-саяси мазмұнын жақсартуға, олардың қазіргі талап дәрежесінде шығарылуына басшылық жасап, бағыт сілтеп отыр.

Аудандық баспасөздің бүгінгі таңдағы басты міндеті — ауыл шаруашылығын өркендету мәселелерін байыпты да терең жазу, колхоз-совхоз өндірісіндегі жақсылық, жаңалық атаулыны тез іліп әкетіп, қалың көпшіліктің игілігіне айналдыру, жұмыстағы кемшіліктерді батыл сынап отыру. Сондай-ақ мәдени құрылыстың, коммунистік тәрбиенің көкейтесті мәселелерінен аудандық газет тыс қала алмайды.

Бұл абыройлы міндетін ойдағыдай орындау үшін аудандық газет редакциялары авторлармен, ауыл-село тілшілерімен байланысын күшейтіп, өзінің әрбір номерінде қызықты, мазмұнды материалдарды мол жариялап отыруға тиіс. Мақалаларға, корреспонденцияларға, хат-хабарларға, фотосуреттерге қатаң талап қойып, олардың ең тәуірлерін ғана іріктеп, екшеп басқан жөн. Қолға түскен материалды талғамай жариялай салу, газет беттерін көрінген нәрсемен толтыру — өз жауапкершілігін ұмытқан, оқушылардың өскелең талап-тілегімен санаспаған, өмірден кенже қалған журналистің ісі. Рейдтер, жұртшылық байқаулары, тілші постары тәрізді бұқаралық жұмыстың сыннан өткен әдістері мен түрлері — аудандық баспасөзді жетілдіре түсудің тиімді жолдары.

Аудандық газеттердің жауапты да абзал борышы — партия тұрмысын, партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмысын іскерлікпен жазып отыру. Жасыратыны жоқ, соңғы уақытқа дейін төменгі баспасөзде партия тақырыбына, партия тұрмысына жеткілікті көңіл бөлінбеді, тіпті кейбір редакцияларда партия тұрмысы бөлімі болмады да. Мұның себебін басшы партия органдарының өндірістік принцип бойынша құрылуынан іздеу керек. Енді бірыңғай облыстық, өлкелік партия ұйымдары жұмыс істеп, аудандық партия комитеттері қалпына келтірілгеннен кейін жергілікті газеттерде партия тұрмысы мәселелерін байыпты жазуға мүмкіншілік туды. Партия тұрмысы бөлімдерінің маңызы артты.

КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь, март Пленумдарының шешімдерін орындай отырып, партия ұйымдары өз жұмысын қазіргі талапқа сай қайта құруда, партиялық басшылықтың әдістері мен түрлерін жетілдіруде. Міне мұндай жақсылық нышан жергілікті газет беттерінен айқын көрінуге тиіс. Партия органдарының, бастауыш партия ұйымдарының жан-жақты өмірін баяндай отырып, газеттер коммунистердің өндірістегі және қоғамдық өмірдегі жетекшілік ролін, партия ұйымдарының еңбекшілермен байланысын кеңінен көрсететін болуы керек. Бұқараға саяси басшылықтың тәжірибесін, адамдармен жұмыс істеу тәжірибесін тарату да құрметті парыз.

Әңгіме тек партия ұйымдарында істелген істерді, жаңалықтарды хабарлауда ғана емес. Әрине, партия тұрмысының соны хабарлары да керек. Бірақ негізгі мақсаттың өзі фактілерді, құбылыстарды мұқият зерттеп, сарапқа салу, қорыту, жұртшылықтың назарын партиялық құрылыстың өзекті мәселелеріне аудару. Партия тақырыбындағы материалдарды тартымды, мазмұнды етіп беру — баспасөз қызметкерлеріне қойылатын басты талаптардың бірі.

Қайсыбір редакциялар «Партия тұрмысы» деген рубрикамен жиналыстардың, пленумдардың, конференциялардың есептерін жарияласақ, партия оқуы жайындағы хабарларды ұсынсақ, жетіп жатыр деп ойлайтын сияқты. Жасыратыны жоқ, бірқатар газеттерде партия тұрмысы тап осыдан аса алмай жүр. Ал бұл — үлкен ағаттық. Шаруашылық құрылысқа партия басшылығын жақсарту, партия ұйымдарының идеологиялық жұмысы, партия комитеттері қызметінің стилі сияқты мәселелерді жүйелі түрде жазып, партия тұрмысының түйінді проблемаларын көтерген, қатардағы коммунистердің ойлары мен ұсыныстарын көпшілік игілігіне айналдырған баспасөз органдарының шоқтығы биік.

Жақында Алматыда партия тақырыбына жазатын журналистердің республикалық семинары өткізілді. Оны ұйымдастырған Қазақстан журналистер одағы. Семинардың жұмысына аудандық, қалалық, облыстық және өлкелік газеттердің 140-тай қызметкері қатысты. Семинарға қатысушылар партия тұрмысын жүйелі де терең жазу тәңірегінде бірнеше баяндама тыңдап, өзара пікір алысты, бұл маңызды тақырыпты баяндаудағы жетістік, кемшілікті сарапқа салды.

Партия тұрмысын қозғауда ең алдымен аудандық газеттерге келелі міндет жүктеледі. Аудандық баспасөз партия ұйымдарының сан-салалы қызметін үзбей, кең түрде жазуға міндетті. Олардың жұмыс тәжірибесін жинақтап қорыту, насихаттау, шаруашылыққа партия басшылығының жайын әрқашан назарда ұстау — аудандық баспасөздің төл ісі. Партия тақырыбындағы материалдар аудандық газеттің әрбір номерінен орын алуға тиіс. Бұл үшін газетке бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын, партия тобының жетекшілерін, партбюро мүшелерін, насихатшыларды, үгітшілерді, лекторларды, қатардағы коммунистерді белсене қатыстырудың пайдасы үлкен.

Соңғы уақытта республикамыздың көптеген аудандық газеттері партия тақырыбына шұғыл бет бұрыс жасады. Бұл түсінікті де. КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь Пленумдарынан кейін облыстық және аудандық буын қайта құрылды. Енді төменгі баспасөз жаңа жағдайдағы партиялық-саяси жұмысты, кейінгі кезде партия ұйымдарының тіршілігінде болған елеулі өзгерістерді зерттеп жаза бастады.

Міне біздің алдымызда үш аудандық газет жатыр. Олар: Қызылту аудандық (Көкшетау облысы) «Қызыл ту», Жанкелдин аудандық (Қостанай облысы) «Жаңа әмір», Сайрам аудандық (Шымкент облысы) «Еңбек туы» газеттері. Осы аудандық газеттердің алты айлық тікпелерін ақтарғанда бірден көзге шалынатын нәрсе — «Партия тұрмысы» деген рубриканың тұрақты беріліп отырмайтындығы. Бір айда бір-екі рет көрініп, енді бір айда рубриканың зым-зия жоқ болып кететін жәйттері баршылық. Әрине, бұл жақсы емес. «Партия тұрмысы» деген рубрика күн сайынғы номерден түспеуге тиіс.

Аталған газеттерде партия тақырыбына берілген материалдарды оқығанда жалпылама баяндау, үстірттік, саяздық, мәселенің байыбына бармау сарыны байқалады. Осы үш аудандық газеттің үшеуінің де «Партия тұрмысы» рубрикасымен берілген материалдарының тақырыбы тапшы, мазмұны жүдеу. Қайсы бір мақалалар мен корреспонденциялардың тілі жұтаң, стилі олпы-солпы. Партия тұрмысының қаншама қызық-қызық тақырыбы, өткір де ұтымды мәселесі бар?! Бірақ аталған газеттерден мұны аз кездестіресің. Сол сияқты алуан түрлі газет жанрларынан партия тұрмысы бөлімі қағажу қалып келеді. Партия қызметкерлері туралы, үгітшілер мен насихатшылар туралы очерктер, әңгімелер, суреттемелер атымен жоқ. Мұның себебі неде? Әлде қаламы жүйрік журналистер, авторлар жоқ па? Олай десек қателесеміз. Аталған газеттердің бәрінде де тәп-тауір очерктерімен, суреттемелерімен көрініп жүрген қаламгерлер бар. Амал не, олар партия тақырыбына қалам тартқан емес.

Газеттерден қатардағы коммунистердің мақалаларын табу қиын. Шынында партия мүшелері мен кандидаттарының өздерін қатты толғантқан жайлар жөнінде ойлы пікір айтатын, келелі ұсыныстарын ортаға салатын трибунасы — осы аудандық баспасөз. Ал біз қарап шыққан газеттерден уставтық міндеттер, партия мүшесінің жоғары атағы, коммунистің моральдық бейнесі жайлы материалдар іздесең емге табылмайды. Тіпті «Правда» бетінде басталған коммунистің жеке басының жауапкершілігі, коммунистің беделі туралы үлкен әңгіме де жергілікті жердегі журналистерге ой салған жоқ.

Қызылту, Жанкелдин, Сайрам аудандық газеттерінен партия ұйымдарының саяси-тәрбие, ұйымдастыру-бұқаралық жұмысындағы кемшіліктерді, бос мақтаншақтықты, даурықпа айқайды, қағазбастылықты, мәжілісқұмарлықты өткір түйрейдін материалдар некен-саяқ. Ішкі партиялық жұмыстың ойланып-толғанарлық мәселелеріне бұл газеттер тереңдеп бара бермейді. Партиялық тәртіптің жайы, коммунистердің КПСС Уставы талаптарын бұлжытпай орындап отыруы, тапсырылған іске жауапкершілігі, коммунистік моральдың принциптерін сақтау, адамдар арасындағы саяси жұмыс, партия оқуы, коммунистерді идеялық жағынан шыңдау сияқты ішкі партиялық, идеологиялық жұмыс салалары — аудандық баспасөздің күнделікті жазып отыратын түбегейлі тақырыптары.

Мысалы, партия жиналыстарын алайық. Партия жиналыстары — коммунистер мен партияда жоқтарды тәрбиелеу мектебі. Жақында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Павлодар облысының бастауыш ұйымдарында партия жиналыстарын әзірлеу және өткізу практикасы туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда көптеген бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарды әзірліксіз, қалай болса солай өткізетіні, жиналыстардың ролі мен маңызын жете бағаламайтыны атап көрсетілді. Аудандық газеттер партия жиналыстарын әзірлеу мен өткізу, олардың ролін көтеру саласындағы материалдарды жиі-жиі жариялайтын болса, нұр үстіне нұр.

Біз үш аудандық газеттің партия тұрмысын жазудағы басты кемшіліктерін айттық. Алайда бұлардың беттерінде іліп алар түк жоқ екен деген ұғым тумасқа керек. Партия тақырыбына Қызылту аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің органы «Қызыл ту» газеті (редакторы А. Темірбаев) бірсыпыра материал арнады. Мәселен, газеттің осы жылғы 12 июнь күнгі номерінде жарияланған «Партия сөзінің құдіреті» деген мақала тәуір. Мақаланың авторы аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің мәңгерушісі Э. Әбішев жолдас совхоз бастауыш партия

ұйымдарының үгіт-көпшілік жұмысына, қабырға газеттеріне, сатиралық листоктарға талдау жасайды, лениндік идеяларды еңбекшілерге жалықпай түсіндіріп жүрген үгітшілерді үлгі етеді. Мысалы, КПСС XXII съезі атындағы совхоз партия ұйымының үгітшісі Д. Гросстың тәжірибесі мақалада кең талданады. Автор былай деп жазады: «Екінші трактор-егіс бригадасының бригадирі, коммунист үгітші Давид Гросс ұйымдастыру және саяси жұмысын тығыз ұштастыра біледі. Ол өндірістен кемшілік байқай қалса механизаторлардың бас қосып отырған уақытында міндетті түрде әңгіме қозғайды. Кемшіліктің негізгі себебін ашады және оны жоюдың жолын іздестіреді. Д. Х. Гросс үгіт жұмысын жүргізгенде механизаторлармен жеке-жеке әңгімелесуге, социалистік жарыстың қорытындысын шығаруға ерекше мән береді».

Ал аудандық партия комитетінің нұсқаушысы Қ. Хасенов жолдастың мақаласында Карл Маркс атындағы совхоз партия ұйымы жүргізген саяси-бұқаралық жұмыстың жетістіктері ортаға салынады. Автор әсіресе совхоз бригадаларында құрылған партия топтарының тәжірибесі туралы жылы лебізбен жазады, қос басындағы үгітшілер әңгімесінің мазмұнын түсіндіреді, совхоз радио торабының игі істерін тізеді.

Сайрам аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің органы «Еңбек туы» (редакторы С. Бабенко) газетінде бастауыш партия ұйымының секретарьлары жиі сөйлейді. Биылдың өзінде бірнеше секретарьдың мақаласы басылды. Бұған «Түлкібас» совхозы партия ұйымының секретары С. Әлібаевтың «Коммунистер қатары озаттар есебінен өсуде», Ленин атындағы колхоз партия ұйымының секретары Н. Юлдашевтың «Жаңа асуларға», Састөбе цемент заводы партия ұйымының секретары П. Михеевтің «Коммунистік еңбек заводы атанады», «Правда» колхозы партия ұйымының секретары Р. Ақынбековтың «Жарыс және өзара тексеру» деген мақалалары дәлел. Бірақ осы мақалалардың елеулі кемшілігі—бұларда партия ұйымының саяси-ұйымдастыру жұмысынан гөрі колхоз, совхоздардың шаруашылық табыстары, өндірістік көрсеткіштер, науқан міндеттері көбірек сөз болады. Кейбіреулерінің шаруашылық басшысының сөзінен айырмашылығы шамалы.

«Еңбек туы» газеті биылғы июнь айының басында «Партия қызметкерінің трибунасы» деген рубрика ашты. Онда аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі З. Ұбайдуллаев жолдастың «Партиялық топтарды тірек етейік» деген мақаласы жарияланды. Амал не, осы жап-жақсы рубрика кейінгі кезде көрінбей кетті. Аудандық газет редакцияларының міндеті—партия тұрмысының өзекті мәселелерінен тың тақырыптар көтеріп, ұтымды рубрикалар ойлап, таба білу.

Жанкелдин аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің органы «Жаңа өмір» (редакторы С. Әсіпов) газеті партия тұрмысын жазуға орашалақ. Өткен алты айдың ішінде «Партия тұрмысы» рубрикасының оқта-текте қылан беруі—мұның айқын айғағы. Соның өзінде жеке мақалалар мен корреспонденциялардың сапасы төмен, партия тақырыбын жетік біліп, зерттеп жазу жағы жетіспейді. Мысалға «Жаңа өмір» газетінде үстіміздегі жылы 13 майда жарияланған «Коммунистер алдыңғы сапта болады» деген мақаланы оқып көрелік. Мақаланың авторы—«Қызыл әскер» совхозы партия ұйымының секретары Т. Ғапбасов жолдас. Мақаланың бас тақырыбына қарап совхоз коммунистерінің өндірістегі жетекшілік ролі, өнегелі ісі сөз болады екен деп ойлап қаласың. Бірақ олай емес. «Коммунистер Ж. Бекмағамбетов пен Ә. Жәлеповтар қой қыркудың тамаша шеберлері». Міне мақалада келтірілген бар факт осы. Қалғаны—«істеліп жатыр», «мәдени қызмет көрсету жайы жан-жақты ойластырылды», «жауынгерлік листоктар шығарылып тұрады», «бар күш жауапты науқанды тез және жемісті өткізуге жұмсалады», «қашанда жауапты науқан басында ауыл коммунистері жүреді» деген жалпылама сөз, жадағай пікір ғана.

«Жаңа өмір» газеті биылғы 28 январьдағы номерінде «Жас коммунистерді тәрбиелеу—жауапты іс» деген сын мақала басты. Мақалада «Албарбөгет» совхозы партия комитетінің оның секретары Ш. Биекиннің жас коммунистерді тәрбиелеудегі кемшіліктері қатан сыналып, нақты фактілер келтірілді. Ал көп ұзамай редакция өзінің осы сынын ұмытып кетті, осы тақырыптан Ш. Биекинге қайта сөз берді. «Уставтық талап—коммунистік өмір заңы» деген мақаласында (31 март) ол жас коммунистерді тәрбиелеудегі кемшіліктерді бүгін қалып, партия ұйымының жұмысын күнгей жағынан ғана көрсетті. Бұл мақаланы оқығанда совхоз партия ұйымының жұмысындағы бар кемшілік—бір-екі коммунистің мүшелік жарнаны кешігіп төлеуі, жиналысқа қатыспауы болып шықты. Бұл сонда редакцияның өз сынына мән бермегені ме, әлде оқушыны адастырарлық бір-біріне қайшы пікірлер айтуға еті үйреніп кеткені ме?!

Сонғы кезде аудандық партия комитеттері КПСС Уставының талаптарынан туатын ішкі партиялық жұмыстың жеке түйінді мәселелерін пленумдарда, бюро мәжілістерінде жиі-жиі талқылап отыратын болды. Ал бұлар—газеттерге таптырмайтын тақырып. Мәселен, Қызылту аудандық партия комитеті өзінің биылғы апрель айында өткізілген кезекті пленумында «Партия қатарының өсуі және жас коммунистерді тәрбиелеу туралы» мәселе қаралды. «Қызыл ту» газеті осы пленумның толық есебін басты. Соны оқып шыққанда аудандық газет көтеретін тақырыптардың өрісі қаншалықты кең екеніне көзін жетеді. Алайда «Қызыл ту» газеті осы пленумнан кейін партия қатарының өсуі мен жас коммунистерді тәрбиелеу тақырыбына мүлдем оралған жоқ. Тіпті редакция орайып келген мүмкіндікті де пайдаланып қалмады. Аудандық комитет пленумында қарт коммунист Имак Тоқпанов басқаратын штаттан тыс комиссияның партия қатарына адам қа-

былдаудағы игілікті істері атап көрсетілді. Ал И. Тоқпанов болса, аудандық газеттің қоғамдық тілшісі. Бірақ оның мақаласын газет бетінен көре алмадық.

Аталған үш газеттің үшеуі де партия тұрмысы мәселелері жайында бас мақалаларды сирек жариялайды. Жарты жыл ішінде көзге түскені бір-екі-ақ бас мақала. Ал «Жаңа өмір» газеті партия тақырыбына осы уақыт ішінде бірде-бір бас мақала берген емес.

Аудандық газеттердің ендігі бір ескермей келе жатқаны — комсомол ұйымдарының жұмысы, жастар тәрбиесі. Бұл жөнінде газет оқушылары мен авторларының өздері де үлкен мін таққан. Мәселен, биылғы баспасөз мерекесі күні Жанкелдин аудандық комсомол комитетінің секретары Қ. Сүлейменова комсомолец-жастардың өмірі, комсомол ұйымдарының жұмысы аз жазылады деп аудандық газетке өкпе айтты. Рас, «Қызыл ту», «Жаңа өмір» газеттерінің комсомолға партия басшылығын жақсарту туралы берген дербес редакциялық мақалалары бар. Бірақ осындағы басты кемістік — жастарға идеялық-саяси тәрбие беру жайынан бір ауыз сөз жоқ.

Қазіргі уақытта Коммунистік партия Ленин комсомолының алдына совет жастарын Отанға берілгендік, коммунизм идеялары, аға ұрпақтың ерлік істерін қадір тұту, халқымыз бен партияның революциялық дәстүрлерін алға апару рухында, буржуазиялық идеологияның көріністеріне төзбеу рухында тәрбиелеу міндетін қойып отыр.

Аудандық газеттердің идеялық-саяси мазмұнының жақсаруы — ең алдымен партия комитеттерінің басшылығына байланысты. Партия комитеттері тек редакциялардың жұмыс жоспарларын бекітумен шектелмей, олардың аппаратын іскер, тәжірибелі журналистермен нығайтуы, газет мазмұнын жақсарту қамын ойлап, баспасөз сынын қолдап отыруы керек.

Бірақ кейбір газеттерді қарастырғанда партия комитеттерінің өз органдарына зер салмайтындығы, олардың жұмысындағы кемшіліктерге төзіп отыра беретіндігі байқалады. Бұған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Жоғарыда айтылған «Жаңа өмір» газетін атасақ жеткілікті. «Жаңа өмір» газетінің партия тұрмысын қанағаттанғысыз жазуы былай тұрсын, оның беттері кейде сүреңсіз, ортақол материалдармен немесе КазТАГ хабарларымен толтырылады. Аудан өмірін, партия тұрмысын жазуға газет бетін үнемдеп пайдаланудың орнына «Жаңа өмірдегі» жолдастар шикілі-пісілі поэмаларды, әңгімелерді көп басады.

Редакцияның авторлар активімен, ауыл-село тілшілерімен байланысы нашар. «Жаңа өмірдің» көп номерлері редакция қызметкерлерінің мақала, хабарларымен шығып жатады. Сол себепті олар бүркеншік ат қоюға үйір. Газет бетінде «С. Бекұлы, С. Шаңұлы, Е. Арманов, Мейір Зада, Әмір Ханов» деген бүркеншік аттар жиі ұшырайды.

Ал Жанкелдин аудандық газетінің орысшасының («Новая жизнь») беттерінен аудан өмірі жайлы хат-хабарларды, мақалаларды сирек оқисың. Ол негізінен ресми материалдармен шығады. Биылғы бірнеше номерінде (№ 4, 22, 23, 35, 53) аудан өмірінен ең болмаса бір хабар жоқ. Бәрі ТАСС-тың, КазТАГ-тың елімізден, республикамыздан берген әртүрлі материалдары. «Новая жизнь» газеті В. Брейнхолстың «Әке болу да өнер» деген кітабынан бірнеше номеріне құлаш-құлаш үзінді басты. Осыларды көргенде Жанкелдин аудандық партия комитетінің қызметкерлері өз газетін оқымайтын шығар деген ойға келесің.

Аудандық газеттер — партиямыздың аса маңызды идеялық қаруы. Сондықтан партия комитеттері аудандық баспасөзге күнделікті қамқорлық жасап, оның шаруашылық пен мәдени құрылыстағы, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудегі ролін арттыра беруге тиіс.

Аудандық газет редакцияларының коллективтері партия тұрмысын жан-жақты аяқын әрі жатық баяндайтын болуы керек. КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы жергілікті баспасөздің алдына да шұғыл міндеттер қойды. Сондықтан партиялық-ұйымдастыру, идеологиялық жұмыстағы өнерелі, пайдалы құбылыстарды дер кезінде байқап, бастауыш партия ұйымдарының жақсы тәжірибелерін қорытып, кемшіліктерін өткір сынға алу — аудандық баспасөздің қазіргі таңдағы абыройлы борышы.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

УГ00544
Заказ № 4335
Тираж 25892

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, Қ. Меңдібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар: редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

6/VIІІ-1965 жылы басуға қол қойылды, қар. 70×108^{1/16} 2,5 қар. — 6,85 авт. табак

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы.

Бағасы 20 тиын

Индекс 75738